

**ҚР ЕЖ 3.02-101-2012\***

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҒИМАРАТТАР  
ЗДАНИЯ ЖИЛЫЕ МНОГОКВАРТИРНЫЕ**

---

**ҚР ЕЖ 3.02-101-2012\*  
СП РК 3.02-101-2012\***

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп құрылыс министрлігі  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері  
комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального  
хозяйства Министерства промышленности и строительства  
Республики Казахстан**

**Астана 2025**

## АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2. **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің техникалық және лингвистикалық тексеру жүргізу тапсырмасына (2016 жылғы 7 қарашадағы № 38-02-5-1542 хаты) сәйкес құжат мәтіні өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 01.03.2016 жылғы №59-НҚ, 10.10.2016 жылғы №138-НҚ, 20.02.2018 жылғы №37-НҚ, 05.03.2018 жылғы №45-НҚ, 01.08.2018 жылғы №171-НҚ, 15.11.2018 жылғы №235-НҚ, 01.04.2019 жылғы №46-НҚ, 02.09.2019 жылғы №129-НҚ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 29 қазандағы №173-НҚ, 2019 жылғы 27 қарашадағы №194-НҚ, 10.01.2020 жылғы №7-НҚ, 2020 жылғы 21 сәуірдегі №63-НҚ, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №201-НҚ, 2021 жылғы 22 ақпандағы №20-НҚ, 2021 жылғы 27 сәуірдегі №54-НҚ, және 2021 жылғы 12 тамыздағы №120-НҚ, 2022 жылғы 08 маусымдағы №115-НҚ, 2022 жылғы 29 маусымдағы №133-НҚ, 2022 жылғы 19 шілдедегі №151-НҚ, 2022 жылғы 28 қыркүйектегі №189-НҚ, 2023 жылғы 1 наурыздағы №32-НҚ, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2025 жылғы 29 мамырдағы №81-НҚ, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №176-НҚ бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР ӨҚМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2024 жылғы 12 қыркүйектегі №21-05-21/2206-И хатына сәйкес нормативтің мәтініне редакциялық түзетулер енгізілді.

ҚР ӨҚМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2024 жылғы 20 қарашадағы №21-05-21/2846-И хатына сәйкес 4.2.21, 4.4.3.1-1, 4.6.5, 4.7.4.18 тармақтарға редакциялық түзетулер енгізілді.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

1. **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2. **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3. **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Текст документа откорректирован в соответствии с поручением Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан (письмо № 38-02-5-1542 от 7 ноября 2016 года) по технической и лингвистической проверке

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан №59-НҚ от 01.03.2016 года, №138-НҚ от 10.10.2016 года, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан №37-НҚ от 20.02.2018 года, №45-НҚ от 05.03.2018 года, №171-НҚ от 01.08.2018 года, №235-НҚ от 15.11.2018 года, №46-НҚ от 01.04.2019 года, №129-НҚ от 02.09.2019 года, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 29 октября 2019 года №173-НҚ, от 27 ноября 2019 года №194-НҚ, от 10.01.2020 года №7-НҚ, от 21 апреля 2020 года №63-НҚ, от 31 декабря 2020 года №201-НҚ, от 22 февраля 2021 года №20-НҚ, от 27 апреля 2021 года №54-НҚ и от 12 августа 2021 года №120-НҚ, от 08 июня 2022 года №115-НҚ, от 29 июня 2022 года №133-НҚ, от 19 июля 2022 года №151-НҚ, от 28 сентября 2022 года №189-НҚ, от 1 марта 2023 года №32-НҚ, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 29 мая 2025 года №81-НҚ, от 31 декабря 2025 года №176-НҚ.

В текст норматива внесены редакционные правки в соответствии с письмом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства МПС РК от 12 сентября 2024 года № 21-05-21/2206-И.

В пункты 4.2.21, 4.4.3.1-1, 4.6.5, 4.7.4.18 внесены редакционные правки в соответствии с письмом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства МПС РК от 20 ноября 2024 года № 21-05-21/2846-И.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан / Жарыбаева З. А.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	VII
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ .....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	2
4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР .....	4
4.1 Негізгі ережелер.....	4
4.2 Өрт қауіпсіздігі .....	9
4.3 Жер телімін жоспарлау.....	15
4.4 Көлемдік-жоспарлық шешімдер .....	16
4.4.1 Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары негізгі түрлерінің құрылымы .....	16
4.4.2 Үй-жайлардың кіреберіс топтары.....	18
4.4.3 Коммуникациялық кеңістіктер .....	20
4.4.4 Пәтердегі кеңістік.....	24
4.4.5 Ғимараттар мен пәтерлердің қосалқы пайдалану үй-жайлары.....	28
4.4.6 Қоғамдық мақсаттағы, тұрғын үй ғимараттарына кіріктірілме және кіріктірілме- жапсарлас үй-жайлар.....	29
4.4.7 Тұрақтар (паркингтер).....	30
4.4.8 Шудан қорғау .....	31
4.4.9 Пайдалану кезінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету .....	33
4.4.10 Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету.....	35
4.5 Конструктивтік шешімдер.....	37
4.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділік .....	38
4.7 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау.....	39
4.7.1 Жылыту, желдету, ауа баптау және газбен жабдықтау .....	39
4.7.2 Сумен қамту және кәріз желілері .....	41
4.7.3 Электр құрылғылары мен электр қондырғылары .....	42
4.7.4 Автоматика, байланыс және сигналзация .....	43
4.7.5 Қоқыстарды шығару .....	47
4.7.6 Қоршаған ортаны қорғау .....	50
5 ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ .....	52
5.1 Энергия тұтынуды азайту.....	52
5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану .....	52
6 ПӘТЕРЛІК ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ .....	54
6.1 Газ отынындағы жылу генераторларына (пәтердегі қабырғалық газ қазандықтарына) қойылатын талаптар. ....	54
6.2. Газ отынындағы жылу генераторларын (пәтердегі қабырғалық газ қазандықтарын) орналастыру. ....	55
6.3. Жануға ауа беру және жану өнімдерін шығару.....	55
6.4 Электрмен жабдықтау және автоматтандыру.....	58
А қосымшасы (міндетті) Үй-жайлардың ауданын, құрылыстардың ауданын, қабатын және ғимараттың құрылыс көлемін анықтау ережелері .....	59
Б қосымшасы (ақпараттық) Жолаушылар лифтілерінің ең төменгі қажетті санын және сипаттамаларын анықтау ережелері .....	61

В қосымшасы (міндетті) Тұрғын үй ғимаратындағы қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар .....	62
Г қосымшасы (ақпараттық) Тұрғын үй ғимараттары жайларындағы ауаның есептік параметрлері және ауа алмасу жиілігі .....	74

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан/Жарыбаева З. А.

## КІРІСПЕ

Осы құжат құрылыс саласын аймақтық және әлемдік әлеуметтік-экономикалық жүйеге біріктіруге бағытталған нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасы құрылыс саласының нормативтік базасы реформасы шегінде әзірленген.

Осы құрылыс ережесі көп пәтерлі тұрғын ғимараттарына қолданылатын «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы ережелер ҚР ЕЖ «Көп пәтерлі тұрғын ғимараттары» жұмыс сипаттамаларының талаптарына қойылатын қолайлы шешімдерді белгілейді, алайда оларды орындаудың бірден-бір әдісі болып табылмайды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҒИМАРАТТАР**

**ЗДАНИЯ ЖИЛЫЕ МНОГОКВАРТИРНЫЕ**

---

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы ережелер жинағы қайта салынатын және қайта жаңартылатын биіктігі 75 м дейінгі көп пәтерлі тұрғын үйлер ғимараттарын, пәтер типтес жатақханаларды, сондай-ақ басқа функционалдық мақсаттағы ғимараттар жайларының құрамына кіретін ұзақ уақыт тұратын тұрғын үй жайларын жобалауға және салуға қолайлы шешімдерді белгілейді.

1.2 Осы ережелер жинағы мыналарды жобалауға таратылмайды:

- мемлекеттік әлеуметтік тұрғын үйлерді;
- мүгедектігі бар адамдарға арналған мамандандырылған ғимараттарды, сондай-ақ мүгедек-балаларға арналған үйлер мен интернаттарды;
- бір пәтерлі тұрғын үйлерді;
- оқшауландырылған үйлерді, дербес болып табылатын тұрғын үй блоктарын;
- қонақ үйлерді;
- құрылыс қажеттіліктеріне арналған мобилдік және түгендемелік тұрғын үй ғимараттарын;
- үй салуды индустрияландыру кезеңінде тұрғын үйлерді жаңғыртуға.

1.3 Осы ереже меншік нысаны әртүрлі тұрғын үйлерге қоныстандыру шартын, сондай-ақ тұрғын үй ғимаратына орналастырылатын тұрғын емес жайларды иелену үлгісін реттемейді.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережелер жинағын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

- ҚР ЕЖ 2.04-103-2013 Ғимараттар мен имараттарды найзағайдан қорғау құрылғысы.
- ҚР ЕЖ 2.04-104-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.
- ҚР ЕЖ 2.04-106-2012 Ғимараттың жылу қорғанысын жобалау.
- ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.
- ҚР ЕЖ 3.01-105-2013 Елді мекендердің аумағын абаттандыру.
- ҚР ЕЖ 3.02-110-2012 Мектепке дейінгі білім беру объектілері.
- ҚР ЕЖ 3.02-120-2012 Мәдени ойын-сауық мекемелері.
- ҚР ЕЖ 3.02-121-2012 Қоғамдық тамақтану объектілері.
- ҚР ЕЖ 3.02-122-2012 Бөлшек сауда кәсіпорындары.

ҚР ЕЖ 3.02-137-2013 Шатырлар мен жабындар.

ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 Ғимараттар мен имараттарды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің есебімен жобалау.

ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

\*ҚР ЕЖ 4.03-101-2013 Газ тарату жүйелері *(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 01.08.2018 жс. №171-НҚ бұйрық).*

ҚР ЕЖ 4.04-106-2013 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау ережесі.

МЕМСТ 464-79 Желі байланыстарын, радиорелелік станцияларды, желілік хабарлаудың радиотарату тораптарын және теледидарды ұжымдық қабылдау жүйелерінің қабылдағыштарын тұрақты орнату үшін жерге тұйықтаулар. Қарсылық нормалары.

МЕМСТ 25772-83 Баспалдақтар, балкондар мен болат шатырлар қоршауы. Жалпы техникалық шарттар.

Ескертпе - Осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасалатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар көрсеткіштері» және «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер, сондай-ақ, осы нысанға арналған құрылыс нормаларында келтірілген терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**3.1 Антресоль:** Ғимараттағы бөлме ауданының жоғары бөлігін бөліп тұрған және ұлғайтуға арналған ғимарат бөлмесіндегі алаң.

**3.1.1 Биіктік:** ғимараттар мен құрылыстардың тік параметрлері, олардың бөліктері немесе элементтері.

Үй-жайдың биіктігі аражабынның шығыңқы конструкцияларын есепке алмағанда таза еден мен төбелердің айырмашылығымен анықталады.

Қабаттың биіктігі (конструктивтік қабат) іргелес қабаттардағы аражабынның (еденнің немесе аражабынның қалыңдығын есепке алмағанда) белгілерінің айырмашылығымен анықталады.

Ғимараттың биіктігі техникалық және мансардтық қабатты (найзағайдан ажыратқыштарды, шатырсүмбіні есепке алмағанда) ескере отырып, жоспарланған жер белгісінің арифметикалық орташа деңгейінің және ғимараттар элементтерінің түпкілікті аяқтау деңгейіндегі (бельведерлерді, мезониндерді көру алаңдарын қоса алғанда) айырмашылықпен анықталады. Аталған элементтер болмаған жағдайда, жоғары нүкте үшін жақтаудың ең жоғары белгісін алу қажет.

Ғимараттың биіктігі (эвакуациялау және құтқару үшін) жоспарланған жер белгісінің деңгейіне және үстіңгі қабаттың (мансардтық қабатты қоса алғанда) еден деңгейіне

жоғарғы техникалық қабатын (қабаттарды) қоспағандағы айырмашылықпен анықталады. Ғимараттың биіктігі, көлбеу жер беткейлерінде орналасқан жердің жоспарлау белгісінің төменгі деңгейінің және жоғарғы қабаттың еден деңгейінен айырмашылығымен анықталады *(Толықтырылды. – ҚТҮКШК 20.02.2018 ж. №37-НҚ)*.

3.2 **Дәліздік типтегі тұрғын үй ғимараты:** Қабаттың барлық пәтерлері екі баспалдақтан кем емес ортақ ашық дәліз арқылы шығатын ғимарат.

3.3 **Қауіпсіздік аймағы:** Өрт кезінде адамдардың болуына арналған шыныланған ойықтар немесе шыныланған ойық пен жазғы жайдың шет жағы арасындағы тұтас аралық қабырға түріндегі орын.

3.4 **Тұру санаты:** Жобалау тапсырмасында белгіленген үй-жайдың габариттері мен аудандарына, пәтер жайларының құрамына, сондай-ақ инженерлік-техникалық жабдықтауға қойылатын талаптар деңгейі.

3.5 **Қоқыс жинау контейнері:** Қоқыс құбыры бағанынан қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) тікелей қабылдауға, оларды уақытша сақтауға және қоқыс тасу көлігіне, қайта жүктеу орнына жеткізуге арналған жылжымалы ауыстырылмайтын ыдыс.

3.6 **Ас үй** - текшесі (студия): Асүйлік жабдықтармен жабдықталған тұрғын үй бөлмесінің бір бөлігі.

3.7 **Лоджия-балкон:** Қасбет жазықтығынан бөлшекті шығатын және жабылатын бөлшекті кіріктірме қоршалған алаң. Шынылануы да мүмкін.

3.7.1 **Шағын габаритті тұрғын үй:** көлемдік-жоспарлау шешімдері ең аз тұрғын үй *(Толықтырылды – ҚТҮКШК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық)*.

3.7.2 **Қоқыс құбыры:** Қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдау, тігінен тасымалдау және уақытша сақтауға арналған ғимараттың инженерлік жабдықтау кешенінің құрамдас бөлігі.

3.8 **Индустриялық үй құрылысы кезеңі:** Қазақстанда 1950 жылдан бастап бой көтерген, тұрғын үйлердің көлемді блоктары және кірпіштен жасалған алынатын қабырғалары бар, 2-5 қабатты ірі панельді, толық және жартылай каркасты пәтерлер, оның ішінде ас үйге немесе жатын бөлмеге қонақ бөлме арқылы өткелдері және азайтылған аудандары бар тұрғын бөлмелер аудандары мен қосымша жайлар.

3.9 **Жердің жоспарлық белгісі:** Ғимаратты бойлай төселген жиектастардың шеттеріндегі жер деңгейі.

3.10 **Пәтерге кіріктірме телім:** Пәтерден тікелей шығу мүмкіндігі бар тұрғын ғимаратқа (пәтерге) жанасқан жер телімі.

3.11 **Жапсарлас үй-жай:** Қызметінің тұрғын ғимаратпен байланысы жоқ тұрғын жайдың төменгі қабаттарына жанасқан жеке жайлар (ғимарат тобы).

3.12 **Желдетілетін еден асты:** Бірінші жерүсті қабатының төменгі аралық жабыны және топырақтың үстіңгі беті арасындағы ғимарат астындағы ашық кеңістік.

3.13 **Жарық қалтасы:** Дәлізге жанасатын және оны жарықтандыру үшін қызмет ететін табиғи жарықты жай. Жарық қалтасының ролін дәлізден немесе ені кемінде 1,2 м шыныланған есікпен өтетін лифтілік холдан алыстатылған баспалдақ тор атқара алады.

3.14 **Жарық ойығы:** Жайды табиғи жарықтандыруға (терезе, шам, шыныланған есік және т. б.) арналған ғимараттың сыртқы қоршау конструкцияларындағы ойық (эртүрлі үлгідегі). Жайды табиғи жарықтандыруды есептеу кезінде жарық қуыстарындағы жарықта ашық жарық өткізу толтыру ауданы ескеріледі.

3.15 **Тұрғын үй секциясы:** Дәліз арқылы немесе тікелей бір баспалдақ ауданы арқылы шығу мүмкіндігіне ие пәтерлері бар (жатақхананың тұрғын үй ұяшықтары) ғимарат немесе тұрғын үй ғимаратының бір бөлігі (басқа бөліктердің бүтін қабырғамен бөлектенген).

3.16 **Қоқыс салғыш:** Қоқыс жинау камерасына орнатылған контейнерге ҚТҚ мерзімді үлестік жүктеуді тасымалдауға арналған құрылғы.

3.17 **Тамбур:** Суық ауа, түтін және иістердің енуінен қорғау үшін қызмет ететін және есіктермен шектелген, ғимаратқа немесе жайға кіруде орнатылатын өткел кеңістік.

3.18 **Терраса (тұрғын үй ғимараттарына қолданылады):** Даярланған топырақта, іргетаста немесе төмен орналасқан ғимараттың (қабаттың) пайдаланылатын шатырында орнатылатын, ғимаратқа жанасқан ашық қоршалған алаң.

3.19 **Өмір сүру деңгейі:** Тұрмыстық жайлылық, санитарлық-гигиеналық, экологиялық және эргономиялық талаптардың жиынтығы (ауа температурасы, ылғалдылық, жиһаз, жабдықтар, тұрмыстық техника және т. б.), олар белгілі класс деңгейі бойынша белгіленеді.

3.20 **Шаруашылық қоймасы (пәтерден тыс):** Тұрғын үй ғимаратының бірінші, цокольдық немесе жертөле қабаттарындағы пәтерден тыс орналасатын жарылыс қауіпті заттар мен материалдарды шектегенде, тұрмыс заттарын сақтауға арналған жай.

3.21 **Шатыр:** Жоғары қабаттың аражабыны, ғимарат жабыны (төбесі) және сыртқы қабырғалар арасындағы кеңістік.

3.22 **Техникалық қабат:** Инженерлік қондырғыларды және төсеу коммуникацияларын орналастыруға арналған қабат. Ол ғимараттың төменгі (техникалық еден асты қоймасы), жоғарғы (техникалық шатыр) немесе ортаңғы бөлігінде орналастырылуы мүмкін. Коммуникация төсемелері үшін ғана қолданылатын биіктігі 1,8 м және одан кем кеңістік (атап айтқанда, еденнен еденге немесе конструкцияның төменгі тұсына дейін). Ғимараттың қабаттылығын анықтау үшін ескерілмейді.

3.23 **Эркер:** Көлем түрінде, ішінара немесе толықтай шыныланған қасбет жазықтығынан шығатын ғимараттың ішкі кеңістігінің бір бөлігі.

## 4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

### 4.1 Негізгі ережелер

4.1.1 Тұрғын үй мақсатындағы нысандарды осы және тұрғын үй ғимараттары мен кешенді жобалауға, салуға және пайдалануға талап белгілейтін басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес орындау керек.

4.1.2 Тұрғын үйді 1-кестеге сәйкес (төменгі шек) көрсеткіштердің болуын қамтамасыз ете отырып, тұрғын үй ғимараттарының жіктемесі бойынша бөлу керек.

4.1.3 Жай ауданын, құрылыс, қабат және ғимараттың құрылыс көлемін анықтау ережесі А қосымшасында көрсетілген.

4.1.4 Соңғы, оның ішінде тұрғын үй ғимараттардың мансардты қабатында өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес өртке қарсы есіктері бар тамбурлар арқылы ғимараттың баспалдақ торының алаңына шығуды ұйымдастыру шарттарында суретшілер мен сәулетшілерге шығармашылық

шеберханаларын, сонымен бірге әрқайсысында 5 адамнан аспайтын жұмыс істеушілер саны бар кеңсе жайларын жобалауға жол беріледі.

4.1.5 Қоғамдық мақсаттағы кіріктірме және кіріктірме-жапсарлас шатыр деңгейі ғимараттың тұрғын үй бөлігіне жапсарлас орындарда жоғарыда орналасқан тұрғын үй жай едені белгілерінен, ал балкондар, лоджиялар болған жағдайда, олардың едендерінің белгілерінен аспауы тиіс.

4.1.6 Ғимараттардағы өтпелі өткелдерде ішкі пішіні бойынша әрбір 300 м сайын орналастырылатын жарық енін кемінде 3,5 м, биіктігі кемінде 4,25 м қарастыру керек.

4.1.7 Тұрғын ғимаратқа кіріктірме және кіріктірме-жапсарлас қоғамдық мақсаттағы жайлардың биіктігі оларды реконструкциялаған кезде биіктігі осы құжаттың В қосымшасында көзделген технологиялық талаптарға сәйкес ұлғайтылуы тиіс жайлардан басқа тұрғын жайлар биіктігіне тең қабылданады.

### 1\*-кесте – Тұрғын ғимараттарды сыныптау

Көрсеткіштер	Тұрғын ғимараттарды сыныптау				
	I сынып	II сынып	III сынып	IV сынып	Шағын габаритті тұрғын үй
Тұрғын алаңының 1 адамға шаққандағы көлемі	25 м <sup>2</sup> артық	25 м <sup>2</sup> дейін	18 м <sup>2</sup> дейін	15 м <sup>2</sup>	12 м <sup>2</sup> кем емес
Тұрғын үй-жайлардың еденнен бастап төбенің астына дейінгі биіктігі	3,0 м және одан артық		2,7 <sup>1)</sup> м кем емес	2,5 <sup>1)</sup> м кем емес	2,7 м артық емес 2,5 <sup>1)</sup> м кем емес
Тұрғын бөлмелердің саны	1-ден 7-ге дейін	1-ден 6-ға дейін	1, 2, 3, 4	1, 2, 3, 4	1, 2, 3, 4
Ас үй жайларының ең аз алаңы	ас үй-асхана 18 м <sup>2</sup> кем емес	ас үй 12 м <sup>2</sup> кем емес	ас үй 9 м <sup>2</sup> кем емес	ас үй 9 м <sup>2</sup> кем емес, ас үй-ниша - 6 м <sup>2</sup> кем емес; тұрғын бөлме саны 3, 4 – 12 м <sup>2</sup> арық емес	ас үй немесе ас үй-ниша – 5 м <sup>2</sup> кем емес
Жазғы үй-жайлардың (балкон, лоджия, терраса, веранда) болуы	ас үй үй-жайларын қоса алғанда бөлме саны бойынша, жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес	тұрғын бөлме саны 3,4 – 2-ден кем емес; тұрғын үй саны 1-2 – 1	1 артық емес	1 артық емес	

1\*-кесте – Тұрғын ғимараттарды сыныптау (жалғасы)

Көрсеткіштер	Тұрғын ғимараттарды сыныптау				
	I сынып	II сынып	III сынып	IV сынып	Шағын габаритті тұрғын үй
Ванна бөлмелері және санитарлық тораптар	жуынатын бөлмелер, жатын бөлмелері бар дәретханалар және 1 бөлмелі пәтерге арналған жалпы пайдалану жобалау тапсырмасымен анықталады, бірақ 1-ден кем емес . 2, 3 және 4 бөлмелі пәтерлер үшін кемінде 2 болуы тиіс.			тұрғын бөлмелердің саны 3,4 болған кезде біріккен санитарлық торап— бөлек санитарлық торап.	тұрғын бөлме саны 4 болған кезде біріктірілген санитарлық торап, — бөлек санитарлық торап
Автопаркингте, жерасты, жерүсті, жапсарлас, тұрғын үй кешеніне жапсарлас-жанастыра салынған бір пәтерге арналған тұрақ орындарының болуы	2	1	0.5		0.5*
Лифтілердің болуы	Б-қосымшаға сәйкес және лифтілерді қосымша орнатуға болады	Б-қосымшаға сәйкес			
Қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету	осы Ережелер жинағының 4.7.4-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, домофон (ішкі байланыс), сыртқы күзет бекеті, консьерж, пәтерлерге арналған электрондық құлыптар	осы Ережелер жинағының 4.7.4-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, домофон (ішкі байланыс), консьерж, пәтерлерге арналған электрондық құлыптар	осы Ережелер жинағының 4.7.4-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, домофон (ішкі байланыс)	осы Ережелер жинағының 4.7.4-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, домофон (ішкі байланыс)	осы Ережелер жинағының 4.7.4-кіші бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, домофон (ішкі байланыс)
Инженерлік қамтамасыз ету	Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес				

	Қосымша: үй ішіндегі инженерлік желілерді басқаратын автоматтандырылған жүйе (жылумен жабдықтау, қысымды тұрақтандыру жүйесі)	Қосымша: кондиционер, кабельді теледидар, компьютерлендіру	Қосымша: кондиционер, кабельді теледидар	Қосымша: кондиционер, кабельді теледидар	Қосымша: кондиционер, кабельді теледидар
	бар электрмен жабдықтау, ауа баптау, байланыс, кабель немесе спутник теледидары, компьютерлендіру), су дайындау станциясы, сондай-ақ жобалауға арналған тапсырма— «Интеллектуалдық ғимарат» жүйесін басқару				
	internet (талшықты-оптикалық байланыс желілері (бұдан әрі - ТӨБЖ))		internet (ТӨБЖ, есілген жұп, коаксиалды сым)		internet (ТӨБЖ, есілген жұп, коаксиалды сым)
Электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету дәрежесі	I санат	I санат	ҚР ҚЕ 4.04-106 және ҚР ЭОҚ сәйкес	ҚР ҚЕ 4.04-106 және ҚР ЭОҚ сәйкес	ҚР ҚЕ 4.04-106 және ҚР ЭОҚ сәйкес
Спорт-сауықтыру және тұрмыстық үй-жайлардың болуы	жобалауға арналған тапсырма бойынша		-	-	-
Үйді және пәтерлерді әрлеу сапасы: - ішкі <sup>6</sup> - сыртқы	ҚР ҚЕ 2.04-106 талаптарына сәйкес және пайдаланылатын материалдарға стандарттардың талаптарын сақтау				

	«люкс» <sup>2)</sup> санаттағы пәтерлерді әрлеу және олардың интерьері	«жоғары сапалы» <sup>3)</sup> санаттағы пәтерлерді әрлеу және олардың интерьері	«жақсартылған» <sup>4)</sup> санаттағы пәтерлерді әрлеу және олардың интерьері	«қарапайым» <sup>5)</sup> пәтерлерді әрлеу	«қарапайым» <sup>5)</sup> пәтерлерді әрлеу
Қала құрылысы талаптарының негізінде сәулет-жоспарлау тапсырмасына (СЖТ) сәйкес					
Энергия тиімділік сыныбы	А сыныбынан төмен емес	В сыныбынан төмен емес	С+ сыныбынан төмен емес	С сыныбынан төмен емес	С сыныбынан төмен емес
Энергия үнемдеу	40%-дан бастап	15-тен 30%-ға дейін	5-тен 15%-ға дейін	5%-ға дейін	5%-ға дейін

**Ескертпелер:**

- 1 Үй комбинаттарының жиынтық конструкцияларынан салынатын тұрғын ғимараттары үшін 2,6 м деп қабылдауға жол беріледі.
- 2 «Люкс» санаттағы пәтерлерді әрлеу және олардың интерьері: Жоғары сапалы материалдар пайдалану, озық технологиялар енгізу көзделеді. Жеке жоба бойынша жүзеге асырылады, жөндеу және әрлеу жұмыстарының сапасына жоғары талаптар қойылады. Пәтерді әрлеу мен оның дизайнында табиғи материалдар, монументалдық-декоративтік ресімдеу элементтері мен қолданбалы өнер туындыларының элементтері бар заттар басым болады.
- 3 «Жоғары сапалы» санаттағы пәтерлерді әрлеу және олардың интерьері: Заманауи технологиялар мен құрылыс материалдары қолданылатын жөндеу және әрлеу жұмыстарының кешені. Әрлеу жұмыстарының жоғары сапасы сенімді, эстетикалық нәтижені қамтамасыз етеді.
- 4 «Жақсартылған» санаттағы пәтерлерді әрлеу: Сапалы, сенімді материалдарды пайдалануды білдіреді. Осы түрдегі әрлеу жұмыстарының сегменті онтайлы, жағымды эстетикалық көрініс қана емес, сондай-ақ жайлы, ыңғайлы жағдай жасау болып табылады.
- 5 «Қарапайым» санаттағы пәтерлерді әрлеу: Интерьерді жаңартуды білдіреді, бұл ретте ең аз дайындық, күрделі емес әрлеу, жөндеу жұмыстары, қымбат емес әрлеу материалдары мен дәстүрлі технологиялар пайдаланып, беттегі жеңіл-желпі ақауларды жою жүргізіледі.
- 6 Мемлекеттік емес инвестициялар есебінен жүзеге асырылатын құрылыс объектілері үшін пәтерлерді әрлеу сапасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12684 болып тіркелген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларына сәйкес қабылданады.
7. IV сыныпты тұрғын үйлерге арналған тұрақ орындарын бөлінген учаскенің шекарасындағы ашық тұрақтарда, жабық тұрақ орнатусыз орналастыруға жол беріледі.
8. Көрсеткіштердің жоғарғы шегі келесі сыныптың төменгі шегі болып есептеледі

**(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 01.03.2016 ж. №59-НҚ, 10.10.2016 ж. №138-НҚ, 15.11.2018 ж. №235-НҚ, 22.02.2021 ж. №20-НҚ, 27.04.2021 ж. №54-НҚ, 01.03.2023 ж. № 32-НҚ және 31.12.2025 ж. №176-НҚ бұйрықтар)**

4.1.8 Тұрғын үй ғимараттарының бірінші, екінші қабаттарында мыналарды орналастыруға тыйым салынады:

- 1) жалпы ауданы 700 м<sup>2</sup> астам байланыс бөлімшесін;
- 2) жалпы ауданы 300 м<sup>2</sup> астам дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарына арналған объектілерді;
- 3) орын саны 50-ден астам (жатақханадан басқа) қоғамдық тамақтану объектілерін және күніне 500-ден астам түскі ас дайындайтын ас үйлерді;

4) ыдыс-аяқ қабылдау пункттерін, сондай-ақ жалпы сауда ауданы 1300 м<sup>2</sup> астам болатын дүкендерді;

5) пайдаланғанда тұрғын құрылыс аумағы мен ауаның ластануына әкеп соқтыратын мамандандырылған дүкендерді, құрылыс, химиялық және басқа да тауарларды, жарылғыш заттар мен материалдар болатын дүкендерді, мамандандырылған балық және көкөніс дүкендерін;

б) тез тұтанатын заттар қолданылатын тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін (ауданы 250 м<sup>2</sup> дейінгі шаштараздарды, нормаланатын ауданы 100 м<sup>2</sup> дейінгі сағат жөндеу шеберханаларын қоспағанда);

7) нормаланатын ауданы 100 м<sup>2</sup> астам тұрмыстық машиналар мен құралдарды жөндеу, аяқ киім жөндеу шеберханалары;

8) моншалар, сауналар (инфрақызыл кабиналардан басқа), бассейндер, кәдеге жарату-шикізаттарын қабылдау пункттері, кір жуу мен химиялық тазарту орындары (қабылдау пункттерінен және ауысымда 75 килограмм киім-кешекке дейін өз-өзіне қызмет көрсету кір жуу орындарынан басқа);

9) жалпы ауданы 100 м<sup>2</sup> астам болатын тұрғын үй ғимараттарына телефон жүргізуге арналған автоматты телефон станциялары;

10) қоғамдық дәретханалар;

11) жерлеу бюросы (кеңселер), жерлеуге қызмет көрсететін бюро-дүкендер.

4.1.9 VI типті көп пәтерлі тұрғын үй өрт сөндіру депосы ғимараттарында орналасқан кезде осы үлгідегі өрт сөндіру депосының қақпасына кірме жол көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратына кірме жолдардан оқшау етіп орындалады. **(Толықтырылды – ҚТҮКШК 28.09.2022 ж. №189-НҚ бұйрық).**

## 4.2 Өрт қауіпсіздігі

4.2.1 I типті өртке қарсы қабырғалар биіктігі арасындағы өрт саңылау шектеулеріндегі қабат ауданы мен ғимараттың қолжетімді биіктігі 2-кесте бойынша конструктивтік өрт қауіптілігі класы және өртке төзімділік дәрежесіне байланысты анықталады.

### 2-кесте – Өрт бөлігі шегіндегі жол берілетін ғимараттың биіктігі мен қабат алаңы

Ғимараттың өртке төзімділік дәрежесі	Ғимараттың конструктивтік өрт қауіпсіздігінің класы	Ғимараттың барынша жол берілген биіктігі, м	Өрт бөлігінің барынша жол берілген ауданы, м <sup>2</sup>
I	C0	75	3000
II	C0	50	2500
	C1	28	2200
III	C0	28	1800
	C1	15	1800
IIIa	C0	3	2500
IIIб	C2	3	2500
IV	C0	5	1000

	C1	3 5 3	1400 800 1200
	C2	5 3	500 900
IVa	C3	3	800
V	Нормаланбайды Нормаланбайды	5 3	500 800
Ескертпе - Ғимаратқа жапсарлас салынған жылытылмайтын құрылыстардың өртке төзімділік дәрежесін ғимараттың от жағылатын бөлігінің конструктивтік өрт қауіпсіздігі класы бойынша қабылдау қажет.			

4.2.2 Жатақхана ғимаратындағы (Ф1.2 класс) өртке қарсы қабырғалар арасындағы қабат ауданы мен ғимараттың үлкен биіктігін отқа төзімділік дәрежесі мен конструктивтік өрт қауіптілігі класына байланысты қабылдау керек: 2-кесте бойынша – секциялық типтегі тұрғын ғимаратта орналастырылған жатақханалар үшін, ал дәліздік типтегі жатақханалар үшін – 3-кесте бойынша.

**3-кесте – Дәліздік тұрпаттағы жатақханаларға арналған өрт бөлігі шегіндегі жол берілетін ғимараттың биіктігі мен қабат алаңы**

Ғимараттың отқа төзімділік дәрежесі	Ғимараттың конструктивтік өрт қауіптілігі класы	Ғимараттың барынша жол берілген биіктігі, м	Қабаттың барынша жол берілген ауданы, м <sup>2</sup>
I	C0	50	2200
II	C0	28	2200
	C1	15	1000
III	C0	15	1000
	C1	9	1200
IV, V	Нормаланбайды	3	400

4.2.3 Отқа төзімділігі IV дәрежелі екі қабатты ғимараттардың көтергіш элементтерінің R30 кем емес отқа төзімділік шегі болуы тиіс.

4.2.4 Отқа төзімділігі I, II және III дәрежелі ғимараттардың 2-кестеде белгіленген ғимараттар биіктігіне қарамастан, 75 м аспайтын көтергіш элементтері бар отқа төзімділігінің R30 кем емес шегі бар және K0 өрт қауіпсіздігінің класындағы көтергіш элементтері бар бір мансардты қабатпен жапсарлас салуға жол беріледі. Бұл қабаттың қоршау конструкциялары жапсарлас салынатын ғимараттар конструкцияларына қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

4.2.5 5 қабатқа дейінгі биіктікті қоса алғанда, отқа төзімділігі II дәрежедегі жертөле және цокольдық қабаттар қоймаларының арасындағы арақабырғаларды, сондай-ақ отқа төзімділігі III және IV дәрежедегі ғимараттарды отқа төзімділіктің нормаланбайтын шегімен және өрт қауіпсіздігінің санатымен жобалауға жол беріледі. Жертөлелік және цокольдық қабаттардың қалған жайлардан техникалық дәлізді бөліп тұратын арақабырғалар (оның ішінде коммуникацияларды тарту үшін техникалық дәліз) 1-ші типті өртке қарсы болуы тиіс.

4.2.6 Үш қабат және одан да жоғары биіктіктегі ғимараттардағы лоджия қоршаулары, балкондар және галереялар, сондай-ақ 5 және одан биіктіктегі отқа төзімділігі I, II және III дәрежелі ғимараттардың сыртқы күннен қорғанысы жанбайтын материалдардан жасалынуы тиіс.

4.2.7 Қоқыс жинау камерасында ғимаратқа кіреберісте саңылаусыз қабырғамен оқшауланған жеке кіретін жер болуы және отқа төзімділік шегі кемінде REI 60 немесе өрт қауіптілігінің санаты K0 өртке қарсы арақабырғамен және аражабынмен бөлінуі тиіс.

4.2.8 Тұрғын үй ғимаратына кіріктіріме қоғамдық мақсаттағы жайлар тұрғын үй жайларынан саңылаусыз өртке қарсы қабырғалармен, REI 45 немесе тиісінше EI 45 төмен емес отқа төзімді шег бар арақабырға және саңылаусыз 3-ші типтегі аражабынмен бөлінуі тиіс. Отқа төзімділігі I дәрежелі ғимараттарда – өртке қарсы аражабындар 2-ші типтен төмен емес.

4.2.9 Тарату (енгізу) электр қалқандарындағы пәтер саны төрт және одан артық (дәліздік типтегі) отқа төзімділігі V дәрежедегі екі қабатты ғимаратта өздігінен жарамсыз болып қалатын өрт сөндіру қондырғысын қарастыру ұсынылады.

4.2.10 Секцияаралық, пәтераралық қабырғалар мен арақабырғалар, сондай-ақ пәтерден тыс дәліздерді өзге жайлардан бөліп тұратын арақабырғалар, холдар мен вестибюльдер 4-кестеде мазмұндалған талаптарға сәйкес келуі тиіс.

4.2.11 Шатырды, итарқаны және шатыр жабындарының тор көздерін жанатын материалдардан орындауға жол беріледі. Жанатын материалдардан итарқа мен шатыр жабындының тор көздерін орнату кезінде шатырлары бар ғимараттарда (отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттан өзге) шатырды жанатын материалдардан жасау, ал итарқа мен тор көздерді өртке қарсы қорғаныс өңдеуінен өткізу қажет. Бұл конструкцияларды конструктивтік қорғау кезінде олар оттың жасырын таралуына ықпал етпеулері қажет.

#### 4-кесте – Қабырғалар мен арақабырғалардың отқа төзімділігінің ең төменгі шегі

Қоршау конструкциялар	Конструктивтік өрт қауіптілігі класы және отқа төзімді ғимараттарға арналған конструкциялардың өрт қауіптілігінің жол берілген класы және отқа төзімділігінің ең төменгі шегі		
	I-III, C0 және C1	IV, IIIa, C0 және C1	IV, IVa, IIIб C2, C3
Секцияаралық қабырға	REI 45, K0	REI 45, K0	REI 45, K1
Секцияаралық арақабырға	EI 45, K0	EI 45, K0	EI 30, K1
Пәтераралық қабырға	REI 30, K0*	REI 15, K0*	REI 15, K1
Пәтераралық арақабырға	EI 30, K0*	EI 15, K0*	EI 15, K1
Пәтерден тыс дәліздерді өзге жайлардан бөліп тұратын қабырға	REI 45, K0*	REI 15, K0*	REI 15, K1**

Пәтерден тыс дәліздерді өзге жайлардан бөліп тұратын арақабырға	EI 45, K0*	EI 15, K0*	EI 15, K1**
* C1 класты ғимарат үшін K1 жол беріледі. * *C2 класты ғимарат үшін K2 жол беріледі.			

4.2.12 Кіріктірме-жапсарлас бөліктің жабыны шатырсыз жабынға қойылатын талаптарға, ал оның шатыры – пайдалануға берілген шатырға қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс. Өрт төзімділігінің I – III дәрежелі ғимараттарында өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген ережелерді сақтаған кезде осындай жабындарды пайдалануға жол беріледі. Бұл жағдайда жабын конструкцияларының отқа төзімділік шегі кемінде REI 45, ал өрт қауіптілігінің класы K0 болуы тиіс.

Ғимараттың кіріктірме-жапсарлас бөлігіне бағдарланған тұрғын үйде терезелер болған жағдайда, жапсарлас жайлардағы шатыр деңгейі ғимараттың негізгі бөлігіне тұрғын үйдің жапсарлас едені белгісінен аспауы тиіс.

4.2.13 Секциялық емес тұрғын үйлердегі техникалық, жертөлелік, цокольдық қабаттар мен төбелер 500 м<sup>2</sup> аспайтын аудан саңылауына 1-ші типті өртке қарсы қалқандармен, ал секциялық – секциялар бойынша (секция аралық қабырғалар және арақабырғалар өстері бойынша) бөлінуі тиіс.

4.2.14 Өртке қарсы бөгетпен бөлінген жертөлелік немесе цокольдық қабаттың әрбір бөлігіне (секциясына) ойықтарының көлемі кемінде 0,75 м × 1,2 м екі терезе қарастырылуы қажет. Осы терезелердің жарық саңылауының ауданын есеп бойынша, алайда осы жай едені ауданының кемінде 0,2 % бойынша қабылдау қажет. Ойықтардың өлшемдері түтін сорғыштың көмегімен түтінді жою және көбік генераторынан өрт сөндіру затының берілуін жүзеге асыруға мүмкіндік беруі қажет (ғимарат қабырғасынан ойық шекарасына дейінгі арақашықтық 0,7 м кем болмауы қажет).

4.2.15 Ғимараттардың жертөле және техникалық еденастының көлденең қабырғаларында жарыққа биіктігі 1,6 м ойықты орналастыруға жол беріледі. Бұл жағдайда табалдырық биіктігі 0,3 м аспауы тиіс.

4.2.16 Пәтерден тыс шаруашылық қойма бөлмелерінің жайларында түтін жоюдың дербес жүйесін, спринклерлік өрт сөндіру жүйесін қарастыру, ал қабаттарда дербес эвакуациялық шығатын жердің болуын қарастыру ұсынылады.

4.2.17 Спринклерлік жүйені есептеуге арналған су шығыны - 1,8 л/с. Спринклерлік өрт сөндіру жүйесі үшін (судың кепілдендірілген нормативтік қысымы болғанда) ұсынылады: спринклерлік жүйелер құбырын бақылау-белгі беру клапанын орнатпай, шаруашылық-ауызсу су құбырына біріктіру; әрбір шаруашылық қоймасына спринклерлік бастиекті орнату; спринклерлік жүйені қосу орындарындағы шаруашылық-ауыз су құбырына ашық жағдайда пломбаланған тиекті құрылғыны орнату; қабат бөлігіне БДҚ жайындағы сигнализация датчигін орнату; көлемі 0,05 - 0,1 м іргелес қойма қоршауларының арасына саңылау.

4.2.18 Биіктігі 28 м асатын ғимараттарда ішкі өртке қарсы су құбырының орнына өрт автокөліктерін қосу үшін тетіктер мен қосу бастиектері арқылы сыртқа шығатын келте құбырлармен құрғақ түтіктерді орнатуды қарастыру. Қосу бастиегін 0,8 м бастап 1,2 м

дейінгі биіктікте кемінде екі өрт автокөлігін орнату үшін қолайлы орындағы қасбетте орналастыру қажет.

4.2.19 Шаруашылық-ауыз су құбыры желісін әрбір пәтерде жану ошағын жою үшін пәтер ішіндегі өрт сөндірудің алғашқы құрылғысы ретінде қолдану үшін шашыратқышпен жабдықталған шлангаға жалғастыруға арналған диаметрі кемінде 15 мм жеке кранды қарастыру ұсынылады. Шланганың ұзындығы пәтердің кез-келген нүктесіне судың берілу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.20 Ғимараттағы эвакуациялық жолдардың биіктігі шашыратқыштар қондырғыларын (сплинклерлік жүйе) ескере отырып, кемінде 2 м болуы тиіс.

4.2.21 Эвакуациялық жолдардағы көлденең жер телімдерінің ені ортақ дәліздер үшін кемінде 1,2 м болуы тиіс.

Дәліз типіндегі тұрғын үй ғимараттарының баспалдақ немесе дәліздің шет жағы мен баспалдақ арасындағы дәліз енінің ұзындығы 40 м дейін болған кезде кемінде - 1,4 м, 40 м жоғары болғанда - 1,6 м болуы тиіс.

Галерея түріндегі тұрғын үй ғимараттарындағы галерея ені – кемінде 1,2 болуы тиіс.

Мүгедек мүшесі бар отбасыларды пәтерлерге орналастырған кезде пәтерден тыс дәліз ені 1,8 м кем болмауы тиіс.

4.2.22 Эвакуациялық шығу жолдарының есіктері ашылу бағыты нормаланбаған ғимараттардан өзге, ғимараттардан шығу бағыты бойынша ашылуы тиіс:

- Ф 1.3 класс ғимараты;
- бір мезгілде 15 адамнан аспайтын келушілерге арналған жайлар;
- 200 м<sup>2</sup> аспайтын қойма аудандары;
- санитарлық тораптар;
- 3-ші типті баспалдақтар алаңдарына шығу.

4.2.23\* Биіктігі 28 метрден асатын секциялық үйлерде түтінденбейтін Н1 баспалдақ торынан сыртқа шығатын жолды (оған автотұрақтан және қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардан шығу болмаған кезде) жапсарлас дәліздерден 2 типті өртке қарсы есіктері бар 1 типті өртке қарсы қалқалармен бөлінген вестибюль арқылы орнатуға болады. Бұл ретте вестибюльмен Н1 типті саты торының хабарламасы ауа аймағы арқылы жасалуы тиіс. Бірінші қабаттағы ауа аймағының ойығын металл тормен толтыруға жол беріледі. Пәтерден саты торына дейінгі жолда Н1 біртіндеп орналасқан өздігінен жабылатын есіктер кемінде екеу (пәтердегі есіктерді есептемегенде) болуы тиіс.

Есіктер мен қабаттық шығатын жерлер және осы баспалдақ торларына кіретін жолдар арасындағы осьтердегі қашықтық кемінде 2,5 м болуы тиіс. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).**

4.2.24 Түтінделмейтін баспалдақ торлары өрт кезінде түтінденуден қорғау тәсіліне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

а) Н-1 – ашық өткелдер бойынша түтінделмейтін сыртқы ауа аумағы арқылы қабаттан баспалдақ торына шығу;

б) Н-2 – өрт шыққан жағдайда, баспалдақ торына ауаның келуі;

в) Н-3 – үнемі немесе өрт кезінде ауаның келуі қамтамасыз етілетін тамбур-шлюз арқылы әрбір қабаттан баспалдақ торына кіру.

4.2.25 Кемінде екі эвакуациялық шығаберісте қабаттағы пәтердің жалпы ауданында, ал секциялық типтегі ғимараттар үшін – секция қабатында - 500 м<sup>2</sup> аспайтын тұрғын үй

ғимаратының қабаты болуы тиіс. Аз алаңда (қабаттан бір эвакуациялық шығаберіс кезінде) 1-ші эвакуациялық шығаберістен басқа 15 м биіктіктен жоғары орналасқан әрбір пәтерде өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес апаттық шығу жолы болуы тиіс.

4.2.26 Қабаттағы пәтерлердің жалпы ауданы 500 м<sup>2</sup> және одан артық жағдайда, 9 қабатқа дейінгі биіктіктегі дәліз (галерея) типіндегі тұрғын үйлерде және ортақ дәліздерде (галереялар) кем дегенде 1-ші типті екі қарапайым баспалдақ торлар болуы тиіс. Жалпы ауданы 500 м<sup>2</sup> кем болған жағдайда, 1-ші типті бір қарапайым баспалдақ торына шығуға жол беріледі. Бұл жағдайда дәліздің (галереялардың) сыртқы жақтарында 3-ші типті сыртқы баспалдақтарға шығу жолдары қарастырылуы қажет. Ғимараттың сыртқы жағында қарапайым баспалдақ торын орналастыру кезінде 2-кестенің талаптарын сақтаған кезде дәліздің (галереяның) қарама-қарсы сыртқы жағында 3-ші типті бір баспалдақты орнатуға жол беріледі.

4.2.27 10 және одан да көп қабатты тұрғын үй ғимараттарында Н1 типіндегі түтіндетпейтін баспалдақ торларын қарастыру қажет.

Биіктігі 10 және одан да көп қабаттардан тұратын дәліз типіндегі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттарында өрт болған жағдайда, ауа кіретін Н2 немесе Н3 типіндегі 50 % аспайтын баспалдақ торларын қарастыруға жол беріледі.

4.2.28 Егер ауа кірудің және түтін жоюдың желдету құрылғылары 1-ші типті өртке қарсы арақабырғалармен қоршалған желдету камераларында орналасса, онда бұл камералар жеке-жеке болуы тиіс. Клапандардың ашылуы және желдеткіштердің қосылуы пәтерлердің ауыз бөлмелерінде, пәтерден тыс дәліздерде немесе холдарда, консьерж жайларында орналасқан датчиктерден автоматты түрде, сондай-ақ әрбір қабаттағы өрт крандары шкафтарында орнатылатын кнопкалармен қашықтықтан басқарылады.

4.2.29\* Ғимаратта консьержка үй-жайында, пәтерден тыс дәліздерде және қоқыс жинайтын камераларда түтін өрт хабарлағыштары көзделуі тиіс. Көп пәтерлі тұрғын үйдің қабатына қарамастан пәтерлерде орнатылған жарық-дыбыс дабылдары бар түтін өрт хабарлағыштарын орнату қажет. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.04.2021 жс. №54-НҚ бұйрық)**

4.2.29-1 **(Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 27.04.2021 жс. №54-НҚ бұйрық)**

4.2.30 1-ші типті түтіндетпейтін баспалдақ торына алып жүретін кемінде 1,2 м қоршау биіктігі бар балкондардың және лоджиялардың немесе галереялардың ені кемінде 1,2 м болуы тиіс. Сыртқы ауа аймағындағы есік саңылаулары арасындағы осьтердің арақашықтығы кемінде 2,2 м болуы тиіс. Түтіндетпейтін баспалдақ торларында тек жылыту құралдарын ғана орнатуға рұқсат етіледі. Түтіндетпейтін баспалдақ торлары кезінде ауа аймағы арқылы өту ретінде қолданылатын балкондар мен лоджияларды шыныландыруға жол берілмейді.

4.2.31 2-ші типті түтіндетпейтін баспалдақтарға өзара біріктірілген балкон (лоджия) бойынша бір секциядан екіншісіне өтуге рұқсат етіледі. Өтетін жердің орнына еңісі 1:1 аспайтын сыртқы ашық баспалдақтар бойынша түсіру құрылғысына жол беріледі. Түтіндетпейтін баспалдақ торларында тікелей сыртқа шығатын жол болуы тиіс.

4.2.32 Дәліз (галерея) үйлеріндегі пәтерге кіргеннен баспалдақ-лифт торабына дейінгі арақашықтық 40 м аспауы, баспалдақ-лифт тораптары арасындағы арақашықтық 80 м аспауы тиіс. Дәліздер өздігінен жабылатын бейімдегіштермен жабдықталған есіктері бар

қалқандармен бөлінуі және басқа жақтан және дәліздің сыртқы жағынан 30 м аспайтын арақашықтықта орналастырылуы керек.

### 4.3 Жер телімін жоспарлау

4.3.1 Көп қабатты тұрғын үй ғимараттарын жобалаған кезде мынадай қала құрылысы шарттарын ескеру қажет:

- жер телімінің орналасу жағдайы мен көлемін;
- жеке үйдің немесе кешеннің көрінуін қабылдау шартын;
- қоршаған құрылыстардың морфологиялық ерекшеліктерін;
- қоршаған құрылыстардың сәулет-көркем ерекшеліктерін;
- қоршаған құрылыстардың қызметтік құрылымын.

4.3.2 Құрылыс алаңының көлемі ҚР ЕЖ 3.01-105 сәйкес халық санымен, ғимараттар қабаттылығымен, климаттық аудандармен және аумақты көгалдандыру нормасымен анықталады.

4.3.3 Ғимаратқа өрт кіреберіс жолдарының құрылғысын өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орындау қажет.

4.3.4 Қоғамдық аймақ ауданы (олар өткізетін әртүрлі шараларға адамдар жиналуға арналған орын) жалпы жер телімі алаңының 20 % кем болмауы тиіс. Осы тармақты мынадай жағдайларда сақтамауға жол беріледі:

- а) 20 пәтерден кем үйлерде;
- б) тығыз құрылыс аумақтарында орналасу кезінде;
- в) үй жер телімі ұқсас, үлкен, жалпы қалалық, қоғамдық аймаққа жанаса салынғанда;
- г) үйдің немесе тұрғын үй кешенінің әрбір тұрғыны үшін қолжетімді бассейн, жаттығу залы, оқу залы, балалар ойын алаңдары сияқты ғимарат ішінде қоғамдық орындар болғанда.

4.3.5 Аула алаңдары:

- а) жарықталған;
- б) көліктердің қойылуынан қоршалған;
- в) балалар үшін қауіпсіз болуы тиіс.

4.3.6 Ауланың өсімдік үстіңгі бет өсімдіктің топырақта жақсы өсуі мақсатында терең топырақпен қамтамасыз етіледі.

4.3.7 Ағаштарды отырғызуды электр берілістерінің желілерінен, жерасты коммуникацияларынан алыс жүзеге асыру қажет.

4.3.8 Көгалдандыруды жобалаған кезде мыналарды ескеру қажет:

- а) өсімдіктің қорғалуын;
- б) өсімдіктердің климатқа сәйкес іріктелуін;
- в) суару және суаруға арналған дренаждық жүйелерді қолдануды;
- г) өсімдіктердің көбею салдарын.

4.3.9\* Көп пәтерлі ғимараттардың аулалық аумағында спорт алаңдары мен балаларға арналған ойын алаңдарын қарастыру қажет.

Жас топтарына арналған алаңдардағы ойын жабдықтарының ең жоғарғы биіктігі былайша қарастырылады:

- а) 12 бастап 24 айға дейін - 0,9 м;
- б) 2 бастап 5 жасқа дейін - 1,2 м;

в) 5 бастап 7 жасқа дейін - 1,4 м. (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 21.04.2020 ж. №63-НҚ бұйрық*).

4.3.10 Ойын қондырғыларының аумақтарын биіктігі 0,5 – 0,75 м тұтқалар арқылы орнату ұсынылады.

#### **4.4 Көлемдік-жоспарлық шешімдер**

##### **4.4.1 Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары негізгі түрлерінің құрылымы**

4.4.1.1 Көп секциялы тұрғын үй ғимараттары ғимараттың көлемдік-жоспарлық құрылым элементтері болып табылатын бірнеше секциялардың оқшаулануы арқылы құрылады. Секцияларды қатарлы және бұрылысты, оның ішінде бүйірлік ұштары арқылы немесе немесе оларсыз да жобалайды.

4.4.1.2 Қатарлы секциялар (оның ішінде бүйірлік ұштары бар) жоспар формасы бойынша тік сызықты немесе жоспардағы жылжумен бірге, сондай-ақ күрделі пішінді (оның ішінде қисық сызықты, Т-үлгіде және т. б.) болуы мүмкін. Бұрылыс секциялары (оның ішінде бұрыштық) төмендегілерді дамыта отырып, ғимаратты жобалауға мүмкіндік береді:

1) екі бағытта (90 °, 135 ° және т. б. бұрылысты секциялар – бұрыштық секциялар);

2) үш бағытта (90 °, 120 ° және т. б. бұру бұрыштары бар секциялар).

Бұрыштық секциялар мынадай алуан түрлерге ие:

- секцияның ішкі (немесе сыртқы) жағына бағдары бар секцияның орталық бөлігіне баспалдақ торларын (немесе баспалдақ-лифтілік торабын) орналастыру;

- баспалдақ торын орналастыра отырып (немесе секцияның ішкі (немесе сыртқы) бұрышында баспалдақ-лифтілік торабы;

- секцияның қарама-қарсы жақтарына баспалдақ торы мен лифтілік торап бағдары арқылы.

4.4.1.3 Бір секциялы тұрғын үй ғимараттары жоспардың мынадай формасы бойынша ажыратылады:

а) жинақты жоспар – шаршы, тік бұрышты, шеңбер немесе эллипс типіндегі конфигурациялар;

ә) бөлшектенген жоспар - Т-үлгісіндегі, үш сәулелі, крест түріндегі және өзге конфигурациялар.

4.4.1.4 Дәліз типіндегі тұрғын үй ғимараттарына жалпы пәтерден тыс дәліз бойына екі жақты және бір жақты пәтерді орналастыруға болады.

Дәліз тұрғын үй ғимараттары жоспарының формасы: созылымды – баспалдақ-лифтілік тораптарды (немесе баспалдақ торлар) жалғастырушы - дәліздерімен немесе ережеге сай лифтілік торапты айнала шеңбер айналымына ие дәліздері бар – жинақты.

4.4.1.5 Галерея түріндегі тұрғын үй ғимараттарына бір деңгейлі пәтерлерді бір жақты орналастыру кезінде алдыңғы, ас үйлер, санитарлық тораптар және өзге қосымша жайларды жарықтандыру галерея арқылы екінші жарықпен жүзеге асырылады.

4.4.1.6 Бағдар жағдайлары бойынша көп секциялық тұрғын үй ғимараттары секцияларының пәтерлерін жарықпен және инсоляциямен қамтамасыз етуде мыналар жобаланады:

- а) әмбебап (шектеусіз) бағдар;
- ә) бөлшекті шектелген бағдар (ендік);
- б) шектеулі бағдар (меридиандық).

Әртүрлі бағдар секциялары пәтерлеріндегі деңгейлер мен пәтерлер саны бойынша ұсынылатын нұсқалар 5-кестеде қарастырылған.

**5-кесте – Әртүрлі бағдарлы секциялар пәтерлеріндегі пәтерлер саны мен деңгейі бойынша ұсынылатын шешімдер нұсқалары**

Бағдарлар бойынша секциялар жіктемесі	Пәтерлер саны	Пәтердегі деңгей саны
Әмбебап (шектеусіз)	1-2	1
	4-8	2-3
Бөлшекті шектелген (ендік)	3-7	1-2
Шектелген (меридиандық)	5-8 (16* дейін)	1-2
Ескертпе - Жылжымалы жоспар жағдайында ең жоғарғы сан көрсетілген.		

4.4.1.7 Секциялық, дәліз және галерея типіндегі ғимараттарда, егер төмендегі аумақ аясында пәтер жанындағы телімдер қарастырылатын болса, үй жанындағы аумақтың бірінші қабатындағы пәтерлерге шығуға жол орнатылуы мүмкін.

Пәтер жанындағы учаске пәтердің немесе оның жекелеген жайларының бүкіл аумағының бойында ұйымдастырылуы мүмкін.

Пәтер жанындағы учаскені тұрғын ғимаратқа коммуникация тарту орындарында немесе коммуникацияға транзиттік өту орындарының үстіне орналастыру ұсынылмайды.

4.4.1.8 Көп пәтерлі тұрғын үйдің оқшауланған түрі әр пәтерден пәтер жанындағы учаскеге тікелей шығу, оның ішінде бірінші қабаттан жоғары орналастыруға жол беріледі.

Оқшауланған тұрғын үйлер пәтерлеріне арналған пәтер жанындағы учаскелердің көлемі халықтың демографиялық құрылымын ескере отырып, жергілікті шарттар бойынша жобалауға берілетін тапсырмамен анықталады.

Оқшауланған көп пәтерлі тұрғын үйде ережеге сай пәтерлердің қосалқы және қосымша жайлардың дамыған номенклатурасын, оның ішінде пәтерлермен тікелей байланысты автотұрақтарды қарастырады.

Оқшауланған тұрғын үйлер жоспардың әртүрлі формалары (тік бұрышты, Г-үлгідегі, Т-үлгідегі, қисық сызықты), оның ішінде ішкі аулаларды орнатуға мүмкіндік беретін пәтерлер арқылы жобалануы мүмкін.

Оқшауланған тұрғын үйлерде жобаланатын пәтерлерде, әдеттегідей, жайлылықтың жоғары деңгейіндегі пәтер-үй параметрі бар.

4.4.1.9 Тұрғын үй ғимаратының дәліздік-секциялық типі секциялық және дәліз типіндегі үйлердің жоспарлық құрылымын біріктіреді. Дәліздік-секциялық ғимараттарды жоспарлау оларға дәліздік қабат бойынша өтуді қамтамасыз ете отырып, лифтілік немесе

баспалдақ-лифтілік тораптар санын азайтуға мүмкіндік береді, ол үйдің биіктігі бойынша (екіден төртке дейін) бірнеше қабат арқылы орналастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда аралық қабаттарда секциялық құрылым, ал тік коммуникацияларда – лифтілік немесе баспалдақ-лифтілік тораптар болады олар – үйдің негізгі көлеміне қосылуы мүмкін.

Секциялық қабаттарда орналасқан пәтерлерге кіру үшін дәліздік және секциялық қабаттар деңгейлерін біріктіретін қосымша баспалдақ торлары жобаланады.

4.4.1.10 Тұрғын үй ғимаратының секциялық-оқшауланған типі жоспарлық құрылымды қамтиды, оның алғашқы бірінші және екінші қабатына үйшілік кіреберісі бар пәтерлер кіреді, ал жоғарыға секцияларға біріккен пәтерлер орналасады. Секциялық қабаттарда орналасқан пәтерге кіреберістер баспалдақ торлары бойынша немесе баспалдақ-лифтілік тораптар арқылы жүзеге асырылады, оған сондай-ақ осындай типтегі тұрғын үйдің оқшауланған бөлігінің пәтерінен кіре беріс орнатуға жол беріледі.

4.4.1.11 Тұрғын үй ғимаратының галереялық-оқшауланған типі алғашқы бірінші және екінші қабатына үйшілік кіреберісі бар пәтерлер кіретін жоспарлық құрылымға ие, ал жоғарыға галереялық қабаттар орналасады.

Галереялық қабаттарға орналасатын пәтерлерге кіреберістер осындай типтегі тұрғын үйдің оқшауланған бөлігінің пәтерінен кіреберісті орнатуға жол берілетін ашық баспалдақтар, баспалдақ торлары бойынша немесе баспалдақ-лифтілік тораптар арқылы жүзеге асырылады.

#### **4.4.2 Үй-жайлардың кіреберіс топтары**

4.4.2.1 Үй-жайдың кіреберіс тобының ең аз қажетті құрамы жобалау тапсырмасымен анықталатын құрылыс ауданының аймақтық ерекшеліктеріне және тұру жайлылығының деңгейіне байланысты қабылданады.

4.4.2.2 Жергілікті климаттық шарттарды ескере отырып, кіреберіске қанатты жылыту мен пандустар қарастыру ұсынылады.

4.4.2.3 Кезекшіге (консьерж) арналған жайда немесе күзетке арналған жайда жақын аумақ пен тұрғын үй ғимаратына кіреберісті сырттай бақылауға арналған бейнебақылау құрылғысы орнатылуы мүмкін.

4.4.2.4 Кезекші (консьерж) жайында біріктірілген диспетчерлік қызмет (БДҚ) жайы арқылы телефон байланысын, домофон арқылы, оның ішінде жобалау тапсырмасы бойынша пәтерлермен сөйлесу байланысын қарастыру керек.

4.4.2.5 Кезекшіге (консьержге) арналған жай құрамында ауданы кемінде 3,5 м<sup>2</sup> жұмыс жайын, қолжуғыш және унитазбен жабдықталған санитарлық торап қарастыру қажет. Санитарлық торапқа кіру есігі жұмыс жайына орнатылады. Кезекшіге (консьержге) арналған жайда жатын орын орналастыруға жол берілмейді.

4.4.2.6 Кезекшіге (консьержге) арналған жай материалдардың жанбайтын топтарынан құралған конструкциялармен қоршалуы және дербес өрт хабарлағыштармен, ал биіктігі 28 м асатын ғимараттарда – автоматты өрт сигнализациясымен жабдықталуы тиіс.

4.4.2.7 Бірінші қабатқа кезекші (консьерж) жайымен аралас орналасатын раковинамен жабдықталған жинау құрал-жабдықтарын сақтауға арналған қойма бөлмесін қарастыру ұсынылады, оны сыртынан кіреберіс құрылғысы бар цокольдық немесе жертөлелік қабаттарда орналастыруға жол беріледі.

4.4.2.8 Тұрғын үй ғимараттарында абоненттік пошта шкафтарын орналастыру ұсынылады:

- лифті болған жағдайда – вестибюльдерде, лифтілік холдарда немесе лифтіге өтетін өткелдерде;

- лифті болмаған жағдайда – вестибюльдерде, бірінші қабаттағы негізгі немесе аралық баспалдақ алаңында және баспалдақтарға өтетін өткелдерде.

4.4.2.9 Абоненттік шкафтар тікелей қабырғаға ілінеді немесе еденнен кемінде 0,6 м биіктіктегі текшелерге орнатылады. Шкафтарды тұрғын үй ғимараттарына жанасқан пәтерлер қабырғаларына ілуге болмайды. Абоненттік шкафтарды орнату орындары жарық болуы тиіс.

4.4.2.10 Шынылаудың үлкен алаңындағы, көркем әрленген немесе қабырғалары құнды материалдармен қапталған вестибюльдерде абоненттік шкафтарды еден тіреуішіне орнатуға жол беріледі.

4.4.2.11 Тұрғын үй ғимараттарының бірінші, цокольдық немесе жертөлелік қабаттарында үй тұрғындарына арналған пәтерден тыс шаруашылық қойма бөлмелері орнатылуы мүмкін, олардың саны жобалауға берілген тапсырмамен анықталады. Олардың алдындағы дәліздер ені 1,1 м кем болмауы тиіс.

Пәтерден тыс шаруашылық қойма бөлме жайларында хабарлау және сигнализация қондырғыларын орнату бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес өртке қарсы қорғаныс жүйесін қарастыру ұсынылады.

4.4.2.12 Климаттық ауданға байланысты тұрғын үй ғимаратына негізгі кіре берісте тамбур көлемін кемінде 1,65 м × 1,65 м қабылдау, ал 35 °С төмен ең суық бес күндік температура кезінде – еселік орындау ұсынылады.

Үй-жайда нормаланған температуралық режимді қамтамасыз ету кезінде тамбур орнына ауа жылу бүркемесін орнатуға жол беріледі.

4.4.2.13 Қанатта балалар арбасы мен орындықтарға арналған орын бар көлемі кемінде 1,2 м × 1,2 м алаң, сондай-ақ ені кемінде 1 м баспалдақ болуы тиіс. Баспалдақты қоса алғанда, қанаттың үстіне бастырма (қалқа) орнату қажет.

4.4.2.14 Тұрғын үй көшелері бойына орналасқан көп қабатты үйлердің бірінші қабаттарына мыналарды орнату ұсынылады: жуу және химиялық тазалауды қабылдау орындарын, жалға беру орындарын, тапсырыс беру үстелдерін, бірінші қажеттіліктегі өнеркәсіптік тауарларды саудалау кәсіпорындары, үй тұрғындарына бос уақытты өткізуге арналған жайлар (балалар ойындарына арналған жайлар, үйірмелер, спорттық залдар және т. б.). Жертөле қабаттарында гараждар орнату ұсынылады.

4.4.2.15 Қалалық және аудандық маңыздағы көшелер бойында орналасқан тұрғын үй ғимараттарының бірінші қабаттарын сауда нысандары, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, дәріханалар мен байланыс бөлімшелері және т. б. үшін пайдалану ұсынылады.

4.4.2.16 Қалалық орталықтар мен жоспарлық аудандар орталықтарындағы көп қабатты тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында сауда орталықтарын, әмбебап дүкендер, әмбебап орындарды, көлік және өзге де агенттіктерді, әкімшілік мекемелерін орнатуға жол беріледі.

4.4.2.17 Бірінші қабатқа қоғамдық қызмет көрсету немесе өз-өзіне қызмет көрсету орындарын орнату ғимараттың конструктивтік сызбасының өзгеруіне және тауарларды ғимараттың сыртқы жағынан тасымалдауға байланысты.

4.4.2.18 Көп қабатты тұрғын үйлердің бірінші қабатын жоспарлау жабық немесе ашық болуы мүмкін қызмет көрсету түрлерімен түсіндіріледі.

Үй-жайлардың ең аз жиыны балалар арбасы, велосипедтер, пошта жәшіктеріне арналған бөлмесі бар вестибюльден тұрады. Алаң олар қызмет көрсететін пәтерлердің жалпы алаңының әрбір 100 м<sup>2</sup> үшін 0,4 м<sup>2</sup> есептен белгіленеді. Вестибюль тұрғын үйдің әрбір секциясында жобаланады. Қызмет көрсету құрамы мекеменің мәдени-тұрмыстық жүйесіндегі тұрғын үй орнына, сондай-ақ жобалаудың техникалық тапсырмасына байланысты.

### 4.4.3 Коммуникациялық кеңістіктер

4.4.3.1 Көп қабатты тұрғын үй ғимараттарында мынадай баспалдақ торларының типін қарастыру керек:

1) жарықтандыру әдісіне байланысты былай бөлінеді:

а) Л1 түрі - биіктігі 28 м аспайтын ғимараттарға арналған әрбір қабаттың сыртқы қабырғалары шыныланған немесе ашық саңылаулы;

б) Л2 түрі – жабындағы шыныланған немесе ашық саңылаулар арқылы табиғи жарықтандыру;

2) өрт кезінде түтінденуден қорғау әдісіне байланысты түтіндемейтіндер былайша бөлінеді:

а) Н1 түрі – 10 қабатты және одан биік ғимараттар үшін ашық өткелдер бойынша түтіндемейтін сыртқы ауа аймағы арқылы қабаттан оларға кіре беріс баспалдақ торы;

б) Н2 түрі – өрт туындаған жағдайда, баспалдақ торына ауа кіретін баспалдақ торы;

в) Н3 түрі – ауа келетін тамбур-шлюз арқылы (тұрақты немесе өрт кезінде) кіреберісі бар торы қамтамасыз етіледі.

4.4.3.1-1 Қабат саны 9 және одан аз, жоғарғы қабаттың орналасу биіктігі 28 м асатын (жоғары техникалық қабатты санамағанда) баспалдақ торларын 10 және одан көп қабаттық ғимараттарға арналған талаптарға сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жобалау керек (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 20.02.2018 ж. №37-НҚ, ред түзету*).

4.4.3.2 Дәліздік-секциялық тұрғын үй ғимараттары үшін баспалдақ торының түрін таңдағанда мыналарды жүзеге асыру керек:

- секциялық құрылыс үшін – секция қабатындағы пәтердің жалпы жиынтық алаңын, сондай-ақ жоғарғы секциялық қабаттың орналасу биіктігін ескере отырып;

- дәліздік құрылыс үшін – қабаттағы пәтердің жалпы жиынтық алаңын, сондай-ақ жоғарғы дәліздік қабаттың орналасу биіктігін ескере отырып.

Тұрғын үй ғимараттары үшін баспалдақ торының түрін таңдаған кезде энергия үнемдеу талаптарын, қабылданатын шешімдердің экономикалық тиімділігін арттыруды, тұру қауіпсіздігін ескеру керек.

4.4.3.3 Л1 түріндегі баспалдақ торлары желдету үшін әрбір қабаттағы ашылмалы жарманың ауданы кемінде 1,2 м<sup>2</sup> сыртқы қабырғалар арқылы жарықтандырылуы тиіс.

Мыналарға жол беріледі:

- бірінші қабатқа шыға берістегі деңгейде терезенің болмауына;
- Н1 түріндегі баспалдақ торын шыныланған есік арқылы жарықтандыруға;
- Л2 түріндегі баспалдақ торына арналған жабындағы ойық арқылы тек жоғарғы жарықты жарықтандыруға.

4.4.3.4 Л1 түріндегі баспалдақ торының көлеміне өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талабына сәйкес отқа төзімділік бойынша лифтілік шахталар қоршауына қойылатын талаптарды ұсынусыз, жолаушылар лифтілерін орналастыруға жол беріледі.

4.4.3.5 Л2 түріндегі баспалдақ торларын жоғары қабаттың орналасу биіктігі 9 м аспайтын көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттарында жобалауға жол беріледі.

Л2 түріндегі баспалдақ торларын өрт кезінде жоғары жарық ойығын автоматты ашуды орнату және автоматтық өрт сигнализациясын немесе дербес өрт хабарлағышты орнату шартымен жоғары қабатты орналастыру биіктігі 12 м дейінгі ғимараттарда жобалауға жол беріледі.

Бұл жағдайда 4 м жоғары орналастырылған секциялық тұрпаттағы тұрғын үй ғимараттарының әрбір пәтеріне апаттық шығу жолдарын қарастыру керек.

4.4.3.6 Баспалдақ марштарының ең төменгі ені мен ең жоғары енісін 6-кестеге сәйкес қабылдау керек.

**6-кесте – Баспалдақ марштарының ең төменгі көлемі**

Марштың атауы	Ең төменгі ені, м	Ең жоғарғы енісі
Ғимараттың тұрғын үй қабаттарына алып жүретін баспалдақтар марштары:		
Секциялық	-	-
Екі қабатты	1,05	1:1,5
Үш қабатты және одан да көп	1,05	1:1,75
Дәліздік	1,2	1:1,75
Жертөлелік және цокольдық қабаттарға алып жүретін баспалдақтар марштары, сондай-ақ пәтерішілік баспалдақтарға	0,9	1:1,25
Ескертпе - Марш енін қоршаулар арасында немесе қабырға мен қоршау арасындағы арақашықтықпен анықтау қажет.		

4.4.3.7 Л2 түріндегі баспалдақ торларында ені кемінде 0,7 м марш немесе кемінде 2 м<sup>2</sup> көлденең бөліктің көмегімен баспалдақ торының бүкіл биіктігінің жарық шахтасының арасындағы жарықтың алаңы кемінде 4 м<sup>2</sup> жарық ойығының жабыны болуы тиіс.

4.4.3.8 Л2 түріндегі баспалдақ торларының жабынындағы шыныланған жарық саңылауларында өрт туындаған жағдайда, түтінді жою үшін ашылатын жармалар (фрамугалар) қарастырылуы керек.

4.4.3.9 Жармалардың ашылуы қолмен (жоғарғы қабат 9 м дейінгі биіктікте орналасқан

кезде) және қашықтықтан басқару құрылғыларымен (жоғарғы қабат 12 м дейінгі биіктікте орналасқан кезде) жүзеге асырылады.

4.4.3.10 Л2 түріндегі баспалдақ торында, әдеттегідей, секциялық немесе бір секциялық тұрғын үй ғимаратының жоспар орталығында орындалады, бұл жағдайда оның көлеміне екі, үш және төрт марштық баспалдақтар орналастырылуы мүмкін. Пәтерге кіре берістің екі және төрт марштық баспалдақтары екі жақты алаңнан – қабаттық және аралық орнатылуы мүмкін.

4.4.3.11 Н1 түріндегі түтіндемейтін баспалдақ торларына алып келетін сыртқы ауа аймағы арқылы түтіндемейтін өтпе жолдар олардың конструктивтік және көлемдік-жоспарлық шешімдерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл өтпе жолдар ашық болуы тиіс және әдеттегідей, ғимараттың ішкі бұрыштарына орналастырылмауы тиіс.

Ауа өткелі бар ғимарат қасбетін желдің қарсы басым бағыты жағына бағдарлау ұсынылады.

4.4.3.12 Н1 түріндегі баспалдақ торын тұрғын үй ғимаратының ішкі бұрыштарында орналастыруға жол беріледі, бұл жағдайда ауа аймағының түтінделмеуін қамтамасыз ету керек, оның ішінде баспалдақ торының есік ойығы мен жақын терезе арасындағы – кемінде 2 м қашықтықты, ал сыртқы ауа аймағына есік ойығы арасындағы кемінде 2 м қабырға енін қамтамасыз ету.

4.4.3.13 Ғимараттан шығатын жерге тамбурларды орнату талабы бірінші қабат деңгейіндегі Н1 түріндегі түтінделмейтін баспалдақ торларынан шығу жолдарына қойылады. Баспалдақ торларынан және қабат дәліздерінен немесе холдардан өзге қабаттардағы ауа аймағына шығу жолдары тамбурлар арқылы жүзеге асырылады.

Н1 түріндегі баспалдақ торларын жылытуға жол берілмейді. Бұл жағдайда баспалдақ торынан ауа аймағына шығу жолдарында тамбурлар қарастырылмаған.

4.4.3.14 Н2 түріндегі түтінделмейтін баспалдақ торына кіруді тамбур (дәліз) арқылы жүзеге асыру керек; лифтілерде отқа төзімділігі EI 30 өртке қарсы есіктерді қолданған кезде, баспалдақ торына лифтілік холл арқылы кіруге жол беріледі.

4.4.3.15 Пәтершілік баспалдақ параметрі 1 формуланы қанағаттандыруы тиіс:

$$2b + a = 60 - 64, \quad (1)$$

мұнда, а – ену көлемі; b – баспалдақ көлемі; көлемі 60 см - 64 см – адамның орташа қадамының көлемі.

4.4.3.16 Марштың ең төменгі енін 0,9 м тең қабылдауға болады. Баспалдақ маршы бойынша өту жолының шығыңқы конструкциялар түбіне дейінгі биіктігі кемінде 2 м кем болуы тиіс.

4.4.3.17 I және II класты тұрғын үй ғимараттары жобалауға тапсырмасына сәйкес лифтілермен жабдықталады. Жердің жоспарлық белгісінің деңгейінен жоғарғы қабат еденінің белгісіне дейін 14 м және одан жоғары биіктіктегі III және IV класты тұрғын үй ғимараттары Б қосымшасына сәйкес лифтілермен жабдықталады.

5 қабатқа дейінгі ғимараттарда лифтілерді қолдану қажеттігі жобалау тапсырмасымен анықталады.

Негіздеме болған кезде 5 қабатты тұрғын үй ғимаратының бірінші қабатының үстіне салынған бөлігінде лифтілер қарастырмауға жол беріледі. Лифтімен жабдықталған ғимараттарда қабаттың үстіне салынған лифті аялдамасын қарастырмауға жол беріледі.

5.1.1.1 Лифтілер тобы топтық басқару жүйесімен жабдықтауға жатады. Осы мақсатта әрбір қабатта лифтілер тобына бір шақыру нүктесінің орны орнатылады. Топтық басқару жүйесін шақыру лифтілер тобының біріне жолдайды, бұл күтудің ең аз уақытын қамтамасыз етеді және бір шақыруда бірнеше лифтінің қозғалысын болдырмайды.

5.1.1.2 Тік коммуникациялардың шағын схемасы баспалдақ торлары мен лифтілердің аралас орналасуымен сипатталады және көп секциялы тұрғын үй ғимараттарында, оның ішінде жоспардың үш сәулелі пішіні бар, бір секциялы тұрғын үй ғимараттарында жоспардың Z-үлгілі пішіні болуы мүмкін, сондай-ақ дәліздік және дәліздік-секциялық түрлерінде қолданылады.

5.1.1.3 Бір секциялық ғимараттарға үшін әдеттегідей, ғимараттың геометриялық орталығында лифтілік топтың аралық орналасуы арқылы тік коммуникациялар тораптарын құрастыру тән, бұл жағдайда оның айналасына, әдеттегідей Л1, Н2, Н3 түріндегі баспалдақ торларына немесе Н1 түріндегі баспалдақ торының ауа аймағына алып келетін дәліз орнатылады.

Тік коммуникацияларды бөліп орналастыру схемасы дәліздік тұрғын үй ғимараттарында қолданылады. Бұл схемада, әдеттегідей, лифтілік топ тұрғын үй ғимаратының орталығында дәліздер қиылысында, ал баспалдақ торлары – одан жеке орналастырылады. Тік коммуникациялар тораптарын орналастырудың осы схемасы Т-үлгілі тұрғын үй ғимараттарында немесе жоспардың үш сәулелі пішінінде қолданылады.

Тік коммуникациялардың бөлінген сызбасын бір лифтілік топтың бірнеше секцияларға қызмет көрсететін секциялық-дәліздік және секциялық-галереялық тұрғын үй ғимараттарында қолдануға болады.

5.1.1.4 Тұрғын үйді ауаның келуі 50 Па дейінгі Н2 немесе Н3 түріндегі тұтанбайтын баспалдақ торларымен және тамбурмен жабдықтаған кезде онда өрт кезінде ауаның келуі қамтамасыз етіледі, ең қолайлысы жасанды жарықтандырылатын баспалдақ торларын қарастыру керек, онда баспалдақ жаққа ауа ағыны ауырлығының ықтималдығы болмайды.

5.1.1.5 Баспалдақ торларының жарықтандырылу көрсеткіші кемінде 50 лк. болуы тиіс. Осы ғимараттың бөлігі шығатын жол ретінде қызмет еткен жағдайда, сыртқы баспалдақ марштарын қоса алғанда, шығатын жолдағы тұрғын емес иеліктегі үй барлық уақытта жарықтандырылуы тиіс. Едендегі, баспалдақ алаңдарындағы және сатылардағы жарықтандыру кемінде 11 лк. болуы тиіс.

5.1.1.6 Лифтінің алдындағы алаңдар енін науқасты жедел жәрдем зембілдерінде тасымалдауға, ірі көлемді жүктерді кабинаға кіргізуге арналған лифтіні пайдалану есебінен қабылдау керек және олар мыналардан кем болмауы қажет, м:

- а) 1,5 – кабина ені кемінде 2,1 м кезінде лифтінің алдындағы жүк көтерушілік 630 кг;
- б) 2,1 – кабина тереңдігі 2,1 м артық кезде лифтінің алдындағы жүк көтерушілік 630 кг.

5.1.1.7 Лифтілерді екі қатарға орналастырған кезде лифтілік холдың ені кемінде мынадай болуы тиіс, м:

- а) 1,8 - кабина тереңдігі кемінде 2,1 м лифтілерді орнатқан кезде;
- б) 2,5 - кабина тереңдігі 2,1 м және одан артық лифтілерді орнатқан кезде.

5.1.1.8 \* Лифт шахталардың сыртқы және ішкі қоршау конструкциялары дыбыс оқшаулаған жағдайда және шу деңгейі бойынша гигиеналық нормативтер талаптарын қамтамасыз еткенде тұрғын емес бөлмелермен аралас орналастыруға рұқсат етіледі.

Лифт шахталарын тұрғын бөлмелерімен аралас орналастыруға жол берілмейді. (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).

5.1.1.9 Тұрғын ғимараттар бар машиналық жайлармен, сондай-ақ машинасыз жайлар лифтілерімен жабдықталуы мүмкін. Ғимараттарды машиналық жайлар арқылы жолаушылар лифтілерімен жабдықтаған кезде бұл жайларды ең қолайлысы шатыр немесе жоғары техникалық қабат деңгейінде орналастырған жөн. Машиналық жайды жоғары тұрғын қабат деңгейіне орналастыру ұсынылмайды.

Пәтерлерде акустикалық жайлылықты қамтамасыз етуге арналған жоғары немесе мансардтық қабаттар деңгейінде машиналық жайлардың орналасуы кезінде мыналар ұсынылады:

а) машиналық жайды шудан оқшаулау бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жалпы пәтерішілік дәліздер пәтерлерінен бөлу немесе нормаланған дыбыс оқшаулағышпен қамтамасыз ету;

б) машиналық жайға пәтерлердің қосалқы немесе қосымша жайларын жапсарластыру (пәтер ішіндегі дәліздер, киім ілетін орындар және т. б.).

5.1.1.10 Бір деңгейлі пәтерлердегі тұрғын үй ғимараттарында лифтілердің тоқтауы мынадай нұсқаларда жобалануы мүмкін:

а) әр қабаттың еден деңгейінде;

б) қабаттар арасындағы аралық баспалдақ алаңдары едені деңгейінде.

5.1.1.11 Тұрғын үй ғимаратында бір деңгейлі пәтерлі мансардтық қабаттар болған кезде, лифтінің (лифтілердің) соңғы тоқтауын мыналарда қарастыруға жол беріледі:

а) аралық баспалдақ алаңында;

б) төменде орналасқан қабат едені деңгейінде.

5.1.1.12 Дәліз және галерея түріндегі жатақхана ғимараттарында қоғамдық ғимараттарға арналған жолаушылар лифтілерін орнатуға болады.

Жобалау тапсырмасы бойынша лифтілерді оқшауланған көп пәтерлі тұрғын үйлерде орнатуға болады.

5.1.1.13 Бұл жағдайда лифті соңғы тоқтағаннан көзделген пәтерге кіргенге дейінгі көтеру биіктігі 3,0 м аспауы тиіс.

5.1.1.14 Барлық жолаушылар лифтілері диспетчерлік бақылау пунктіне қосылуы тиіс. Тұрғын үй ғимаратында (тұрғын үй ғимараттар тобында) диспетчерлік қондырғыларды орнатуға арналған жайлар қарастырылуы тиіс. Диспетчер бөлмесі, кабиналары мен машиналық бөлімшелер арасындағы лифтілер дауыс зорайтқышпен немесе телефон байланысымен қамтамасыз етілуі тиіс. Диспетчерлік лифтілерді ғимараттың басқа инженерлік қондырғыларының диспетчерлік пункттерімен біріктірген жөн.

#### 4.4.4 Пәтердегі кеңістік

4.4.4.1 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының тұруына арналған пәтер-үйді жобалаған кезде алаңдар ҚР ЕЖ 3.06-101 талаптарын ескере отырып өседі.

4.4.4.2\* I және II сыныпты үйлерде пәтерлерді жобалаған кезде үй-жайлардың алаңдары мен құрамы I-кесте бойынша анықталады және жобалауға арналған тапсырма бойынша нақтылануы мүмкін (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық).

4.4.4.3\* Тұрғын ғимараттарда жобаланатын пәтерлер үшін, пәтерлердің алаңы мен

тұрғын бөлмелердің саны жобалауға арналған тапсырмада анықталады, бұл ретте III – IV сыныпты пәтерлер және шағын габаритті тұрғын үйлер алаңының төменгі шектерін 7-кестеде көрсетілгеннен кем емес қабылдау ұсынылады (**Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық**).

**7\*-кесте – III – IV кластық тұрғын үй ғимараттары үшін ұсынылатын пәтер алаңдары (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық)**

шаршы метрмен

Тұрғын үй алаңының сипаттамасы	Тұрғын бөлмелер саны, кем емес			
	1	2	3	4
Тұрғын алаң	12-18	24-36	36-54	48-72
Пәтердің алаңы, Ең аз *	28	42	54	66

1) Бұл ретте тұрғын бөлмелердің саны 5-тен асатын жағдайда пәтерлер алаңының төменгі шектерін жобалауға арналған тапсырма бойынша анықтау керек.

2) Көп деңгейлі пәтерлерді жобалаған кезде ішкі пәтер баспалдақтары орналастыру үшін олардың алаңы 6 м<sup>2</sup> ұлғаяды.

3) Пәтерлерде халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының тұру мүмкіндіктері ескерілмеген алаңдар.

4) Пәтерлердің ең аз алаңына мыналар кіреді: тұрғын алаңның 12 м<sup>2</sup> × N, ас бөлменің ең аз алаңы – 5 м<sup>2</sup>, кіріктірілген шкафтардың 0,6 м<sup>2</sup> - 1 м<sup>2</sup>, ванна бөлмесінің - 2,25 м<sup>2</sup>, дәретхананың - 1,2 м<sup>2</sup>, ауыз үйдің ені – 1,2 м кем емес, дәліз – бөлмелердің жалпы саны және неғұрлым ықшам жоспарлау ескеріледі. 6 және 7 бөлмелі пәтерлер үшін 1-қосымша қосарлы 3 м<sup>2</sup> санитарлық торап қосылған.

5) Жобалау кезінде пәтерлер алаңының 5% шегінде ауытқуына жол беріледі.

\*Пәтерлердің алаңы жазғы (лоджия, терраса, балқон және т.б.) және қосымша үй-жайлардың (суық қойма, пәтерге жапсарлас тамбур және т.б.) алаңы ескерілмей берілген.

4.4.4.4 Бөлме саны 4-тен артық болған жағдайда, жай және алаң құрамы жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.4.4.5 Пәтерлерді бір деңгейде жобалаған кезде мынадай көлденең аймақтарға бөлу қабылданады: кіреберісте күндізгі келіп-кету аймағы, пәтердің түкпірінде – түнгі келіп-кету аймағы орналастырылады. Пәтерлердің екі деңгейде орналастырған кезде мынадай қабаттық (тігінен) аймақтарға бөлу қабылданады: бірінші қабатта пәтердің жалпы отбасылық жайлары – алдыңғы бөлме, ортақ тұрғын бөлме, ас үй, екінші қабатта жеке бөлмелер (жатын бөлмелер) және гигиеналық блок орналасады.

4.4.4.6 (**Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық**).

4.4.4.7 Ортақ бөлмені (қонақ бөлмені) холмен (кіреберіспен) қатар орналастыру және оларды кең ойығы бар есіктермен немесе жылжымалы аралық қабырғалармен кеңістіктік біріктіру ұсынылады. Ортақ бөлмені ас бөлмесі және ас үймен біріктіруге жол беріледі. Ортақ бөлмені (қонақ бөлмені) жобалауды отбасының күндізгі келіп-кетуі мен қонақ қабылдауға арналған мынадай функционалдық аймақтардың орналасуын ескере отырып жүзеге асыру ұсынылады:

а) қарым-қатынас жасау және демалу (оның ішінде аудио және бейне ақпараттарға арналған орындар бар);

б) шаруашылық жұмыстары мен жалпы қолданылатын тұрмыстық мақсаттағы заттардың орналасуы;

в) тағамды ауық-ауық қабылдау;

г) отбасы мүшелерінің жеке, кәсіби немесе әуесқойлық істері.

4.4.4.8 Жатын бөлмелерді ас үй мен баспалдақ торкөзінен алыс пәтердің неғұрлым оқшауланған бөлігінде орналастыру ұсынылады. Санитарлық тораптар жатын бөлмелерге жақын орналасуға тиіс.

Жылу және дыбыс оқшаулау, күн сәулесімен емдеу бойынша нормативтік мәндерді сақтаған кезде 1–2 бөлмелі пәтерлер үшін тұрғын бөлмелердің еркін жоспарлы орналасуына жол беріледі. **(Өзгерт.ред.-ҚТҮКШК 31.12.2025 ж. №176-НҚ бұйрық)**

4.4.4.9 **(Алынып тасталды – ҚТҮКШК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық).**

4.4.4.10 Жобалау тапсырма бойынша ортақ қонақ үй бөлмесінің орнына екі немесе үш ортақ отбасылық жайлар: есік ойықтарымен кеңістіктік біріктірілген қонақ бөлмені, ас үйді және демалуға арналған отбасы бөлмесін орналастыруға жол беріледі.

4.4.4.11\* III – IV сыныпты тұрғын ғимараттардың және шағын габаритті тұрғын үйлердің пәтерлерінің тұрғын бөлмелерінің ені: ортақ бөлменің (қонақжайдың) – 3,0 м; жатын бөлменің – 2,4 м кем болмауға тиіс **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық).**

4.4.4.12 I-II класты тұрғын үй ғимараттарының пәтерлеріне арналған тұрғын бөлмелер ені жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.4.4.13 Ортақ бөлме мен алдыңғы бөлме арасына жылжымалы қалқандар қолдануға жол беріледі.

4.4.4.14 Жатын бөлмелерді мынадай функционалдық аймақтарды орналастыруды ескере отырып жобалау ұсынылады:

- ұйықтау, киім-кешек пен төсек-орындарды, тұрмыстық мақсаттағы бұйымдарды сақтау;

- отбасы мүшелерінің жеке, кәсіби және әуесқойлық істері.

4.4.4.15 Бірнеше деңгейлерде орналасқан пәтерлерде жатын бөлмелерді негізінен, екінші және кейінгі қабаттарда орналастыру ұсынылады.

4.4.4.16 Жарық ойығы алаңының тұрғын үй бөлмелері, ас үй мен ас үйлік-асхананың еденіне қатынасын 1:5,5 аспайтын және кемінде 1:8; терезенің жарық техникалық сипаттамасын және қарсы тұрған ғимарат көлеңкесін ескере отырып, еңіс қоршау конструкцияларының жазықтығындағы жарық ойығы бар жоғарғы қабаттар үшін кемінде - 1:10 көлемде қабылдау керек.

4.4.4.17 I-II класты ғимараттар үшін ғимаратты жылытуға кететін жылу қуатының нормаланған басым шығыны, жарық саңылауларымен толтыру элементтерінің жылу қорғанысы қасиеттерін және табиғи жарықтылық коэффициентінің нормаланған мәнін қадағалауды ескере отырып, жайдың еденінің алаңына жарық саңылауы алаңының қатынасын өзгертуге жол беріледі.

4.4.4.18\* III – IV сыныпты тұрғын ғимараттардың және шағын габаритті тұрғын үйлердің пәтерлерінің жатын бөлмелерінің алаңы ең аз жиһаз жиынтығын орнату және жүретін жолдарды көздеу ескеріліп анықталады. Олар 10 м<sup>2</sup> кем болмауға тиіс **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық).**

4.4.4.19 Отбасы құрамының санына қарай пәтердегі ас ішетін алаңды асүйде, асүй – асханада, асхана немесе ортақ бөлмеде қарастыру қажет.

Асүй жарықтандыру көлемі мен деңгейіне, сондай-ақ отбасы мүшелерінің санына байланысты үш түрге бөлінеді:

а) асүй – ас даярлауға және ас қабылдауға арналған алаңы бар жай;

б) асүй – текше – ас даярлауға арналған және қажетті асүй жабдықтарымен қамтамасыз етілген бөлме бөлігі;

в) асүй-асхана – ас даярлау мен қабылдауға арналған жай.

4.4.4.20 Асүйдің жоспарлы ұйымдастырылуы, жабдықтардың құрамы мен өлшемдеріне байланысты ас даярлаудың жұмыс аймағы болуы мүмкін:

а) қабырғалардың бірінде орналастыру арқылы бір қатарлы;

б) екі аралас қабырғаларда орналастыру арқылы бұрыштық;

в) екі қарама-қарсы қабырғаларда орналастыру арқылы екі қатарлы;

г) п- типті.

4.4.4.21 *(Алынып тасталды – ҚТҮКШК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық).*

4.4.4.22 I және II санатты пәтерлер үшін асүй алаңы жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.4.4.23 Жуынатын бөлмеде немесе біріккен санитарлық торапта автоматты жуу машинасын орналастыруға арналған орын қарастыру ұсынылады.

4.4.4.24 Қойма бөлмелері және (немесе) кіріктіріме шкафтардың алаңын кемінде былайша қарастыру ұсынылады: бір және екі бөлмелі пәтерлерде - 0,6 м<sup>2</sup>; 3 және 4 бөлмелі пәтерлерде - 1 м<sup>2</sup>; 5, 6 және 7 бөлмелі пәтерлерде – жобалау тапсырмасы бойынша.

4.4.4.25 Еңісті қоршау конструкциялы үй-жайларында (соның ішінде мансардтық қабаттарда) көлбеу жазыққа қарай еңістену бұрыштары 30 °-тан 45 °-қа дейінгі биіктіктегі еденнен еңіс төбеге дейін 1,6 м-ден басталатын; көлбеу жазыққа қарай еңістену бұрыштары 45 °-тан басталатын және одан жоғары жағдайда биіктігі 1,9 м-ден басталатын алаң пайдалануға жарамды болып саналады. Бұл жағдайда биіктігі кемінде 2,5 м жай алаңының 50 % аспауы мүмкін.

4.4.4.26 Пәтер ішіндегі дәліздер, холдар биіктігі адамдардың қозғалыс қауіпсіздігі шарттарымен анықталады және кемінде 2,1 м құрауы тиіс.

4.4.4.27 Ортақ бөлмеде (қонақ үйде) ас қабылдау алаңын ұйымдастыра отырып, ас үй жабдықтарын орналастыруға жол беріледі.

4.4.4.28 Балкондар, лоджиялар мен террасаларды жобалау үшін қолайлы жағдайлар мыналар болып табылады:

а) тұрғын үй қасбетінен 2 м арақашықтықтағы көлік магистральдары немесе өнеркәсіптік аумақтан 75 дБ шу;

б) 1,5 мг/м<sup>3</sup> және 15 күннен астам және үш жаз айынан астам ауада шаң-тозаңның шоғырлануы.

4.4.4.29 Ашық жайларды – балкондар мен лоджияларды шынылаған кезде балкондар және лоджияларды ашылатын шыныландыруды қарастыру ұсынылады.

Жаздық жайларды қоршауды еденнің үстіңгі бетінен су бөлудің саңылаусыз немесе торлы құрылғымен орындауға жол беріледі.

4.4.4.30 Саңылаусыз қоршау орнату кезінде саңылауы бар жаздық жайдың еден деңгейінен төмен сыртқы жағынан оны төмендетуге немесе саңылаусыз қоршауларда саңылау арқылы оны шығара отырып, су ағысын қарастыра, плитаға тығыз орнату қажет.

Торлы қоршаулар болған жағдайда, элементтер арасындағы арақашықтық қауіпсіздік мақсатында 0,12 м артық қарастырмау қажет.

4.4.4.31 Пәтерлерді екі деңгейде жобалаған кезде олардың ауданы пәтерішілік баспалдақтарды орналастыру үшін 6 м<sup>2</sup> ұлғайтылады.

#### 4.4.5 Ғимараттар мен пәтерлердің қосалқы пайдалану үй-жайлары

4.4.5.1 Кір жуу бөлмесін инженерлік коммуникацияларды (кәріз және су құбыры желілері) орналастыру аймағына жақын, әдеттегідей, санитарлық-гигиеналық жайлармен немесе жуғышпен жабдықтау ұсынылатын ас үймен қатар орналастыру ұсынылады.

4.4.5.2 Киім ілетін бөлмені, әдеттегідей, жатын бөлмеден оған кіреберіске орнату ұсынылады. Жай енін кемінде 1,2 м қарастыру ұсынылады.

4.4.5.3 Киім ілетін бөлме жатын бөлме және санитарлық торап аралығында орналасуы және өтпе жол болуы, сондай-ақ пәтерішілік дәлізде орналастырылуы мүмкін.

4.4.5.4 Сауналарды сыртқы қабырғаға жапсарлас жайларға орналастырған кезде, желдету, әдеттегідей, табиғи қозғағыш арқылы (пештің астындағы аралас жайдан сору және төменгі аймақтан тарту арқылы) жеке вертикаль каналмен қамтамасыз етіледі.

Көп пәтерлі тұрғын үйлерде сауналарды жобалаған кезде мыналар ұсынылады:

а) сауна төбесі астына дренчерді немесе ішкі су құбырына (оның шегінен тыс) жапсарлас перфорацияланған құрғақ түтікті орналастыру;

б) 130 °С температураға қол жеткізілгенде, автоматты сөндіргіштен толық салқындағанға дейінгі жылытуға арналған, сондай-ақ 8 сағат сайын үздіксіз жұмысты қамтамасыз ететін зауыттық даярланған арнайы пешті орнату.

Буландыру бөлмесі үшін құрғақ түтікті орнатқан кезде оның диаметрін  $m^2$  қабырғаның бүйірлік үстіңгі бетіне кемінде 0,06 л/с суару қарқындылығы кезіндегі есеп бойынша анықтау керек, бұл жағдайда құрғақ түтік құбырындағы аралық 0,15 м бастап 0,2 м дейін, диаметрі 3 мм -5 мм саңылау және қабырғаның (арақабырғаның) үстіңгі бетіндегі су ағысының еңісін 20° бастап 30° дейін қарастыру.

4.4.5.5 Алаушақты бір ойық немесе ашылатын терезесі бар алаңы 12  $m^2$  аспайтын (көлемі 30  $m^3$ ) жайда тұрғызуға рұқсат етіледі. Тіктеме көтергіш қабырғалар конструкцияларының жанбайтын материалдары жану коэффициенті 2,5 сағаттан төмен емес тұтас қабырға алаушағының қабырғасынан бөлінуі тиіс.

4.4.5.6 Алаушақтарды, әдеттегідей, олардың бар түтіндік каналдарға (құбырларға) бірігу мүмкіндігін ескере отырып, жанбайтын материалдардан алынатын ішкі қабырғаларға орналастыру керек.

4.4.5.7 Алаушақтардың үстіңгі беттерін жайда айтарлықтай ауа алмасу, өкпек желдің пайда болуы, сондай-ақ отынның ашық оттықта жану процесіне кері ықпал ету мүмкіндігінің себебінен сыртқы қабырғалардың терезе ойықтарына қарама-қарсы орналастыру ұсынылмайды.

4.4.5.8 Алаушақтар жай арқылы басқа иелер өтпейтін, тазалау мен тексеруге ыңғайлы, қажетті сиретілген (кемінде 10 Па), биіктігі кемінде 5 м оқшауланған түтіндік арнамен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.4.5.9 Алаушақтар орнатылатын жайларда ашылатын жел көздер (фрамуга) бар терезелерді немесе сыртқы ауаны тартуға арналған басқа да құрылғыларды қарастыру керек. Тарту ойығының алаңы алаушақтарды жабық оттық және кемінде 200 см ашық оттық арқылы орнатқан кезде кемінде 100  $cm^2$  болуы тиіс. Ашылатын фрамугалары бар терезелер және желкөздер және биіктігі кемі 2,2 м үй-жайларда алаушақтарды орнатуға тыйым салынады.

#### **4.4.6 Қоғамдық мақсаттағы, тұрғын үй ғимараттарына кіріктіріме және кіріктіріме-жапсарлас үй-жайлар**

4.4.6.1 Тұрғын үй ғимараттарына кіріктіріме және кіріктіріме-жапсарлас үй-жайлар болатын мекемелер мен қоғамдық мақсаттағы кәсіпорындар орналастырылуы мүмкін.

Тұрғын үй ғимараттарына кіріктіріме кәсіпорындар мен қоғамдық мақсаттағы мекемелердің типологиялық топтары мен ұсынылатын номенклатурасы осы нормативтің В қосымшасында берілген. Бұл жағдайда сондай-ақ қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын ескеру қажет.

Пәтер типіндегі жатақханалардағы қызмет көрсету жайларының құрамы аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып және жергілікті өзін-өзі басқару басқарудың құзыретті органдарымен келісім бойынша жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.4.6.2 Көп қабатты тұрғын үй ғимараттарына кіріктіріме-жапсарлас қоғамдық мақсаттағы кәсіпорындар мен мекемелерді жобалаған кезде В қосымшасындағы нормаланатын (алаң, қуат және т. б.) көрсеткіштер шамасының ең төменгі шегін қабылдауға жол беріледі, ал оларды ұлғайту, номенклатураны орналастыру мен кеңейту жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша қабылданады.

4.4.6.3 Тұрғын үй көшелерінің бойында орналасқан көп қабатты үйлердің бірінші қабатында мыналарды орналастыру ұсынылады: кір жуу және химиялық тазалаудың қабылдау орындарын, жалға беру орындарын, тапсырыс беру үстелдерін, бірінші қажеттіліктегі өнеркәсіп тауарларын сату кәсіпорындарын, үй тұрғындарының бос уақытты өткізуге арналған жайларды (балалар ойындарына арналған жайларды, үйірмелерді, спорт залдарды және т. б.). Жертөлелік қабаттарда гараждарды, паркінгті орналастыру ұсынылады.

4.4.6.4 Қала және ауылдық маңыздағы көшелер бойында орналасқан тұрғын үй ғимараттарының бірінші қабаттарын сауда, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру нысандарын, дәріханаларды және байланыс бөлімшелерін және т. б. орналастыру үшін пайдалану ұсынылады.

4.4.6.5 Қала орталықтары мен жоспарлық аудан орталықтарындағы көп қабатты тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында сауда орталықтарын, әмбебап дүкендерді, универсамдарды, көлік және өзге агенттіктерді, әкімшілік мекемелерін орналастыру ұсынылады.

4.4.6.6 Бірінші қабатқа қоғамдық қызмет көрсету немесе өз-өзіне қызмет көрсету ғимараттың конструктивтік сызбасының өзгерісіне және тауарларды ғимараттың сыртқы жағынан кіргізуді ұйымдастыруға байланысты. Қоғамдық мекемелерді орналастыру қолайлылығы үшін бірінші қабатты қарқасты етіп жобалайды.

4.4.6.7 Кіріктіріме-жапсарлас салынған қоғамдық жайлар бар тұрғын үй ғимараттарын жобалаған кезде қоғамдық жайлар арқылы транзитпен өтетін тұрғын бөліктің инженерлік коммуникацияларды жөндеу мүмкіндігін ескеру қажет. Осы мақсатта тұрғын бөліктің инженерлік коммуникацияларын өткізуге арналған шахта өлшемі оған қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

4.4.6.8 Дүкендердің 400 м<sup>2</sup> дейін сауда алаңдарында сауда залы көлемінің шығыңқы жері 9 м дейін, үлкен сауда алаңы болғанда – 18 м дейін болуы керек.

4.4.6.9 Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттарында пайдаланылатын шатырда мынадай

аладарды орналастыруға жол беріледі: спорттық, ересектердің демалуына арналған алаң, кір кептіруге арналған, заттарды, жиһаздарды және киімдерді тазалау үшін, сондай-ақ тек ғимарат тұрғындарына арналған солярийлер.

Бұл жағдайда қауіпсіздіктің қажетті шараларын, оның ішінде пайдаланылатын шатыр периметрі бойынша жеткілікті биіктікті қоршау құрылғысы, сондай-ақ желдетуді шығаруға арналған қорғаныс құрылыстарын қамтамасыз ету қажет.

4.4.6.10 Пайдаланылатын шатырларды көріктендірудің қосымша элементтері жобалауға берілген арнайы тапсырыс бойынша орнатылады.

4.4.6.11 Тұрғын көп пәтерлі ғимаратта пайдаланылатын шатырды орнату кезінде техникалық шатыр, сондай-ақ акустикалық есеп негізінде шудан қорғау іс-шараларын қарастыру ұсынылады.

4.4.6.12 Шатырға инженерлік жүйелерді шығару, келушілер үшін қолжетімсіз алаңдарда орындау немесе оларды қоршауды қарастыру ұсынылады.

4.4.6.13 Кіріктіріме және кіріктіріме-жапсарлас жайлардың биіктігі, әдеттегідей, еденнен жоғарыда орналасқан қабаттың еденіне дейін 3 м бастап 3,6 м дейін қабылданады. Мысалы, шаштараз, кір жуу және химиялық тазалауды қабылдау орындары, халықпен жұмыс жасауға арналған жайлар және т.б. жайларға қойылатын технологиялық талаптар ғимараттың тұрғын бөлік жайының биіктігіне тең биіктікті қабылдауға мүмкіндік береді.

4.4.6.14 Тұрғын ғимараттарға кіріктіріме қоғамдық мақсаттағы жайларды жүктеуді былайша орындау қажет:

- терезелері жоқ тұрғын ғимараттардың сырт жақтарынан;
- жер асты туннельдерінен;
- тек арнайы жүктеу жайлары болған жағдайда, магистральдар (көшелер) жағынан.

#### **4.4.7 Тұрақтар (паркингтер)**

4.4.7.1 Тұрғын үй ғимараттарына кіріктіріме және кіріктіріме-жапсарлас қоғамдық мақсаттағы жайларға келушілерге арналған тұрақтар қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес ғимарат тұрғындарына арналған көлік қою аймағынан бөлек орналасуы тиіс.

4.4.7.2 Велосипедшілерге, келушілерге арналған тұрақтар қолжетімді, қауіпсіз және тұрғындарға арналған көлік қоятын орындардан жеке орналасуы тиіс.

4.4.7.3 Велосипедшілерге арналған қауіпсіз тұрақтар мынадай әдістерге жауап беруі тиіс:

- а) велосипед рамасы мен қос дөңгелектері бекітілетін тұтқыштар;
- б) тұрғындарға ғана қолжетімді жабық қорғалған аумақ;
- в) велосипедке арналған толығымен қоршалған жеке кілттенетін жәшік.

Ескертпе - Велосипедке арналған қажетті кеңістікті есептеу үшін велосипедтің мынадай өлшемі: 1,7 м × 0,7 м × 1 м қолданылуы тиіс.

4.4.7.4 Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттарына автотұрақтарды орнату кезінде жоғарыда жатқан тұрғын қабаттарды пайдаланылған газдардан оқшаулау жөніндегі іс-шараларды қарастыру қажет, атап айтқанда:

- а) тұрғын бөлмелер терезелері аумағынан тыс кіру (шығу) қондырғылары;

- б) кіреберіс жерге маңдайшалар орнату;
- в) тұрғын бөлікті тұрғын емес жайлар, оның ішінде техникалық қабаттың автотұрақ қабатынан бөлу;
- г) тұрғын үй ғимараты астына ашық автотұрақ орналастырған кезде ені кемінде 1 м техникалық қабаттың барлық периметрі бойынша маңдайша орнату.

4.4.7.5\* Тұрғын үй құрылысы аумағының шегінде қызмет көрсетілетін тұрғын үйлердің кіреберістерінен 200 м-ден аспайтын қашықтықта орналасқан 1000 тұрғынға 100 машина-орын есебінен тұрғындардың жеңіл автомобильдерінің автотұрағы (орынтұрағы) үшін, тұрғын ғимараттарға салынатын кеңсе үй-жайлары үшін ашық алаңдарды, сондай-ақ қонақ орындарды көздеген жөн.

Бұл ретте 1000 тұрғынға 100 машина орнының нормасын паркингтер (жерасты, жапсарлас салынған, жапсарлас салынған, бөлек тұрған) құрылғысымен өтеуге болады, бірақ 1000 тұрғынға 40-тан кем емес машина-орын. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.04.2021 ж. №54-НҚ бұйрық)**

4.4.7.6 Машиналық-орындардың есептік санын тұрғын үй қорының санатына байланысты жайлылық класының деңгейі үшін ҚР ЕЖ 3.01-101 бойынша анықтау керек.

4.4.7.7 Желдету саңылауларының конфигурациясы және жобалау ғимарат пен ландшафтың сыртқы түріне көзбен шолу ықпалын барынша азайтуы, сондай-ақ тұрғындарға әлеуеттік шу әсерін болдырмауы тиіс.

#### **4.4.8 Шудан қорғау**

4.4.8.1 Тұрғын үйлердегі шудан қорғау мынадай әдістерді қолдана отырып жүзеге асырылуы мүмкін:

а) қосалқы және қосымша жайлар пәтерлерінің магистралдық көшесіне, 3 бөлмелі пәтердің жалпы бөлмелеріне, сондай-ақ пәтерден тыс жайларға басым бағдар арқылы арнайы шудан қорғаныс жоспарлама;

б) сыртқы қоршау конструкцияларының шудан қорғаныс конструктивтік құралдары;

в) жоғары дыбыс оқшаулағыш қасиеттері бар терезелер мен балкон есіктері;

г) пәтерде нормативтік ауа алмасуды қамтамасыз еткен жағдайда, шудан қорғаныстың техникалық құралдары, оның ішінде клапан-бәсеңдеткіштер және т.б.

4.4.8.2 Тұрғын жайларды көлік шуынан қорғау сипаты бойынша жоспарлық-шудан қорғалатын тұрғын үй ғимараттары былайша жобалануы мүмкін:

а) тұрғын жайлардың толық жоспарлық шудан қорғанысы арқылы, онда барлық жатын бөлмелер мен ортақ бөлмелер (қонақ бөлмелер) терезелері акустикалық көлеңке жаққа бағдарланады;

б) шу деңгейі жоғары магистральдық көшеге 3 және одан көп тұрғын бөлмелері бар пәтерлердің ортақ бөлмелерінің (қонақ бөлмелердің) терезелері, ал барлық типтегі пәтерлердің жатын бөлмелері және 1-2 бөлмелі пәтерлердің ортақ бөлмелерінің терезелері – акустикалық көлеңке жаққа бағдарланатын тұрғын жайлардың жартылай жоспарлық шу қорғанысы арқылы.

4.4.8.3 Жай ғана бедері бар аймаққа құрылыс салу және көлік шуы тұрғын үй құрылысының, алайда қорғалатын аймақтан аспайтын деңгейде орналасқан магистральдық

көше арқылы тараған кезде, тұрғын ғимараттың жоспарлық-шудан қорғанысы мынадай көлемдік-жоспарлық сипаттамалармен жобаланады:

а) П, С-үлгідегі, сондай-ақ оларға жақын, оның ішінде О-үлгідегі және күрделі (акустикалық есептерді негіздеу жағдайында) жоспар конфигурациясы арқылы;

б) тұрғын жайлар аймағының созылымдылығы: магистральдық көше бойында - 100 м бастап және одан көп, ал көшеге перпендикулярлық орналасқан көлемдер - 30 м бастап және одан көп;

в) биіктігі – кемінде 20 м; төменгі биіктікке акустикалық есептерді негіздеген кезде жол беріледі.

Тұрғын ғимараттарды айтарлықтай бедерлі аймақтарға орналастырған, сондай-ақ көлік магистралын төмен қорғалатын аумақта орналастырған жағдайда, шудан қорғалған ғимараттың биіктігі дыбыстың таралу жағдайы нәтижесіндегі есеппен нақтыланады.

4.4.8.4 Магистральдық көшенің солтүстік жағына құрылыс салған кезде, екі деңгейде орналасқан орталық дәлізі мен пәтері бар дәліздік-секциялық, дәліздік немесе секциялық құрылымға немесе мүмкіндіктің екі жағына бағдарланған секциялар қабатындағы екі бір деңгейлі пәтерлі екі деңгейге немесе секциялық құрылымға әмбебап бағдарланған жоспарлық шудан қорғалған тұрғын ғимараттарды қолдану керек.

4.4.8.5 Әдеттегідей, терезелер мен есіктер жайды шудан қорғаудың ең әлсіз бөліктері болып табылады. Сондықтан, есіктер мен терезелерді таңдауға ерекше назар бөлу керек. Терезелер мен есіктер жабық тұрғанда көшедегі шу деңгейі мыналардан аспауы тиіс: жатын бөлмеде 35 дБ (А); өзге бөлмелерде 40 дБ (А). Әдеттегідей, терезе жүйелері шудан жақсы қорғаған сайын, пәтердегі желдету нашарлайды, сондықтан желдетудің балама жүйелерін қарастыру қажет.

4.4.8.6 Шудан қорғалған тұрғын ғимараттарда мыналарды қолдану керек:

а) дыбыс оқшаулаудың нормаланған индекстерден төмен емес индекстері бар сыртқы қабырғалар конструкцияларын;

б) жабық жағдайда көлік шуын 28 - 39 дБ (А), оның ішінде жеке қосарлы шыныланған, үш есе шыныланған (шыны пакеті және шыны арқылы жеке-қосарланған немесе екі камералы шыны пакет арқылы) көлемге төмендетуді қамтамасыз ететін тиімді шынысы бар терезені.

4.4.8.7 Пәтерлер схемасын жоспарлаған кезде, жатын бөлме мен ас үй, кір жуу немесе киім жуу бөлмелері сияқты жайлардың арасында ортақ қабырғаны болдырмау ұсынылады.

4.4.8.8 Инженерлік коммуникациялар немесе шу шығаратын өзге құрылғылардан шығатын шу деңгейі мына бөлмелерде мыналардан аспауы тиіс: жатын бөлмеде 35 дБ (А); өзге бөлмелерде 40 дБ (А).

4.4.8.9 Пәтер аралық жабындарда, қабырғалар мен арақабырғаларда ауа шуының оқшаулау индексі  $R_w = 52$  дБ төмен, жабындар үшін соққы шуының келтірілген деңгейінің индексі  $L_{nw} = 60$  дБ жоғары, пәтер және азық-түлік дүкені арасындағы жабынға арналған соққы шуының келтірілген деңгейінің индексі (дыбысты төменнен жоғары қарай бергенде)  $L_{nw} = 38$  дБ жоғары болмауы тиіс.

4.4.8.10 Шудың жол берілген деңгейін қамтамасыз ету үшін санитарлық аспаптар мен құбырларды тікелей пәтераралық қабырғалар мен арақабырғаларға бекітуді ҚР ҚН 2.04-03 талаптарын сақтауды ескере отырып орындау керек.

#### 4.4.9 Пайдалану кезінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

4.4.9.1 Нормаланған мәннен жоғары жер телімінде гамма-фон мен радиоактивті сәуле деңгейі кезінде тұрғын ғимарат салуға жол берілмейді.

4.4.9.2 Радоннан қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін құрылысқа бөлінген жер телімінде радон болған кезде қарастыру қажет.

Тұрғын ғимараттың техникалық еден астынан пәтерге радонның енуін шектейтін және бұл газдың бейтараптануына, сондай-ақ оның түсу жолдарын шектеуге бағытталған іс-шаралар тізіміне мыналар кіреді: еден астын қарқынды желдету және конструкциялардың саңылаулары мен тесіктерін мұқият саңылаусыздандыру, сондай-ақ 8-кестеге сәйкес өзге де іс-шаралар.

#### 8-кесте – Тұрғын жайларға радонның енуін шектейтін іс-шаралар

Іс-шаралар	Әсері
Жертөлелік немесе бірінші цокольдық қабат арасындағы аралық жабынды саңылаусыздандыру	Топырақтан радиацияның түсуін төмендету
Пәтерлердегі ауаны 0,5 м <sup>3</sup> /сағ есемен алмастыру	Радон құрамының нормативтік деңгейін қамтамасыз ету
Эпоксидті негізде бояу қабатымен қабырғалар үстіңгі беттерін жабу	Қабырғалардан радонның түсуін 10 есеге азайту
Қабырғалардың ішкі үстіңгі беттерін тұсқағаздармен желімдеу	Радонның түсу жылдамдығын 30 %-ға кідірту
Ескертпе - Техникалық шарттарға байланысты – екінші қабаттан бесінші қабат аралығындағы аралық жабынды саңылаусыздандыру.	

4.4.9.3 Баспалдақтардың, балкондардың, лоджиялардың, террасалардың қоршауларын МЕМСТ 25772 сәйкес орындау қажет.

4.4.9.4 Көп пәтерлі тұрғын ғимараттарды хабарландыру жүйелерімен жабдықтау ұсынылады:

- пәтерлерді;
- тұрғын үй кешенінің блоктарын;
- әрбір жеке лифтіні;
- адамдар ұжымдық келетін орындарды (вестибюльдерді, спорттық, сауық, көңіл көтеру орталықтарын, дүкендерді, мейрамханаларды және т. б.).

4.4.9.5 Пәтерлерде қабат шегінде апаттық шығу жолдарының әртүрлі нұсқаларын қарастыруға жол беріледі, оның ішінде:

а) пәтерден балконға немесе лоджияға (оның ішінде шыныланған) шыныланған ойықтар немесе шыныланған ойық және жазғы жайдың сырт жағы арасындағы аралық қабырға түріндегі қауіпсіздік аймағы арқылы шығу;

б) пәтерден аралас секцияға алып келетін ені кемінде 0,6 м өтпе жолға шығу;

в) пәтерден (дәлізден немесе лифтілік холдан) балкондарға немесе лоджияға балконды немесе лоджияны қабат бойынша біріктіретін жабдықталған сыртқы баспалдақпен шығу.

Мұндай аралық қабырғалар жанбайтын материалдардан орындалуы және шыныланған ойықтан жанбайтын қалқанға дейін (лоджия немесе балконның сырт жағынан) ені кемінде 1,2 м немесе пәтер ішіндегі шыныланған ойықтар арасы – кемінде 1,6 м болуы тиіс.

4.4.9.6 Үй элементтерінің конструктивтік шешімдері (оның ішінде бос орындардың орналасуы, конструкциялар арқылы құбыр жолдарын өткізу орындарын саңылаусыздандыру тәсілдері, желдету саңылауларын орнату, жылу оқшаулау орындарын орнату және т. б.) кеміргіштердің енуінен қорғауды қарастыруы тиіс.

4.4.9.7 Тұрғын ғимаратта және үй жанындағы аумақта тұрғын ғимаратта тұратын адамдарды қорғауға және заңсыз әрекеттер туған жағдайда, келтірілген шығындарды азайтуға ықпал ететін қылмыстардың және олардың салдарларының пайда болуы тәуекелдерін азайтуға бағытталған іс-шараларды қарастыру қажет. Бұл іс-шаралар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жобалау тапсырмасымен белгіленеді және жарылыстан қорғаныс конструкцияларын, домофондардың орнатылуын, бейнебақылауларды, кодты құлыптарды, күзет сигнализациясы жүйелерін, бірінші, цокольдық және жоғары қабаттарда терезе ойықтарының қорғаныс конструкцияларын, жертөле өткелдерінде, сондай-ақ кіреберіске, жертөлеге, шатырға және қажеттілікке қарай өзге жайларға алып жүруші есіктерді қолдануды қамтиды. Жалпы қауіпсіздік жүйелері (теледидарлық бақылау, күзет сигнализациясы және т. б.) заңсыз кіру мен вандализмнен өртке қарсы жабдықтардың қорғалуын қамтамасыз етуі қажет. Қылмыстық әрекеттер тәуекелдерін азайтуға бағытталған іс-шараларды пайдалану кезеңінде толықтыру керек.

4.4.9.8 Жабынды пайдаланатын тұрғын ғимараттарды оларды тиісті қоршау құрылғылары, желдеткіштің шығыңқы жерлерін қорғау және жабында орналасқан басқа инженерлік құрылғыларды, сондай-ақ қажет жағдайда – төменде орналасқан жайлардың шу қорғанысы жолымен қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету керек. Жабынды пайдаланатын қоғамдық мақсаттағы кіріктірілме-жапсарлас жайларды, сондай-ақ тұрғын ғимараттар, оның ішінде үйдің ересек тұрғындарының демалуы үшін спорттық алаңдар, кір кептіру және киім тазалау алаңы мен солярый құрылғылары үшін пайдаланылатын ашық тұрғын емес қабаттар (бірінші және аралық қабат) арасындағы біріктіруші элементтердің жазғы пәтерден тыс жайларына кіреберіс аймақты қажетті қауіпсіздік шараларымен (желдету өнімін қорғау жөніндегі шаралар мен қоршау құрылғысы) қамтамасыз ету қажет.Т

4.4.9.9 Электр қалқандарын, бас стансаларға арналған жайларды, техникалық орталықтарды, кабельдік телевидениені, дыбыстық трансформаторлық шағын стансаларды, сондай-ақ телефон тарату шкафтарына арналған орындарды ылғал үдерістері бар (жуынатын бөлме, санитарлық торап және т. б.) жайлардың астына орналастырмау керек.

Бас стансалар жайларына, техникалық орталықтарға, дыбыстық трансформаторлық шағын станцияларға тікелей көшеден кіретін жер, электр қалқан жайына (оның ішінде байланыс қондырғысы, диспетчерлендіру және теледидар және т. б.) көшеден тікелей немесе қабаттық пәтерден тыс дәлізден (холдан) кіретін жер болуы тиіс; ТТҚ орнату орнына кіретін жер аталған дәлізден болуы тиіс.

4.4.9.10 \* Балалардың жарақат алуын және құлау мүмкіндігін болдырмау мақсатында терезе блоктары құлыптармен және (немесе) қауіпсіздік механизмдерімен жабдықталуы

тиіс. (Толықтырылды – ҚТҮКШК 10.01.2020 ж. №7-НҚ бұйрық, Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 29.05.2025 ж. №81-НҚ бұйрық)

#### 4.4.10 Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету

4.4.10.1\* Тұрғын бөлмелерде және ас үйде ауа ағыны реттелетін терезе жармалары, фрамугалар, желкөздер, клапандар немесе басқа да құрылғылар, оның ішінде реттелетін ашылуы бар дербес қабырғалық ауа клапандары арқылы қамтамасыз етіледі. III және IV климаттық аудандар үшін жобаланатын пәтерлер пәтер алаңы шегінде шахталар арқылы өтпелі (бұрыштық) желдетумен немесе тік желдетумен қосымша қамтамасыз етілуі тиіс. (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).

4.4.10.2 Шатыры жылы ғимараттар шатырынан ауа шығаруды соңғы қабаттың үстіндегі аражабыннан басталатын шахтасының биіктігі кемінде 4,5 м үйдің әрбір секциясына арналған бір тарту шахтасы арқылы қарастыру керек.

4.4.10.3 Сорғыш желдеткіші жоқ жертелелердің сыртқы қабырғаларына, техникалық еден астыларына сыртқы қабырғаның периметрі бойынша біркелкі орналасқан жертеле немесе техникалық үй асты қоймасы еденінің жалпы алаңы кемінде 1/400 алаң жел өтуді қарастыру керек. Бір жел өту алаңы кемінде 0,05 м<sup>2</sup> болуы тиіс. Салқын шатырды желдету үшін ҚР ЕЖ 3.02-137 сәйкес ғимараттың әрбір жағының сыртқы қабырғасынан саңылау қарастыру керек.

4.4.10.4 Қоқыс шығару бағаны тұрғын жайларды қоршап тұратын қабырғаға жанаспауы тиіс. Қоқыс жинайтын камераны тұрғын бөлмелер астына немесе олармен аралас орналастыруға жол берілмейді.

4.4.10.5 Жатын бөлмелерге санитарлық тораптарды орнатқан кезде, жобалау тапсырмасы бойынша шудан қорғау мақсатында оларды бір-бірінен олардың арасындағы кіріктірме киім ілетін бөлмемен бөлу немесе қоршау конструкциялардың дыбыс оқшаулағышын қарастыру.

4.4.10.6 Климаттық ауданға байланысты тұрғын ғимаратқа негізгі кіреберіске көлемі кемінде 1,65 м × 1,65 м тамбур қарастырылады.

Тұрғын ғимараттарға кіреберістегі екі тамбурды 9-кестеге сәйкес ғимараттың қабаттылығына және құрылыс алаңына байланысты жобалау қажет.

#### 9-кесте – Қосарлы тамбурларды орнату

Барынша суық бес күннің орташа температурасы, °С	Қабаттар саны бар ғимараттардағы қос тамбур
Минус 20 және одан жоғары	16 және одан жоғары
Минус 20 төмен минус 25 дейінді қоса алғанда	12 және одан жоғары
Минус 25 төмен минус 35 дейінді қоса алғанда	10 және одан жоғары
Минус 35 төмен минус 40 дейінді қоса алғанда	4 және одан жоғары
Минус 40 және одан төмен	1 және одан жоғары

4.4.10.7 Тұрғын үй құрылысының аумағындағы өнеркәсіптік жиілігі 50 Гц электрлік өріс кернеуі ауыспалы тоқ электр берілісінің ауа желісі мен басқа да нысандардағы 1,8 м биіктіктегі жердің үстіңгі бетінен 1 кВ/м аспауы тиіс.

4.4.10.8 Жоғары тығыздықтағы құрылыс шарттарында және қала құрылысы шарттарына байланысты толық инсоляцияны қамтамасыз ету мақсатында мыналарды қолдану ұсынылады:

а) тұрғын үй ғимараттары мен секцияларын оқшаулаудың әртүрлі тәсілдерін (жоспардағы жылжымалы секциялар, қосымша бұрылыстар және т. б.);

б) құрылыстың ішкі көлегейлі бұрыштарына баспалдақ торларын немесе баспалдақ-лифтлік тораптарды орналастыру арқылы тұрғын ғимараттар мен секцияларды;

в) кең корпусты тұрғын ғимараттар мен секцияларды;

г) бағдарланған тұрғын ғимараттарды;

д) тұрғын бөлмелердің нормаланған инсоляциясын ескере отырып, жоспардағы ғимараттың (оның ішінде секциялардың) шығыңқы және тереңдетілген элементтер үйлесімі;

е) көлегейленген аймақтарда инсоляцияны талап етпейтін тұрғын емес жайлар үшін орналастыру;

ж) мансардтық қабаттарды салу;

и) шу деңгейі жоғары бар магистральдық көшенің бойына жоспарлық-шудан қорғалған тұрғын ғимараттарды орналастыру.

4.4.10.9 Пәтер жайларының көлегейленуін азайту үшін жаздық жайларды (лоджиялар, балкондар, дәліздер) орналастырудың мынадай әдістерін қолдану ұсынылады:

а) тұрғын бөлменің терезе ойығына қатысты жылжыту;

б) терең емес жайдың алдында орналастыру;

в) инсоляцияны талап етпейтін жайдың (ас үй, алдыңғы бөлме) алдында, сондай-ақ пәтердің қалған тұрғын бөлмелерінің нормаланған инсоляциямен қамтамасыз ету шартымен тұрғын бөлменің алдында орналастыру.

Инсоляцияның нормаланатын ұзақтығы: бір, екі және үш бөлмелі пәтерлерде – кемінде бір тұрғын бөлмеде; төрт және одан көп бөлмелі пәтерде – кемінде екі тұрғын бөлмеде қамтамасыз етілуі тиіс.

4.4.10.10 Табиғи жарықтандыру тұрғын бөлмелерде, ас үйлерде, кіреберіс тамбурларда (пәтерге тікелей апаратындардан басқа), баспалдақ торларында, дәліз типіндегі тұрғын ғимараттардың ортақ дәліздерінде, сондай-ақ тұрғын ғимаратқа кіріктіріме қоғамдық мақсаттағы жайларда және жатақханаларда болуы тиіс.

4.4.10.11 Табиғи жарықтандыруды ҚР ЕЖ 2.04-104 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

Табиғи жарықтандыру екі жарықты жайлардағы, кір жуатын бөлмедегі, қоймадағы, киім ілетін бөлмедегі, ванна бөлмесіндегі, дәретханадағы, біріккен снитарлық тораптағы, ішкі пәтерлік дәліздер мен холдардағы, пәтер жанындағы тамбурлардағы, қабаттық пәтерден тыс дәліздердегі, вестибюльдердегі және холдардағы антресольдың астында орналасқан жайлар үшін нормаланбайды.

4.4.10.12 Барлық тұрғын бөлмелер мен ас үй пәтері жарық ойығының осы жайлардың еден алаңына қатынасы, әдеттегідей, 1:5,5 аспауы тиіс. Ең төменгі қатынас кемінде 1:8 болуы тиіс.

4.4.10.13 Мансардтық қабаттар үшін мансардтық терезелерді қолдану кезінде 1:10 қатынасты қабылдауға жол беріледі.

4.4.10.14 Жалпы дәліз ұзындығы сыртқы қабырғалардағы жарық ойығы арқылы жарықтандырған кезде бір шет жағы 24 м, екі шет жағы – 48 м аспауы тиіс. Дәліздің үлкен ұзындығы кезінде жарық қалталары арқылы қосымша табиғи жарықтандыруды қарастыру қажет.

4.4.10.15 Екі жарық қалталары арасындағы арақашықтық 24 м аспауы, ал дәліздің сырт жағындағы жарық қалтасы мен жарық ойығының арасы - 30 м аспауы тиіс. Жарық қалтасының ені оның тереңдігінің жартысынан кем болмауы тиіс (жақын орналасқан дәліз енін есептемегенде).

4.4.10.16 Екі жағынан орналасқан баспалдақ торы ретінде қызмет ететін жарық қалтасы арқылы дәлізді 12 м дейін жарықтандыруға жол беріледі.

4.4.10.17 Мансардтық қабаттағы (және еңіс қоршау конструкциялары бар жоғары қабаттардағы) тұрғын жайлар инсоляциясының жағдайын жақсарту үшін терезе ойықтарын жабынның еңіс жазықтығында және қоршау қабырғалық конструкцияларда орналастырған жөн.

4.4.10.18 Табиғи желдету барлық тұрғын жайларда қарастырылуы тиіс.

4.4.10.19 Терезелерді оңтүстік-батысқа бағдарлаған кезде, уақыттың жазғы мерзімінде шектен тыс инсоляцияны және жайдың қызып кетуінің алдын алатын күннен қорғау құрылғыларын қарастыру ұсынылады.

4.4.10.20 Әрбір тұрғын жайда ҚР ЕЖ 4.02-101 талаптарына сәйкес кем дегенде бір ашылатын терезе болуы тиіс.

Әрбір бөлмедегі ашылатын терезелер бөліктерінің жиынтық алаңы шыныланған үстіңгі бет ауданының кемінде 45 % құрауы тиіс.

4.4.10.21 Әртүрлі жаққа бағдарланған пәтерлер бар үйлердің ені 24 м аспауы қажет. Табиғи жарықтандыру және желдету шарттары бойынша бір пәтердің тереңдігі терезеден 10 м аспауы тиіс.

4.4.10.22 Тереңдігі 6 м асатын тұрғын үй бөлмелерін кемінде 4 м енмен жобалау ұсынылады. Тар және терең бөлмелер ұсынылмайды.

## **4.5 Конструктивтік шешімдер**

4.5.1 Ғимараттар мен құрылыстарды жобалаған кезде әсіресе үнемділік пен құрылысты индустрияландыруға ықпал ететін талаптарға ең жоғарғы деңгейде жауап беретін конструктивтік шешімдерді қолдану қажет.

4.5.2 Белгілі бір көтергіш конструкцияға арналған сенімділік деңгейін анықтау үшін көтергіш конструкциялардың элементтер жіктемесі сияқты, жалпы алғанда, көтергіш конструкциялар жіктемесін жүргізуге жол беріледі.

4.5.3 Құрылыс конструкциялары мен ғимарат қондырғылары қызмет етудің нормаланған мерзімі бойында осы нормалар талаптарына сәйкес өзінің қасиетін сақтауы тиіс.

4.5.4 Ғимараттың беріктілік, төзімділік конструкциясын есептеу ғимарат конструкциясының механикалық беріктілігін қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4.5.5 Есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтаған кезде, әдеттегідей, жүктемелерді,

салмақты және жоспардағы ғимараттың қаттылығын тарату ерекшелігін және биіктігі бойынша, сондай-ақ сейсмикалық әсер кезінде деформацияланудың кеңістіктік сипаттамасын ескеретін динамикалық есептік сызбаларды қолдану керек.

4.5.6 Ірі панельді үйлерде көтергіш қабырғаларда ойық құрылғысы бар пәтерлерді қайта жоспарлауға жол берілмейді.

Ірі панельді көтергіш қабырғалы көп пәтерлі үйлер тұрғын ғимараттардағы пәтерлерді тек көтергіш емес конструкцияларды (кіріктірме ағаш шкафтарды, арақабырғаларды) бөлшектеу есебінен ғана жол беріледі.

4.5.7 Көтергіш кірпіш қабырғалы үйлердегі пәтерлерді қайта жоспарлаған кезде көтергіш қабырғалардағы ойық құрылысын олардың көтергіш қабілетін және пайдалану жарамдылығын бір мезгілде арттыру арқылы жүзеге асыру қажет.

4.5.8 Тұрғын көп пәтерлі үйлердегі пәтерлерді қайта жоспарлауды мамандандырылған ғылыми-зерттеу немесе жобалық ұйым әзірлеген атқарушылық құжаттама негізінде жүзеге асыру қажет.

4.5.9 Арақабырға типіндегі көтергіш емес қабырғалық элементтердің беріктілігі, қаңқаларды, күрделі қаптауды толтыру және олардың бекіткіштері жазықтықтан болатын көлденең есептік сейсмикалық жүктемелер әрекетінің есебімен айғақталуы тиіс.

4.5.10 Конструктивтік элементтердің ұзақ мерзімділігі мен отқа төзімділігі ылғалдың, төмен температураның, агрессивтік ортаның, биологиялық және басқа да қолайсыз факторлар мен оларды физикалық, химиялық, биологиялық және басқа да әсерлерден қорғаудың ықтимал әсерінің төзімділігіне ие тиісті құрылыс материалдары мен бұйымдарды қолданумен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.5.11 Ғимараттың көтергіш және қоршау конструкцияларының қалыңдығына жауын-шашын, қар, топырақ суының енуін және жинақталған ылғалдың жол бергісіз мөлшерінің пайда болуын болдырмау үшін сыртқы қоршау конструкцияларды немесе жабық кеңістіктегі желдеткіш құрылғысын және ауа қабатын, сондай-ақ қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қажетті қорғаныс құрамы мен жабынын жеткілікті герметиктеуді қолдану қажет.

## **4.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділік**

4.6.1 Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттарын жобалауды ҚР ЕЖ 3.06-101 талаптарына сәйкес халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының қажеттілігін ескере отырып жүргізу керек.

4.6.2 Халықтың мүмкіндігі шектеулі тобына қолжетімді кіреберістегі кіреберіс алаңда мыналар болуы тиіс: жаппа, су бөлу, жергілікті климаттық жағдайға байланысты – жабынның үстіңгі бетін жылыту. Есіктің бір бөлігін сыртқа ашқан кездегі кіреберіс алаңының көлемі кемінде 1,4 м × 2,0 м немесе 1,5 м × 1,85 м болуы тиіс. Пандус бар кіреберіс алаңының көлемі кемінде 2,2 м × 2,2 м.

4.6.3 \* Мүгедек адамдар мен егде жастағы адамдар тұруға арналған пәтерлері бар көппәтерлі тұрғын үйлерді отқа төзімділіктің екінші деңгейінен төмен емес жобалау қажет.

Әлеуметтік тұрғын үй қорының тұрғын үйлерінде пәтер саны мен мүгедек адамдардың жекелеген санаттары бойынша пәтерлерді мамандандыру жобалауға арналған тапсырмамен белгіленеді, бірақ пәтердің жалпы санының 5 %-нан кем болмауға тиіс.

*(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 08.06.2022 ж. №115-НҚ бұйрық).*

4.6.4 Халықтың мүмкіндігі шектеулі тобының ғимарат ішінде жылжу жолдарын адамдарды ғимараттан эвакуациялау жолдарына қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес жобалау керек.

Кресло-арбаны жүргізген кезде жүру (дәлізде, жайда, галереяда және т.б.) жолының ені кемінде мынадай тазалықта болуы тиіс:

- бір бағытта 1,5 м;
- қарама-қарсы бағытта 1,8 м.

4.6.5 Қарт және мүгедек бар отбасыларға арналған пәтерлерде балкондар мен лоджиялардың ені кемінде 1,4 м (сыртқы қабырғадан балкон қоршауына дейін) болуы тиіс.

4.6.6\* Есіктің ойықтары, әдетте, табалдырықтар мен еден биіктігінде шектер болмауы тиіс. Табалдырықтарды орнату қажет болған жағдайда олардың биіктігі 0,014 м аспауы тиіс. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).**

4.6.7 **(Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).**

4.6.8 Унитаздың алдыңғы шетінен бастап сыртқа ашылатын есікке дейінгі немесе ішке қарай ашылатын ашық есікке дейінгі арақашықтық кемінде 1,2 м болуы тиіс.

4.6.9 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары жеке пайдалану үшін санитарлық-гигиеналық жайлар жоспарындағы көлем мыналардан кем болмауы тиіс, м:

- жуынатын бөлме немесе біріккен санитарлық торап 2,2 × 2,2;
- қол жуғыш бар (қол жуғышы) бар дәретхана 1,6 × 2,2;
- қол жуғышсыз дәретхана 1,2 × 1,6;

4.6.10 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарына арналған санитарлық тораптардағы қабырғалар тұтқалардың сенімді бекітілуін қамтамасыз ету үшін бекітілуі тиіс.

4.6.11 Жарыққа ашық және есік ойықтарының, жайлардан және дәліздерден баспалдақ торына шығу ені кемінде 0,9 м болуы тиіс.

## **4.7 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау**

### **4.7.1 Жылыту, желдету, ауа баптау және газбен жабдықтау**

**(Атауы өзгертілді – ҚТҮКШІК 01.08.2018 ж. №171-НҚ бұйрық)**

4.7.1.1 Инженерлік желілердің барлық түрлерін, желдетуді тарту және қондырғыларды орнату үшін ҚР ЕЖ 4.02-101 талаптарына сәйкес тұрғын үйдің қоршау кеңістігіне тік арналар, шахталар, бағандар жобаланады. Пәтерлердегі желдету ас үй мен санитарлық тораптар қабырғаларында орналасқан тарту арналарының көмегімен табиғи жолмен жүзеге асырылады.

4.7.1.2 Ауаның есептік параметрі мен тұрғын үй ғимараттарындағы ауа алмасу еселігі Г қосымшасының талаптарына сәйкес есептеледі.

4.7.1.3 Қажеттілік кезінде жылдың жылы маусымында ауаның салқындауын қарастыра отырып, тұру үшін барынша жайлы жағдай жасауға болады. Барынша қарапайым нұсқа – пәтерге жеке типті (сплит-жүйе) ауа баптау орнату; бұл жағдайда жобалау кезінде ғимараттың сәулеттік бейнесін бұзбау үшін сыртқы блоктарды орнату үшін арнайы орындар қарастыру қажет.

4.7.1.4 Қорытынды температураның жергілікті ассимметриясы оңтайлы көрсеткіштер үшін 2,5 °С аспауы және жол берілетін көрсеткіштер үшін 3,5 °С аспауы тиіс.

Қызмет көрсететін әртүрлі нүктелердегі микроклимат көрсеткіштерін қамтамасыз ету кезінде мыналарға жол беріледі:

1) оңтайлы көрсеткіштер үшін ауа температурасының түсуі 2 °С артық емес;

а) жол берілетін көрсеткіштер үшін – 3 °С артық емес;

б) қызмет көрсетілетін аймақтың биіктігі бойынша жайдың қорытынды температурасының түсуі - 2 °С артық емес;

2) оңтайлы көрсеткіштер үшін ауа қозғалысы жылдамдығының өзгерісі - 0,07 м/с артық емес

а) жол берілетін көрсеткіштер үшін – 0,1 м/с артық емес;

3) оңтайлы көрсеткіштер үшін ауаның салыстырмалы ылғалдылығының өзгерісі - 7 % артық емес;

а) жол берілетін көрсеткіштер үшін –15 % артық емес.

4.7.1.5 Жылдың суық маусымында тұрғын үй жайларында оларды жұмыс уақытында пайдаланбағанда, ауа температурасын нормаланғаннан төмен, алайда 15 °С төмен қабылдауға болмайды.

4.7.1.6 Аймақтағы жылдың жылы маусымындағы сыртқы ауаның есептік температурасы арқылы жайдағы 30 °С және одан жоғары ауа температурасын құрылыс климатологиясы бойынша қолданыстағы нормативтік құжатта көзделгендегіден 0,4 °С жоғары және сыртқы ауа температурасының әрбір градусын арттыра, сондай-ақ сыртқы ауа температурасының әрбір градусын арттыруда тиісінше ауа қозғалысының жылдамдығын 0,1 м/с ұлғайта отырып қабылдау керек. Бұл жағдайда көзделген шартта жайдағы ауа қозғалысының жылдамдығы 0,5 м/с аспауы тиіс.

4.7.1.7 Тұрғын ғимараттың қоршау конструкцияларын жылу техникалық есептеу кезінде жылытылатын жайдың ішкі ауасының температурасын кемінде 20°С, салыстырмалы ылғалдылықты – 50 % қабылдау керек.

4.7.1.8 Желдету мыналар арқылы болуы мүмкін:

а) табиғи тарту және ауаны шығару арқылы;

б) сорудың механикалық қозғаушысы және ауаны, оның ішінде ауаны жылытумен біріктірілген ауаны шығару арқылы;

в) табиғи сорумен біріктірілген және ішінара механикалық қозғаушыны пайдаланумен ауаны шығару арқылы.

4.7.1.9 Асүйлер мен санитарлық тораптардың желдету жүйелерін жобалаған кезде: осы пәтердің ас үйінен шығатын желдету арнасы бар жуынатын бөлмені немесе душ (унитазы жоқ) бөлмесінен көлденең желдету арналарын; дәретханадан, жуынатын (душ) бөлмеден және сол пәтердің кептіру шкафынан шығатын көлденең желдету арналарын; ас үйлердің, шаруашылық жайларының, дәретхананың, жуынатын бөлмелер мен ортақ желдету арнасындағы кептіру шкафтарының тігінен желдету арналарын біріктіруге болады. Мұндай біріктірулерге жапсарлас жергілікті арналар арасындағы биіктік бойынша арақашықтық кемінде 2 м құрайды.

4.7.1.10 Жабық баспалдақ торларын желдетуді және ауасын тазартуды фрамугалар мен желкөздерді ашатын желдету шахталарымен орнатуды қамтамасыз ету керек. Терезесі жоқ баспалдақ торларын желдетуді сору арналары мен шахталар арқылы жүзеге асыру керек.

4.7.1.11 Ауаны тартуды нормалау арқылы жайлар үшін кетірілген ауа өтемін сыртқы ауаның түсу есебінен, сондай-ақ оның осы пәтердің басқа жайларынан келуі есебінен қарастыру керек.

4.7.1.12 Жылы шатыры бар ғимараттарда шатырдан ауаны кетіруді соңғы қабат үстіндегі жабыннан кемінде 4,5 м шахта биіктігі бар үйдің әрбір секциясына бір сору шахтасы арқылы қарастыру қажет.

4.7.1.13 Сорғы және жылу алмастыру қондырғыларының саны және олардың бірліктік өнімділігі олар істен шықпауы немесе олардың бөлігін жөндеуге шығармас үшін климатизацияға және ыстық сумен жабдықтауға есептік жылу жүктемесін толық қамтамасыз ететіндей ретпен есептеледі.

4.7.1.14 \* Пәтер бойынша газ отынындағы су жылытқыштарын (оның ішінде шағын жылыту қазандықтары) биіктігі бес қабатқа дейін қоса алғанда, қатты отынмен екі қабатқа дейін қоса алғанда (жертөле қабатын есептемегенде) тұрғын үйлерде көзделуі мүмкін.

Газ отынындағы пәтер бойынша жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу генераторлары (оның ішінде түтін газдарын мәжбүрлеп шығару құрылғысы бар қауіпсіздік автоматикасымен жабдықталған жабық жану камерасы бар, табиғи газды қолданатын қабырғалық газ қазандықтары) биіктігі 28 метрден аспайтын тұрғын үй ғимараттарында орнатуға жол беріледі (адамдарды эвакуациялау және құтқару үшін).

Қатты отында жұмыс істейтін пәтер бойынша жылу генераторлары ас немесе жеке бөлмелерде орнатылуы қажет. Бір, екі қабатты үйлерде жылу генераторы орналасқан ғимаратқа кіреберісті пәтердің қосалқы бөлмесінен жабдықтауға болады. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 12.08.2021 ж. №120-НҚ бұйрық).**

4.7.1.15 Түтін газды бұрулар ҚР ЕЖ 4.02-101 және ҚР ЕЖ 4.03-101 талаптарына сәйкес қарастырылуы тиіс.

Әрбір жылу генераторынан бастап көп қабатты тұрғын үй ғимаратының қасбет қабырғасы арқылы түтін құбырларын құруға тыйым салынады **(Толықтырылды – ҚТҮКШК 01.08.2018 ж. №171-НҚ бұйрық).**

4.7.1.16 Жылу генераторларының жалпы жылу өнімділігі жылу генераторларының үй-жайларында орналастырылған кезде 100 кВт-тан, ас үйде орналастырылған кезде 35 кВт-тан аспауы керек **(Толықтырылды – ҚТҮКШК 01.08.2018 ж. №171-НҚ бұйрық).**

4.7.1.17 I-III сыныпты тұрғын үйдің көппәтерлі тұрғын үйіндегі жылу тасымалдағыш кіретін орында сәулет, қала құрылыс және құрылыс саласындағы мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес әрбір пәтерге арналған жылу энергиясын бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған басқару пункті және энергиясын есепке алу аспабы бар және қондырғылар көзделген.

IV сыныпты және шағын габаритті тұрғын үйлер үшін жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес әрбір пәтерге жылу энергиясын есепке алу аспабы бар жеке блоктарды орнатпай, жылу жүйесін тік сыммен жабдықтауды көздеуге рұқсат етіледі **(Толықтырылды – ҚТҮКШК 19.07.2022 ж. №151-НҚ бұйрық).**

## 4.7.2 Сумен қамту және кәріз желілері

4.7.2.1 Тұрғын ғимараттарда ҚР ЕЖ 4.01-101 талаптарына сәйкес жобаланатын шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және ыстық сумен жабдықтау, сондай-ақ кәріз

желерілері мен суағар қарастыру керек.

4.7.2.2 Сумен қамтамасыз ету жүйесі мен канализация судың негізгі және қосалқы қондырғыларға және аспаптарға жеткілікті көлемде түсуін және сынусыз және судың ағуынсыз қалыпты және қауіпсіз жұмыс істеуі үшін қажетті қысымды қамтамасыз етуі тиіс.

4.7.2.3 Ішкі кәріз желілерін тартуды мыналарда қарастыру керек:

а) ашық - еден астында, жертөлелерде, цехтарда, қосалқы және қосымша жайларда, дәліздерде, техникалық қабаттарда және ғимарат конструкцияларына бекіту арқылы желілерді орналастыруға арналған арнайы жайларда (қабырғаларда, колонналарда, аражабындарда, фермаларда және т. б.);

б) жасырын – өңделген құрылыс конструкцияларында, еден астында (топырақта, арналарда), панельдерде, қабырғалар штрабтарында, колонналар қаптамаларының астында (қабырғалардағы тіреу қораптарында), санитарлық-техникалық кабиналарда, тік коммуникациялық шахталарда.

4.7.2.4 Тірек арматурасының құрылғысы, өлшеу аспаптары, қысым реттегіштер бар пәтерлер мен басқа да жайлардағы су бөлетін бағандар мен су құбырын қосқыштар осы жүйеге қызмет көрсететін тек техникалық қызметшілердің оларға тәуліктің кез-келген уақытында еркін мүмкіндік ытималдығы арқылы коммуникациялық шахталарға немесе арнайы техникалық шкафтарға орнатылуы тиіс.

4.7.2.5 Кәріз желерілері анализация бағандарының диаметрі суағардың есептік шығындарының көлемі мен жүйе параметріне байланысты.

4.7.2.6 Биік ғимараттар үшін суды жердің үстіңгі беті бойынша төселетін арнайы ыдыстарға түсіретін суағардың ашық шығарылымын орнатуға тыйым салынады, өйткені бұл іргелес аумақты су басуға, жекелеген жағдайда ғимараттың жерасты қабаттарын су басуға жиі алып келеді.

4.7.2.7 Суағар бағандары тұрғын пәтерлер және қызмет көрсетуші қызметшілерге еркін мүмкіндік жоқ басқа жайлар шегінен тыс қарастырылуы тиіс.

4.7.2.8 Су бөлудің жергілікті жүйесін пайдалануға жұмыс істейтін орталықтандырылған су бөлу жүйесі жоқ аудандарда орнатылатын немесе орталықтандырылған жүйеге ықтимал қосу нүктесінен кемінде 500 м қашықтықта орнатылатын жекелеген ғимараттарды су бөлумен қамтамасыз ету қажеттілігі кезінде жол беріледі.

4.6.2.9 I және II класты пәтерлердің ас үйлері мен тұрғын бөлмелерінің қасына дәретхана мен ванна жайларын орнатқан кезде, су құбыры мен канализация жүйесінің ілмекті және реттемелі арматурасын автоматты басқаруды, оның ішінде апаттық және күтпеген жағдайларға әрекет етуді қамтамасыз ететін судың ағуын болдырмау үшін электр жетекпен және датчик қондырғыларымен орындау ұсынылады.

### **4.7.3 Электр құрылғылары мен электр қондырғылары**

4.7.3.1 Көп пәтерлі үйлердің аумағындағы сыртқы жарықтандыру желілерін, электрлік желілердің және электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету деңгейін ҚР ЕЖ 4.04-106 талаптарына сәйкес орындау керек.

4.7.3.2 11 кВт дейінгі пәтерді іске қосудағы есептік жүктеме кезінде бір фазалы іскеқосу, ал 11 кВт артық жүктеме кезінде, әдеттегідей, үш фазалы іске қосуды қолдану

ұсынылады.

4.7.3.3 Тұрғын ғимараттар үшін Энергия бақылау органдарының келісімі бойынша электрмен жабдықтау сенімділігінің санатын арттыруға жол беріледі.

4.7.3.4 Биіктігі 11 және одан көп тұрғын үйлердің ас үйінде және дәліздік типтегі жатақханаларда (қабаттылығына қарамастан) электр плиталар орнатуды қарастыру қажет.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымның келісімі бойынша орталық жылыту және ыстық сумен жабдықталған кез-келген қабаттағы тұрғын үйлерде электр плиталар орнатуға жол беріледі.

Газ қондырғыларын қоғамдық тамақтандыру, сауда жайында, тұрғын үй ғимараттарына кіріктіріме (кіріктіріме-жапсарлас) тұрмыстық қызмет көрсету нысандарында орнатуға жол берілмейді.

4.7.3.5 I және II класты тұрғын үй ғимараттарында мыналарды қарастыру керек:

- қабаттық пәтерден тыс дәліздерде оларға электр энергиясын есептеу аспаптарын орналастыру үшін бөлігі әлсіз тоқты немесе бөлігінде әлсіз тоқ жоқ электр шкафтарын (қалқандарды) орнату;

- тоқтан тыс қорғанысы бар қорғаныс ажыратқышын;
- байланыс, ақпараттандыру және диспетчерлендіру жүйесінің элементтерін орнату;
- әдеттегідей, кіреберіс бөлмеге пәтерлік қалқандар орнату;
- жуынатын бөлме мен біріккен санитарлық тораптарға бөлу трансформаторы немесе қорғанысты ажырату құрылғысы арқылы қосылған 10 (16)А тоққа арналған розетка орнату;
- жалпы жарықтандыруды, бөлмелердің штепсельдік розеткаларын, 2,2 кВт дейінгі аспаптарды қосуға арналған ас үйлерді, жуынатын бөлмелерді, электр плиталарды қуаттандыруға арналған кемінде бес топтық желілердің (380/220 В үш фазалық іске қосу кезінде электр плиталарын қуаттандыру желісі) пәтерлік бөлу қалқанында үш фазалық қуаттандыруды қолдану ұсынылады.

III - IV класты тұрғын үйлерде ас үйдің штепсельдік розеткаларына дербес топтық желілерсіз төрт топтық желіні орындауға жол беріледі, сондай-ақ пәтердің кіреберіс бөлмесіне қабаттық электр шкафтарына (қалқандарға) қорғаныс аппараттарын орналастыра отырып, пәтерлік қалқандар орналастыруға болмайды.

#### **4.7.4 Автоматика, байланыс және сигнализация**

4.7.4.1 \* Тұрғын үй ғимараттарында байланыс желілері мен желілерін және диспетчерлеу жүйелерін төсеуді Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес орындау қажет. Салынып жатқан ғимараттарды жабдықтау үшін қажетті жаңа жүйелерді қолдану ерекшелігін ескере отырып, жоғарыда көрсетілген желілер мен байланыс желілерің, ғимараттардың шатырлары мен қасбеттерінде жүйелердің жабдықтарын орналыстыру инженерлік жабдақты ақпараттандыру және диспетчерлеу жүйелері сияқты қазіргі заманғы тұрғын ғимараттарды жобалауға арналған тапсырмамен регламенттеледі. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 29.06.2022 ж. №133-НҚ бұйрық).*

4.7.4.2 \* Тұрғын ғимараттарда мынадай байланыс, ақпараттандыру және диспетчерлеу желілері және жүйелерін, сондай-ақ басқа инженерлік жүйелердің элементтерін жобалау қажет:

- қалалық телефон байланысың тарату желісі;
- әрбір пәтерге кабельді (оптикалық талшық, бұралған жұп, коаксиалды) жеткізу арқылы интернет желісіне қол жеткізу;
- жобалауға арналған тапсырма бойынша телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісінің телерадиоарналарын ұжымдық қабылдау жүйесі;
- жобалауға арналған тапсырма бойынша кабельді теледидар желісі;
- жобалауға арналған тапсырма бойынша сыртқы байланыс, дабыл беру, ақпараттандыру және диспетчерлеу бойынша техникалық құралдар;
- жобалауға арналған тапсырма бойынша энергия тұтынуды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі;
- жобалауға арналған тапсырма бойынша инженерлік жабдықты басқарудың және диспетчерлендірудің автоматтандырылған жүйесі;
- цифрлық онлайн-бейнебақылау жүйесі;
- антенналар, ұялы байланыстың базалық станциялары, тіркелген және спутниктік байланыс (ұжымдық сигналды қабылдау антенналары).

Телефон байланысының, кабельдік телевизияның және интернет желісінің абоненттік кабельдері пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің таңдауы бойынша бірнеше байланыс операторларынан абоненттік кабельдерінің қосылу мүмкіндігін көздеуі тиіс. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 29.06.2022 ж. №133-НҚ бұйрық).**

4.7.4.3 Тапсырыс берушінің келісімі бойынша және қажетті сертификаттау рәсімінен өткен отандық және шетелдік өндірістің қондырғылары мен материалдарын пайдалану керек.

4.7.4.4 I және II класты ғимараттардың 1-ші қабатында бас станциялар мен техникалық орталықтар үшін кабельдік телевидение және дыбыстық трансформаторлық шағын станция орналастырылуы және телефондық бөлу шкафтарын орнату үшін орын орналастырылуы мүмкін. Кабельдік теледидар жүйесінің қондырғыларын ғимараттардың шатырларында арнайы бөлінген бөлмелерде орнатуға жол беріледі. Осы бөлмелердегі есіктер мен терезелердің конструкциялары оларда орналастырылатын қондырғылардың сақталуын қамтамасыз етуі керек.

4.7.4.5 Бас станцияларға және техникалық орталықтарға, дыбыстық трансформаторлық шағын станцияларға арналған бөлмелерді және телефондық тарату шкафтарын орнатуға арналған орындарды санитарлық бөлмелердің, жуынатын бөлмелердің, душ және дымқыл технологиялық үрдістермен байланысты басқа да бөлмелердің астына орналастырмаған жөн, осы бөлмелерге немесе тарату шкафы орнатылған орынға ылғалдың енуіне жол бермейтін сенімді гидрооқшаулағыш бойынша арнайы шаралар қабылдау керек.

4.7.4.6 Байланысты, энергияны тұтынудың автоматты бақылау жүйесін, диспетчерлендіруді, теледидар қондырғыларын, әдеттегідей, тұрғын ғимараттың электр қуатын тарату бөлмесінде орналастыру керек.

Электр қалқандарына байланыс жүйесінің қондырғыларын, диспетчерлендіруді және енгізу-бөлу құрылғыларын бірге орналастырған кезде, барлық шкафтар мен қондырғылардың қорғаныс деңгейі кемінде IP 31 болуы тиіс.

4.7.4.7 Қабаттық дәліздерде әлсіз тоқты қабаттық электр шкафтарын (қалқандарды) орналастыру үшін орын қарастыру керек, олардың конструкциясы қорғаныс дәрежесі

кемінде IP 31 болуы тиіс оның ішінде орналастырылған аппаратураға рұқсатсыз мүмкіндікті болдырмауы тиіс.

Бұл жағдайда жеке әлсіз тоқты бөлімдерде мынадай құрылғыларды орналастыру керек:

- телефон байланысын;
- теледидарды;
- радиотарату мен домофонды;
- кірістерді қорғау жүйесін;
- диспетчерлендіру мен энергия тұтынуды бақылауды.

4.7.4.8 Электр сымдарына арналған арналар, ойықтар, төсемдер, әртүрлі желілерге арналған арналары бар ернеуліктер және жақтаулар, сондай-ақ дайындау кезінде құрылыс конструкциясы үшін жасалған құбырлар сәулет-құрылыс сызбаларында және жобалардың әлсіз тоқты бөліктерін жобалаушылар жасаған ғимарат бойынша құрылыс бұйымдарының сызбаларында қарастырылуы керек.

4.7.4.9 Жеке ғимараттар арасында әлсіз тоқты байланыс желілерін тарту мынадай жолдармен орындалуы тиіс:

- кабельдік канализация немесе коллектор;
- ауа-ағызу әдісімен.

4.7.4.10 Телефон байланысының кабельдік желілері, кабельдік телевидение, инженерлік қондырғыларды ақпараттандыру мен диспетчерлендіру тұрғын және қоғамдық мақсаттағы кіріктіріме (кіріктіріме-жапсарлас) жайларға, әдеттегідей, жер астынан енгізілуі тиіс. Құбырларды техникалық еден астына және жер төселерге енгізу герметиктелуі тиіс.

Ғимаратқа ауалық кабельдік кірмені орнатуға пайдаланушы ұйымның келісімі бойынша негізді жағдайларда жол беріледі.

4.7.4.11 Ғимарат жабынындағы кірме бағандар мен кірме құбырларды қызмет көрсететін қызметшілер үшін қолжетімді орындарда олардан кабельдер мен сымдардың шығуы қамтамасыз етілетіндей орнату керек.

4.7.4.12 Байланыс желісінің кабелін (қалалық радиотарату кабельдерінен басқа), техникалық еден астындағы және жер төселердегі инженерлік қондырғыларды ақпараттандыру мен диспетчерлендіруді кабельдік лотоктарда қарастыру ұсынылады, бұл жағдайда көзделген желілер үшін лотоктарды, әдеттегідей, электр желілерін тарту үшін лотоктардың астына тарту керек. Техникалық еден астына қалалық радиотаратудың желілерінің экрандалмаған кабельдерін тартуды болат құбырларда қарастыру керек.

Техникалық еден астындағы лотоктардан тыс жекелеген учаскелердегі телевизиялық кабельдерді тартуды ПВХ құбырларында қарастыру ұсынылады.

4.7.4.13 Кабельдік лотоктардың жоғарғы қатарын байланыс лотогы мен аражабын немесе күштеу кабелінің лотогы арасындағы жарық қашықтығы кемінде 150 мм болатындай орналастыру керек. Бұл жағдайда лотоктарды орнатуға арналған сөренің пайдалы ұзындығы 600 мм аспауы тиіс.

4.7.4.14 Бір лотокқа телефон байланысының сымы мен кабелін, кабельдік телевидениені, кіреберісті күзету жүйесі мен диспетчерлендіруді бірге тартуға рұқсат беріледі. Көзделген кабельдермен бірге күзет және өрт сигнализациясының кабельдерін тартуға рұқсат беріледі.

4.7.4.15 Кабельдерді және сымдарды лотоктарда мынадай шарттарды сақтаған кезде байламдармен және көп қабатты жолмен тартуға рұқсат беріледі:

- кабельдер немесе сымдар байламының сыртқы диаметрі 100 мм аспауы керек;
- бір лотоктағы қабаттар биіктігі 100 мм аспауы керек;
- кабельдік жолдардың негізгі бағыттарында қосымша кабельдерді ықтимал тарту үшін кемінде 20 % лоток сыйымдылығының қорын қарастыру керек.

4.7.4.16 Байланыс желілерінің, ақпараттандыру мен диспетчерлендірудің бағандары мен магистральдық учаскелерін, әдеттегідей, дәліздерге, техникалық жертөлелерге, техникалық қабаттарға және тәуліктің кез келген уақытында қызмет көрсетуші қызметшілерге қолжетімді басқа да жайларда баспалдақ-лифтілік тораптар шегінде тарту керек.

4.7.4.17 Құрылыс конструкцияларының құбырлары мен арналарын оларда төселетін сымдармен және кабельдермен толтыру коэффициенті, әдеттегідей, 0,6 аспауы тиіс.

4.7.4.18 Тұрғын үйлердегі байланыс желілері үшін көтергіштердегі телефон байланысының кабельдері мен сымдарын жеке құбырға немесе әлсіз ток бөлімі бар қабатты электр шкафының (қалқанның) арнасына салу керек. Ерекшелік ретінде кіреберістерді қорғау жүйесінің желісімен телефон байланысы желілерін бірлесіп төсеуге жол беріледі.

Сымды хабар тарату желісін теледидар желісімен бірлесіп салуға рұқсат етіледі.

4.7.4.18 Телефон байланысы желісінің бағанынан, сымдық хабар тарату мен радиотарату мен домофоннан, телевидениеден, энергия тұтынуды есептеудің автоматты жүйесінен тарамдауды кілтпен жабылатын әлсіз тоқты бөлігі бар қабаттық электр шкафының (қалқанның) дербес ұяшығында орындауға жол беріледі.

4.7.4.19 Әлсіз тоқты бөлік арқылы электр шкафынан (қалқаннан) бастап пәтерге дейін телефон байланысының абоненттік желілерін, телевидение мен домофон тартуды электр техникалық қораптарда, ернеуліктерде немесе құрылыс конструкцияларының арналарында қарастыру керек; бұл жағдайда қораптағы арналар мен ернеуліктер саны кемінде 2-еу болуы тиіс. Пәтердегі барлық желілер сымдар мен кабельдерді механикалық қорғауды қамтамасыз етуді және оларға рұқсат етілмеген мүмкіндік ықтималдығын болдырмауды ескере отырып тартылуы тиіс.

Құбырларға осы желілерді тартуға еденді даярлағанда жол беріледі.

4.7.4.20 Сымдар, кабельдер мен өткізгіштер ақаулығының ықтимал бұзушылығы бар жерлер металл пішіндермен және қораптармен механикалық зақымданулардан қорғалуы немесе болат құбырларда немесе металл құбырларда төселуі тиіс.

4.7.4.21 Электр техникалық қораптар мен ернеуліктерде байланыс желілерін, ақпараттандыруды, диспетчерлендіруді және кернеуі 380/220 В аспайтын электр өткізгішті тартуға жол беріледі.

Бұл жағдайда әлсіз тоқты сымдар және кабельдер электр сымдарынан тұтас аралықпен бөлінуі тиіс немесе жеке бөлімдерде төселеді.

Өртүрлі желілер паралель өткізілген кезде олардың бір-бірінің қалыпты жұмыс жасауына кедергі келтіруді азайту мақсатында ұзын бөліктерде (7 м астам) осы желілерді тартудың мынадай әдістерінің бірін жүзеге асыру ұсынылады:

- болат құбырларда;
- экрандалған кабельдерде;
- түтіктері бұралған сымдарда;

- бөлу арақабырғасы арқылы металл қораптарда.

4.7.4.22 Ашық тартылатын сымдар мен кабельдер жай еденінен, шатыр жабынынан және жер деңгейінен (ғимараттың сыртқы қабырғасына тартқан кезде) 2,5 м биіктікке дейін механикалық зақымданулардан қорғалуы тиіс.

4.7.4.23 Кернеуі 42 В ауыспалы тоқтан жоғары әртүрлі желілердің электр қондырғылары орнатылған шкафтардың, қросстардың, пульттердің, қаңқалардың және басқа металл конструкциялардың барлық металдық бөліктері кернеуі 380/220 электр желісінің нөлдік қорғаныс сымы арқылы біріктіру жолымен тұйықталуы тиіс.

4.7.4.24 Байланыс жүйесін, ақпараттандыру мен диспетчерлендіру құрылғыларын жұмыстық жерге тұйықтауды осы қондырғыларға арналған техникалық талаптарға сәйкес орындау керек.

4.7.4.25 Байланыс жүйесінің қондырғысын, ақпараттандыру мен диспетчерлендіруді қарсылықты жерге тұйықтау көлемі МЕМСТ 464 сәйкес болуы тиіс.

4.7.4.26 Барлық құбыр бағандары, радио бағандар, оқшаулағыштары бар металл кронштейндер, телевидениенің антенналық-діңгек құрылысы мен энергия тұтынуды есептеудің автоматты жүйесі, ауа-кабельдік кірмелер тростары ҚР ЕЖ 2.04-103 талаптарына сәйкес орындалатын ғимараттар мен құрылыстың найзағайдан қорғау жүйесіне біріктірілуі тиіс.

4.7.4.27 Тұрғын ғимараттарында және қоғамдық мақсаттағы жайларға кіріктіріме (кіріктіріме-жапсарлас) автоматтық өрт сигнализациясы мен адамдарға өрт туралы хабарлау жүйесін өрт қауіпсіздігі және хабарлау қондырғысын орнату жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру керек.

4.7.4.28 Қабаттылығы жоғары үйлерде орналасқан түтін шығару және ауаны тұрақтандыру жүйелерін қосу (жарамсыздық) туралы сигнал біріктірілген диспетчерлік қызметке (БДК) немесе объектінің кезекші қызмет бөлмесіне берілуі тиіс. Жоғарыда көзделген сигналдарды құру ауаны тұрақтандыру жүйесінің әрбір қабылдау клапанының ашық жағдайын бақылауды қамтамасыз ету және түтін шығару жүйесінің желдеткішті іске қосу арқылы жүзеге асырылады.

4.7.4.29 Кіреберіс пен қабаттың саны көрсетілген өрт қрандарының шкафтарын ашу сигналын біріктірілген диспетчерлік қызметке беруге жол беріледі.

4.7.4.31 Цифрлық онлайн-бейнебақылауды ішкі істер органдарының бейнедеректерді онлайн режимінде қарау қолжетімділігі мүмкіндігімен көппәтерлі тұрғын ғимараттардың периметрі бойынша жабдықтау керек **(Толықтырылды – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық).**

#### **4.7.5 Қоқыстарды шығару**

4.7.5.1\* Қолданыстағы қоқыс шығару жүйесіне байланысты қоқыс шығару құбырының құрылысын тұрғын үйлерде қарастыру керек :

- I, II сыныпты – пәтердің еденін жердің жоспарлау белгісі деңгейінен 11,2 м және одан жоғары белгімен;

- III, IV сыныпты, оның ішінде жоғары оқу орындары мен колледждерде білім алушылардың тұруына арналған жатақханалар-жобалауға тапсырма бойынша **(Өзгертілді. ред. – ҚТҮКШК 01.04.2019 ж. №46-НҚ бұйрық).**

4.7.5.2 Тұрғын ғимараттарда қоқыс салғыштың діңгегін, әдеттегідей, жылытылатын баспалдақ-лифтілік тораптарда орналастыру керек. Бұл жағдайда қоқыс салғыштың діңгегін орналастыру адамдарды эвакуациялау жолдарының нормативтік мәнін төмендетпеуі және есік пен терезелердің ашылуына кедергі келтірмеуі тиіс.

Қоқыс салғышты баспалдақ торларының аралық алаңдарына орналастырған кезде жүктеу клапандарын бір қабаттан кейін орналастыруға жол беріледі.

4.7.5.3 Қоқыс салғышқа діңгек, жүктеу клапандары, шибер, өрт сөндіру клапаны, діңгектегі ықтимал өртті автоматты сөндіру құралы бар тазарту құрылғысы, желдету торабы және контейнерлерден және санитарлық-техникалық қондырғылардан жиынтықталған қоқыс жинау камерасы кіреді.

4.7.5.4 Қоқыс салғыштың пәтер есігінен (жатақхананың тұрғын ұяшығынан) жақын жүктеу клапанына дейінгі қашықтық 25 м аспауы тиіс.

Көп деңгейлі пәтерлер ғимараттарына үйлердің қондырғыларын анықтайтын қоқыс салғыштарды орналастырған кезде, есептік белгі үшін пәтерге кіреберіс белгіні қабылдау керек.

4.7.5.5 Қоқыс салғыштың конструкциясы және қондырғылары ғимараттың бүкіл биіктігі бойынша діңгектің ішкі үстіңгі бетін кезеңдік тазартуды, шаюды және зарарсыздандыруды, қажет кезінде дезинсекцияны қамтамасыз етуі тиіс.

4.7.5.6 Қоқыс салғышта қолданылатын қондырғылардың конструктивтік элементтері жанбайтын (корпус нығыздағышынан және жүктеу клапанының шөмішінен, қоқыс салғыш діңгегінің тірек және жапсарлас қосылыстарынан, тазалау құрылғысын тексеру есігі мен люктерінен басқа), жылуға төзімді және ылғал сіңірмейтін материалдардан жасалған өнеркәсіптік даярлама болуы тиіс.

Оларды орындау белгіленген тәртіппен бекітілген және тіркелген даярлаушының техникалық шарттарына негізделуі және пайдаланылатын тауар-ілеспе құжаттамаларда көзделуі тиіс тиісті сертификаттардың болуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Қоқыс салғыштың металл элементтерінде (тоттануға төзімді болаттан жасалғандардан басқа) тоттануға қарсы жабын болуы тиіс.

4.7.5.7 Қоқыс салғыш діңгегінің ішкі диаметрі кемінде 400 мм болуы тиіс, бұл жағдайда жүктеу клапаны шөмішінің диагонали көлемінің шамасы діңгек ішінің бітеліп қалмауын болдырмау үшін діңгек құбырының ішкі диаметрі көлемінің 0,9 шамасынан аспауы тиіс.

4.7.5.8 Қоқыс құбырының діңгегінде нормативтік шу оқшаулағыш болуы тиіс, құрылыс конструкциялары жанбайтын материалдармен дыбыстық оқшаулануы керек, тұрғын бөлмелермен және адамдар тұрақты келіп-кететін жайлармен жанаспауы, босатылған күш ажыратқыштары, қоқыс шығаруда бір құбырлы жүйе болған кезде қалдықтардың түсу жылдамдығын төмендету үшін ғимараттың техникалық қабатының деңгейінде кіріктірілме салынған құрылғы және қоқыс жинау камерасындағы автоматты отты қию арқылы айналма шибермен аяқталуы тиіс. Діңгекті лифт холына орналастыруға жол берілмейді.

4.7.5.9 Қатты тұрмыстық беттермен жанасатын діңгектің ішкі беті гидрофобты болуы тиіс және қоқыстардың сұйық фракцияларының және санитарлық өңдеу кезінде жуу-зарарсыздандыру ерітінділерінің сіңірілуіне жол берілмеуі керек.

Діңгектің ішкі құбыры санитарлық өңдеу кезінде жүктеу клапандарының ішкі беттерін жуу және зарарсыздандыру мақсатында жуу-зарарсыздандыру ерітінділерінің ағынын бұрғылау үшін шиыршықты бүктелген болуы тиіс.

4.7.5.10 Қоқыс салғыштың әрбір діңгегі діңгектің бетін мерзімдік тазартуға, жууға және зарарсыздандыруға арналған тұрақты тазартатын жуу-зарарсыздандыру құрылғысымен жабдықталуы керек. Құрылғы діңгек және қоқыс салғыштың желдету арнасы арасында орнатылуы керек және жуу-зарарсыздандыру ерітінділерінің шаруашылық-тұтыну су құбырына түсуіне жол бермейді, бұл тазарту-жуу құрылғысында таза су ағынының және ластанған ерітінділердің тігінен кем дегенде 25 мм тең кепілдікті бөлінуін қамтамасыз ету есебінен жүзеге асырылады.

4.7.5.11 Қоқыс жинау камерасын тікелей қоқыс салғыш діңгегінің астында орналастыру керек.

4.7.5.12 Қоқыс салғыштың автоматты өртке қарсы жүйесі мынадай қондырғыларды іске қосуы керек:

1) қоқыс салғыш діңгегінің ішінде тұтануға жол бермеу үшін діңгек астында орналасатын тазарту-жуу құрылғысы орнатылады, ғимараттың сумен жабдықтау жүйесін тұрақты қосылып тұрған сплинкерлі суландырғышпен жабдықтау керек. Сонымен қатар өртке қарсы орындалған жүктеу клапандары сплинкерлі суландырғыштарды пайдаланумен қатар, діңгекте ғимараттың әрбір 4 қабаты сайын орналастырылуы керек және тазарту-жуу құрылғыларымен бірге су құбырының бір арнасына қосылуы керек және ол ғимараттың диспетчерлік-бақылау бекетіне сигнал беру үшін сұйықтық ағынының релесімен жабдықталады.

2) қоқыс жинау камерасында тұтанудың алдын алу үшін қолданыстағы өрт сөндіру нормативтерінің талаптарына сәйкестікте орындалған өрт сөндірудің автоматты жүйесі қарастырылуы керек;

3) қоқыс салғышта тұтануларды сумен сөндірудің автоматты сплинкерлі жүйелерінен басқа шиберлі буында қоқыс салғыштың діңгегі ондағы температурадан 72°C асқан кезде, қоқыс салғыш камерасынан ажыратуға арналған жылулық ендімесі бар өрт сөндіру клапаны қарастырылған.

4.7.5.13 Қоқыс салғыштың автоматты өрт сөндіру жүйесі электрлік басқарусыз жұмыс істеуі керек және ғимараттың электрмен жабдықталуы толық сөндірілген жағдайда, өрттің сөндірілуін қамтамасыз етуі керек.

4.7.5.14 Ірі өлшемді қоқыстарды жинау, уақытша сақтау және шығару үшін ғимараттан тыс жерде стандартты бункерлерге немесе ірі жүктерге арналған контейнерлерге арналған қоршалған алаң қарастырылуы керек.

4.7.5.15 Қоқыс жинау камерасындағы қоқыс салғыштың төменгі бөлігі болаттан жасалған шибермен жабылуы керек. Шиберді басқару – қолмен басқару. Қоқыс жинау камерасындағы шибердің орналасуы қоқыстардың діңгектен тікелей контейнерге түсуін қамтамасыз етуі керек. Шибер жеке қондырғы түрі ретінде немесе түзу немесе көлбеу бағыттаушы келте құбырмен бір жиынтықта дайындалады.

4.7.5.16 Қоқыс жинау камерасын тұрғын бөлмелер астында немесе олармен шектес орналастыруға жол берілмейді. Қоқыс жинау камерасының биіктігі жарықта кемінде 1,95 м, ал оның жоспардағы өлшемі – кемінде 2,0 м × 1,5 м болуы тиіс және шиберге ыңғайлы келу жолы, қоқысты шығаруға арналған ыдыстар тиелген арбашаларды, сондай-ақ

құрал-жабдықты орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі керек. Қоқыс жинау камерасына апаратын дәліздің ені, әдеттегідей, кемінде 1,3 м болуы керек.

4.7.5.17 Қоқыс камерасының еденінен шибердің төменгі бөлігіне дейінгі биіктік кемінде 1,25 м және көп дегенде 1,4 м құрауы керек. Контейнердің орнын ауыстыру үшін 8 % аспайтын еңісті пандус орнатылады.

4.7.5.18 Камера едені су сіңірмейтін керамикалық шынытаспен қапталуы, кәріз желісі арнасына қарай  $0,01^\circ$  көлбеу жасалуы тиіс. Қоқыс жинау камерасының қабырғалары жарықта қоқыс жинау камерасының биіктігіне дейін керамикалық шынытаспен қапталуы, ал төбесінде су-эмульсиялық жабын болуы тиіс.

4.7.5.19 Қоқыс жинау камерасының кіреберісінде бастырма қарастырылады.

4.7.5.20 Қоқыс жинау камерасында сыртқа шығатын жеке есік болуы керек, ол ғимаратқа кіру есігінен саңылаусыз қабырғамен (экранмен) оқшаулануы тиіс және отқа төзімділік шегі кемінде 1 сағат және өрт қауіптілігінің класы К0 өртке қарсы арақабырғалармен және аражабындармен бөлінеді (қоқыс камерасы есігінің отқа төзімділік шегі нормаланбайды, оның ішкі жағындағы қаптамасын жанбайтын материалдардан орындау керек).

4.7.5.21 Тұрғын ғимараттардың қоқыс жинау камераларында (қабаттар саны байланысты) қоқыс жинау камерасын шаруашылық тұтынатын су құбырына жалғау арқылы оның барлық аумағын суландыру шартына негізді сплинкерлерді орнатуды қарастыру керек.

4.7.5.22 Қоқыс жинау камерасын жеңіл автокөлік тұрақтарының деңгейінде немесе жертөлелік немесе астыңғы қабаттарда орналастыру нұсқасы кезінде тамбур-шлюз қарастыру ұсынылады, онда қоқыс жинайтын көліктің жақындауына немесе контейнерлерді қоқыс жинайтын көліктің тұрағына дейін жеткізуге мүмкіндік қарастырылуы, 2 сағатқа тең отқа төзімділік шегін қамтамасыз ететін конструкциялардан орындалуы керек.

4.7.5.23 Қоқыс жинау үшін асфальтталған алаңға орнатылатын металл контейнерлер қолданылады. Контейнерлер тұрғын ғимараттардан кемінде 25 м алыс және 100 м жақын қашықтықта орналасады, мұндай контейнерлер үшін алаң үш жағынан кемінде 1,5 м биіктікте қоршалуы тиіс.

4.7.5.24 Тұрғын ғимараттарда жобалау тапсырмасы бойынша қоқыс шығару жүйесінің басқа нұсқаларын, оның ішінде қоқыс жинауға және шығаруға арналған пневматикалық жүйе құрылғысын қарастыруға жол беріледі.

4.7.5.25 Қоқыс салғышпен жабдықталмаған тұрғын ғимараттарға арналған сол аумақтағы тұрмыстық қалдықтарды жинау нормасын ескере отырып, қоқысты жинау мен сақтау үшін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес құрылыс аумағында арнайы жабдықталған жабық немесе ашық алаңдар қарастыру керек.

## **4.7.6 Қоршаған ортаны қорғау**

4.7.6.1 Ғимаратты жобалаған кезде жобаланатын объектінің табиғи қоршаған ортаға кері әсерінің алдын-алу жөніндегі ұсыныстар бар жобалық құжаттама құрамындағы қоршаған ортаны қорғау бөлімін әзірлеу қажет.

4.7.6.2 Көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттарын салған кезде жерді қорғау үшін жобалық шешім мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- құрылыстың жер телімін таңдаған кезде айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың және қоршаған ортаның бағалы нысандарының қорғалуын;

- қабаттылықты арттыру және ғимараттарды, құрылыстарды, агрегаттар мен қондырғыларды барынша шағын орналастыру есебінен жобаланатын объектінің жер сыйымдылығының төмендеуін;

- нысанның аумағындағы және іргелес жер учаскесіндегі ластаушы заттар лақтырындысының (шығарындылардың) көлемі мен қарқындылығының барынша төмендеуін;

- өнеркәсіптік қалдықтарды қаттау, қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтау үшін қоқыс тастайтын жер мен полигондарды орналастыру кезінде жерді тиісті пайдалануды;

- құрылыс салу және нысанды пайдалану кезінде бұзылған жерлерді өз уақытында қалпына келтіруді;

- бұзылған жерлерді қалпына келтіру немесе аз өнімді ауыл шаруашылық пайдалы жерлерге арналған топырақ қабатын алу мен пайдалануды.

4.7.6.3 Құрылыс алаңында қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау мақсатында мынадай факторларды ескеру қажет:

- а) барлық механикаландырылған құрылыс-монтаж жұмыстары кезінде қатар жүретін жоғары шулы жағдайдың орын алуын;

- б) жұмыс істейтін механизмдердің айналасындағы құрылыстарға және топырақтарға динамикалық әсер етуін;

- в) атмосфераның іштен жану қозғалтқыштарынан әртүрлі фракциялық шаң-тозаң бөлшектерінің көп мөлшермен ластануын;

- г) құрылыс қалдықтарының көп мөлшерде өндірілуін (оның ішінде құрылыс қоқыстары);

- д) су бөлудің бар желілері мен топыраққа (уландыратын қоса алғанда) әртүрлі уақытша суағарларды;

- е) қалыптасқан геологиялық жағдайлар мен гидрологиялық режим бүтіндігінің бұзылуын.

4.7.6.4 Үстіңгі бет суағар арқылы ластануларды шығаруды қысқарту үшін мыналарды қарастыру ұсынылады:

- жиектерді жол жабындарына жауын-шашын топырағының құйылуын болдырмайтын көгалдандыру аймағын қоршау;

- қатты жабыны бар аумақтарды тұрақты профилактикалық жинау мен жылдың жылы уақытында көгалдандырылған алаңдарды суару үшін ғимараттан тыс құю крандарын орнату;

- жауын-шашын суағарын жинау мен қалалық жауын-шашын канализациясының жүйесіне су бөлуді ұйымдастыру.

4.7.6.5 Ғимараттардың бұтақтардан бұзылуын болдырмау үшін биік ағаштарды ғимаратқа тікелей жақын отырғызу ұсынылмайды.

4.7.6.6 Жобалау және құрылыс кезінде энергия үнемдейтін шамдарды, газ разрядтық шамдарды, аккумуляторларды, электрониканы және т. б. кәдеге жарату үшін қойма жайларын қарастыру ұсынылады.

## **5 ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ**

### **5.1 Энергия тұтынуды азайту**

5.1.1 Ғимараттың оңтайлы техникалық-экономикалық сипаттамаларына қол жеткізу үшін және жылытуға жұмсалатын қуаттың меншікті шығынын бұдан әрі қысқарту үшін мынадай тармақтарды қарастыру ұсынылады:

- ғимараттың жылулық қорғансы: қабырғаларды, жабындарды, жертөлелер төбелерін жылылау, терезе толтырғыштарды, балкон және кіреберіс есіктерді ауыстыру;

- энергия ұстағыштар шығынын реттеу мен бақылау, есептеу аспаптарын орнату арқылы жылу пункттерін жаңғырту;

- сынамалық реттеу арматурасын орнату арқылы жылыту жүйесін жаңғырту немесе ауыстыру;

- жылытуды іріктеу мен қайта пайдалану құрылғысы арқылы желдету жүйесін жаңғырту;

- су шығынын және бекіткіш арматураларды реттейтін дискреттік есептегіштерді орнату арқылы ыстық сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту;

- желілерді ажыратуды есептегіштер мен автоматтық аспаптарды орнату арқылы электрлік жарықтандыру мен электрмен жабдықтау жүйесін жаңғырту.

5.1.2. Күндізгі жарықты тиімді пайдалану электр тұтынуды төмендетеді, табиғи жарықтандыру қажеттілігін барынша төмендетеді. Ғимараттарда мыналарды қамтамасыз ету ұсынылады:

- жарық жақтан ғимаратты дұрыс бағдарлау арқылы күндізгі жарықтандыруға мүмкіндік;

- күндізгі жарыққа қолжетімсіз кеңістікті барынша азайту.

5.1.3 Күн радиациясының жылуын жұтудың төмен коэффициентін қамтамасыз ету үшін ғимараттың қабырғалары мен шатырларын сырлау кезінде ашық реңктерді пайдалану ұсынылады.

5.1.4 Экология, қауіпсіздік пен энергетика тұрғысынан жылыту мен ауа баптау жүйесінің оңтайлы жұмысын тұрақты техникалық қызмет көрсету және білікті қызметкерлер жүйесін тексеру арқылы қамтамасыз ету қажет.

5.1.5 Энергетикалық шығындарды үнемдеу үшін фотохромды, электр хромды шыны, оксид қабығы бар металдар және т. б. қорғаныс және өңдеу функциялары бар айрықша материалдарды пайдаланады.

### **5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану**

5.2.1 Жер өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру кезінде барлық кезеңдерде беттік су бөлгіштерді уақытында орнату қарастырылуы тиіс, олар қардың еруі және жауын-шашын кезінде жер бедерінің төмен аймақтарында судың жиналуына және топырақ қабатын шайып өтетін қарастырылмаған суағарлардың пайда болуына жол бермейді.

Жер өңдеу жұмыстарын орындау кезінде ашылған бөктерлер мен құламалар,

әдеттегідей, қыс басталғанша жобада қарастырылған әдіспен бекітілуі керек. Жобалық су бөлгіш құрылғыларды құрылыстың мүмкіндігінше ерте кезеңінде орындау керек. Оларды кейінгі кезеңдерде жөндеу жұмыстары жер қабатын құру кезінде туындайтын шайылу және тозу үрдістерін жоюға қарағанда қарапайым және арзан.

5.2.2 Ағаштарды отырғызған кезде мыналарды ескеру керек: климаттық жағдайларды, топырақ түрін, жауын-шашын мөлшерін, жел бағытын, өсімдіктерге техникалық қызмет көрсетуді, тұрушылар қауіпсіздігін.

5.2.3 Құрылыстың ұйымдастырылуын жобалау және жұмыстарды орындау кезінде бөлінген жер сызығынан тыс аймақта топырақ-өсімдік жабынының тұтастығын, тазалығын сақтау талаптарын, сондай-ақ бөлінген аумақта құрылыстар орналаспаған жерлерді ең төменгі ластану және зақымдау талаптарын ескеру керек.

5.2.4 Құрылыс материалдарын оңтайлы пайдалану мақсатында пайдаланылған материалдарды қайта өңдеу керек.

5.2.5 Құрылыс материалдарын өңдеу үшін құрылыс алаңында материалдарды қайта өңдеу, пайдаға асыру және қайта пайдалану үшін жинауға арналған орындарды қатаң шектеу ұсынылады.

5.2.6 Судың пайдаланылуын азайту үшін мыналарды жүзеге асыру керек:

а) ағызу жүйесінде алдын ала тазартылған және зарарсыздандырылған, тазартылған немесе жаңбыр суын пайдалану;

б) әрбір пайдаланушы үшін ыстық және салқын су есептегіштерді орнату;

г) су шығынын шектеу құралдарын орнату;

д) аэрацияны пайдалану, раковинадағы шүмекке және душқа шашыратқышты орнату, бұл ағынның ылғалдандыру әсерін жоғарылатады және суды пайдалану тиімділігін арттырады.

е) ең төменгі суаруды талап ететін өсімдіктерді отырғызу;

ж) канализация үшін пайдаланылған суларды барынша пайдаға асыру, оларды тазарту және қайтадан пайдалану.

*(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.08.2021 ж. №120-НҚ бұйрық).*

## **6 ПӘТЕРЛІК ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ**

**6.1 Газ отынындағы жылу генераторларына (пәтердегі қабырғалық газ қазандықтарына) қойылатын талаптар.**

6.1.1. Қолдануға газ отынындағы жылу генераторлары (пәтер бойынша қабырғалық газ қазандықтары) рұқсат етіледі, олардың қауіпсіздік автоматикасы келесі жағдайларда отын беруді тоқтатуды қамтамасыз етеді:

- электр энергиясын беруді тоқтату;
- қорғау тізбектерінің ақаулары;
- жанарғы жалынын сөндіру;
- жылу тасымалдағыш қысымының шекті рұқсат етілген мәннен төмендеуі;
- жылу тасымалдағыштың шекті рұқсат етілген температурасына жету;
- түтін шығаруды бұзу.

Коммерциялық үй-жайларды, баспалдақ торларын, тұрғын үй ғимаратына техникалық қызмет көрсетуге арналған үй-жайларды және т.б. жылыту тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

6.1.2 Газ отынындағы жылу генераторлары (газ қазандықтары) «Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 016/2011 Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес сәйкестік сертификаттарына ие болуы тиіс.

6.1.3. Қолдануға мынадай газ отынындағы жылу генераторлары (пәтер бойынша қабырғалық газ қазандықтары) рұқсат етіледі:

- ыстық сумен жабдықтаудың ішкі контуры бар екі контурлы;
- ыстық сумен жабдықтаудың сыйымды су-су жылытқышын қосу мүмкіндігі бар бір контурлы (ыстық сумен жабдықтаудың кіріктіріме контуры жоқ).

6.1.4. Жылу генераторы жылу генераторы орнатылған үй-жай шегінде түтін шығаратын құбырлар мен ауа өткізгіштер бөлшектерімен, сондай-ақ өндіруші барлық қажетті қауіпсіздік шараларын баяндайтын монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен жиынтықта жеткізілуі тиіс.

## **6.2. Газ отынындағы жылу генераторларын (пәтердегі қабырғалық газ қазандықтарын) орналастыру**

6.2.1. Жылу генераторларын, құбырларды, түтін шығаратын құбырларды, түтіндіктерді, ауа өткізгіштерді және басқа да инженерлік жабдықтарды орналастыру оларды пайдалану қауіпсіздігін, техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің ыңғайлылығын қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.2. Жылу генераторларын орналастыру кезінде өндірушінің монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулығының ережелерін ескеру қажет.

6.2.3. Жылу генераторларын ас үй жабдығы мен санитариялық құрылғылардың үстіне орналастыруға жол берілмейді.

6.2.4. Қазандық фронтының алдында кемінде 1,0 м қызмет көрсету аймағы болуы тиіс, қазандықтың шығыңқы бөліктері мен жабдық (ас үй) арасындағы көлденең қашықтық кемінде 10 см болуы тиіс.

## **6.3. Жануға ауа беру және жану өнімдерін шығару**

6.3.1. Ағынды ауа өткізгіштер газ жану үшін қажетті ауа берілуін, мұржалар жану өнімдерінің толық атмосфераға кетуін қамтамасыз етуі тиіс.

6.3.2. Ауа газ жану үшін тікелей ауа өткізгіштер арқылы үй-жайдың сыртынан алынуы тиіс.

Түтін мұржалары мен ағынды ауа өткізгіштердің конструкциясы мен төсемі мемлекеттік бақылау органдарының нормативтік құжаттарында келтірілген қауіпсіздік талаптары, оларды пайдаланудың қолайлылығы негізге алына отырып, ғимараттың (үй-жайдың) сәулет-жоспарлау шешімдері ескеріле отырып орындалуға тиіс.

6.3.3. Ауаны беру және жану өнімдерін шығару жүйелері мынадай схемалар бойынша: біріктірілген немесе жапсарлас салынған ұжымдық ауа өткізгіштер мен мұржалары бар жану өнімдерін ауаны беру және шығарудың бөлек құрылғысымен;

жеке ауа берілісі қабырға арқылы ауа алуды және оны әр жылу генераторына жеке-жеке жеткізуді және түтін газын ұжымдық мұржамен шығаруды қамтамасыз етеді; ауа беру және жану өнімдерін жою коаксиалды (біріктірілген) құрылғысымен; кіріктірілген немесе бекітілген ұжымдық құбырлармен және мұржалармен жобалануы мүмкін.

6.3.4. Ұжымдық мұржалар мен ауа өткізгіштер жанбайтын материалдардан жасалуы тиіс. Түтіндіктер мен ауа өткізгіштердің отқа төзімділік шектері тұрғын ғимараттардың түтін жою жүйелерінің ауа өткізгіштерінің нормативтік талаптарына сәйкес болуы тиіс. Оларды эвакуациялау жолдарының габариттерін төмендетпей, тұрғын емес үй-жайлар, асүйлер, дәліздер арқылы төсеуге жол беріледі.

Мұржаларды ғимараттың ішкі қабырғаларына төсеуге рұқсат етіледі. Асүй қабырғасындағы түтін шығаратын құбырлар мен ауа өткізгіштерді отқа төзімділіктің талап етілетін шектерін төмендетпейтін, жанбайтын материалдардан жасалған алмалы-салмалы сәндік қоршаулармен жабуға жол беріледі.

6.3.5. Ауа алу орнынан түтін шығаратын құбырлар мен ауа өткізгіштердің жиынтық ұзындығы көрсетілген шамадан ауытқу кезінде ұсынылатын өтемақы іс-шараларын қолдануды ескере отырып, жылу генераторларын өндіруші ұсынған шамалардан аспауы тиіс.

6.3.6. Ауа өткізгіштің сыртқы бетінде су буларының конденсациялануын болдырмау үшін жылу оқшаулау көзделуі тиіс.

6.3.7. Қабырғалар, қалқалар және жабындар арқылы өтетін жерлердегі ауа өткізгіштерді, түтін шығаратын құбырларды және түтіндіктерді футлярларға жабу қажет. Құрылыс конструкциясымен ауа өткізгіш, түтін шығаратын құбырлар мен түтіндіктер және футляр арасындағы саңылауларды қиылысатын конструкцияның бүкіл қалыңдығына жанбайтын материалдармен немесе отқа төзімділіктің талап етілетін шектерін төмендетпейтін құрылыс ерітіндісімен мұқият бітеу қажет.

6.3.8. Ауа жинайтын шеткі учаскелерде ауаның еркін ағуына кедергі жасайтын тосқауылдар болмауы тиіс және оларға қоқыстың, құстардың және басқа да бөгде заттардың енуінен металл тормен қорғалуы тиіс. Жер үстінде орналастыру және ғимараттың төбесіне орналастыру кезінде ауа жинау тесіктерін тұрақты қар жамылғысынан 0,5 м жоғары көздеу қажет.

6.3.9. Әртүрлі бағыттағы ауа өткізгіштердің қосылыстарында қиманың тарылуы және өткір жиектер болмауы қажет. Түтіктердің екі бөлігінің қосылу бұрышы кем дегенде 90° болуы қажет.

6.3.10. Түтін мұржасы жылу генераторынан кемінде 3% еңіспен төселуі қажет және жану сапасын тексеру үшін сынама алуға арналған бітеуіші бар қондырғылары болуы қажет.

6.3.11. Ұжымдық түтіндіктер мен ауа жинау трактілерінің қималары жылу қуатына және түтін шығатын және ауа жинау трактісіне қосылатын қазандықтардың санын ескере отырып, олардың жылдың жылы және суық мезгілдеріндегі бір мезгілде жұмыс істеуін ескере отырып, есеппен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте түтіндіктің табиғи тартымы кез келген жұмыс режимі кезінде газ-ауа трактісінің барлық аэродинамикалық ысыраптарының сомасынан кемінде 20 %-ға жоғары болуы тиіс.

6.3.12. Жылу генераторына түтін шығару және ауа өткізу қимасының ауданы қосылатын қазандықтың келте құбырлары қимасының ауданынан кем болмауы тиіс.

6.3.13. Түтін құбырлары мұржаларға кіретін келте құбырға сенімді және тұмшаланып бекітілуі тиіс. Мұржаның ішіне түтін құбырлары енгізуге оның көлденең қимасын азайтатын болғандықтан ұсынылмайды.

6.3.14. Мұржаның тік бағыты болуы қажет және тарылуы болмауы қажет. Мұржа осінің бағытын екі рет өзгертуге рұқсат етіледі, ал тігінен ауытқу бұрышы 30°аспауы қажет.

6.3.15. Ұжымдық түтін дөңгелек немесе тікбұрышты қимамен қамтамасыз етіледі. Тік бұрышты қимада үлкен жақтың кішіге қатынасы 1,5-тен аспауы қажет, бұрыштар кем дегенде 20 мм дөңгелектеу радиусымен дөңгелектенуі қажет.

6.3.16. Түтін шығаратын құбырлар мен ауа өткізгіштердің конструктивтік элементтері зауытта дайындалған және сәйкестік сертификаты болуы тиіс.

Металл материалдардан жасалған құрама конструкцияның түтіндіктерін пайдаланған жағдайда, түтіндік бөлшектерін жалғау бекіткіш элементтермен (тартылған қамыттармен) немесе дәнекерлеумен жүзеге асырылуы тиіс. Қосылыстарды тығыздау үшін жанбайтын герметикалайтын материалдарды пайдалануға жол беріледі.

Металл емес материалдардан жасалған құрама конструкцияның түтін мұржаларын пайдаланған жағдайда, түтін мұржалары бар ұжымдық түтін мұржасының үш қосылыстары міндетті түрде зауыт жағдайында дайындалуы және сәйкестік сертификаттары болуы тиіс.

6.3.17. Түтіндіктердің түйістіру қосылыстарының тораптары оларды монтаждау, қызмет көрсету және жөндеу ыңғайлылығын қамтамасыз ететін қашықтықта қабаттасулар (жабындар) құрылымынан тыс орналасуы тиіс. Жіктердің секциялардың бір-біріне қатысты жылжуын болдырмайтын құрылғылары болуы тиіс.

Түтіндіктердің тұрғын ғимараттың қабаттасулары (жабындары) арқылы өтетін жерлерінде саңылауларды бітеу конструкциялары түтіндіктер конструкциясының тұрақтылығын және температуралық әсерлерден туындаған олардың жылжу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Еден плиталарында немесе қабырғаларда мұржалардың элементтері ретінде тесіктерді пайдалану ұсынылмайды.

6.3.18. Мұржаның жоғарғы бөлігінде қардың, жаңбырдың және қоқыстың мұржаның ішіне кіруіне жол бермейтін бастиек болуы қажет. Бастиектің дизайны кез келген ауа-райы жағдайында түтін газының шығуын қиындатпауы қажет. Бастиектің шығу қимасы мұржаның (ауа өткізгіштің) сағасының қимасынан кемінде екі есе үлкен болуы тиіс.

6.3.19. Түтін шығаратын құбырларда оны түтін өткізгішпен қосуды қоса алғанда, үш бұрылыстан артық емес, дөңгелектеу радиусымен - құбырдың диаметрінен кем емес бұруды көздеуге жол беріледі. Бұл жағдайда бұрылыстардың бұрыштары 90°аспауы қажет.

6.3.20. Мұржалар ЖМ тобының жанбайтын материалдарымен жылудан оқшаулануы тиіс. Жылу оқшаулағыш қабаттың қалыңдығы жабын қабатындағы ең жоғарғы температураны қамтамасыз ету шарттарына сүйене отырып, 40 °С аспауы қажет, жұмыс режиміндегі мұржаның ішкі бетінің температурасы сыртқы ауаның есептелген температурасында түтін газдарының шық нүктесінің температурасынан жоғары болуы қажет.

6.3.21. Түтіндіктің төменгі бөлігінде қоқыс пен басқа қатты бөлшектер мен конденсатты жинау үшін биіктігі кемінде 0,5 м құрама камера көзделуі тиіс. Камераның

қарауға, тазалауға арналған ойығы және конденсатты бұруға арналған құрылғысы болуы тиіс. Саңылау металл есікпен герметикалық жабылуы тиіс.

6.3.22. Мұржаның ең төменгі биіктігі соңғы қазандықтың мұржасын жалғау орнынан төбесіндегі бастиекке дейін кемінде 3 м болуы тиіс.

6.3.23. Түтіндіктің төменгі бөлігіндегі тартқышты тегістеу үшін құрама камерадан жоғары, бірақ оның түбінен 0,5 м төмен емес орналасқан ауаны реттелетін сору құрылғысы көзделуі тиіс.

Ауаны соратын келте құбыр қоқыс пен бөгде заттардың түсуінен қорғалуы тиіс.

6.3.24. Жанғыш материалдардан жасалған қабырғалардың немесе төбелердің сыртқы қабатының конструкциялары кезінде оларға дейінгі қашықтық кемінде 250 мм деп қабылдау қажет.

6.3.25. Пәтерлік жылумен жабдықтау жүйелері үшін әртүрлі жылу өнімділігі бар жылу генераторлары пайдаланылған жағдайда, номиналды жылу өнімділігі ең жоғары жылу өнімділігі бар жылу генераторынан кем дегенде 30 %-дан аспайтын жылу генераторлары ғана ұжымдық түтін мұржасына қосыла алады.

6.3.26. Ғимараттардағы жылу генераторларынан түтіндіктердің биіктігі мынадай талаптарға сәйкес атмосферада зиянды заттардың шашырау жағдайлары бойынша аэродинамикалық есептеу және тексеру нәтижелері бойынша қабылданады:

- жотадан немесе шатыр парапетінен 1,5 м алыс емес орналасқан кезде (көлденеңінен есептегенде) жотадан немесе шатыр парапетінен 0,5 м кем емес;

- шатырдың жотасы немесе парапеті бар деңгейге, егер олар шатырдың жотасынан немесе парапеттен 3 м қашықтықта тұрса;

- жотадан немесе парапеттен көкжиекке  $10^\circ$  бұрышпен төмен жүргізілген түзуден төмен емес, мұржалар жотадан немесе шатырдың парапетінен 3 м артық қашықтықта орналасқан кезде;

- егер мұржаның жанында ғимараттың, құрылыстың неғұрлым биік бөліктері немесе ағаштар болса, жел тіреу аймағының шекарасынан кемінде 0,5 м жоғары.

Барлық жағдайларда түтіндіктің төбенің іргелес бөлігінің үстіндегі биіктігі кемінде 0,5 м, ал төбесі тегіс үйлер үшін кемінде 2,0 м болуы тиіс.

## **6.4 Электрмен жабдықтау және автоматтандыру**

6.4.1. Автоматика жүйелерін электрмен жабдықтау және жылу генераторының жұмысын басқару үшін:

- жерге тұйықталған бір фазалы желіден кернеуі 220 В электр қорегін жеткізу;

- нөлдік қорғаныс өткізгішпен жабдықталған және автоматты ажыратқышқа кіруде қосылған жылу генераторының электр қорегінің розеткасын орнату. Сымдардың қимасын электр қондырғыларын орнату ережелеріне, қазандықтың паспортындағы нұсқауларға немесе жылу генераторын өндіруші мекеменің монтаждау және жөндеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес таңдау қажет.

6.4.2. Жылу генераторы тұрғын үй-жайлардағы ауа температурасын пайдаланушы реттейтін тұрақты деңгейде автоматты түрде ұстап тұруды қамтамасыз ететін құрылғымен жаратқандырылуы тиіс.

**А\* қосымшасы**  
(міндетті)

**Үй-жайлардың ауданын, құрылыстардың ауданын, қабатын және ғимараттың құрылыс көлемін анықтау ережелері**

А.1 Тұрғын-үй ғимараттар бөлмелерінің ауданын олардың еден деңгейінде (ернеуліктерді есептемегенде) қабырғалар мен арақабырғалардың өңделген беттері арасында өлшенетін өлшемдері бойынша анықтау керек.

А.2 Ашық бөлмелер ауданын (балкон, лоджия, терасса, эркер) қоршау алатын алаңды есептеусіз ашық жайдың ішкі пішіні (ғимарат қабырғасы мен қоршаудың арасындағы) бойынша өлшенетін олардың көлемі бойынша анықтау керек.

А.3 Тұрғын-үй ғимаратының құрамында орналасатын қоғамдық мақсаттағы бөлмелердің ауданы қоғамдық ғимараттарды жобалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес есептеледі.

А.4 Тұрғын-үй ғимаратының құрылыс ауданы жертөле қабаты деңгейіндегі ғимараттың сыртқы қоршауы бойынша көлденең қима ауданы ретінде анықталады, соның ішінде шықпалы бөліктерді қамтиды. Негіздерде орналасқан ғимарат астындағы аудан, сонымен қатар оның астындағы жүру жолдары құрылыс ауданына қосылады.

А.5\* Ғимараттар қабаттылығын анықтау кезінде жер үсті қабаттарға барлық жерүсті қабаттары, оның ішінде мансардтық, сондай-ақ жертөле қабатының жабыны жердің орташа жоспарлық белгісінен кемінде 2 м жоғары орналастырылса жертөле қабатына жатқызылады. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 02.09.2019 ж. №129-НҚ бұйрық).**

Ғимараттың әртүрлі бөліктерінде қабаттылықтың әртүрлі саны кезінде, сондай-ақ ғимаратты жер телімінде еңіске қарай орналастырған кезде және еңіс есебінен қабаттар саны артқанда, қабаттылық ғимараттың әрбір бөлігі үшін жеке анықталады.

Жоғарғы тұрғын қабат үстінде орналасатын техникалық қабат ғимараттың қабаттылығын анықтау кезінде ескерілмейді.

А.6 Тұрғын-үй ғимаратының құрылыс көлемі  $\pm 0,000$  белгіден жоғары (жер үсті бөлік) және осы белгіден төмен (жер асты бөлік) құрылыс көлемінің жиынтығы ретінде анықталады.

Ғимараттың жер үсті және жер асты құрылыс көлемдері сыртқы беттерді шектейтін шектерде анықталады, оған қоршау конструкциялары, жарық шамдары және басқа құрылыстар енеді, ол шығып тұратын сәулет бұйымдарын және конструктивтік элементтерді, бастырмаларды, діңмандайшаларды, терассаларды, балкондарды, жүрі жолдарының көлемдерін және ғимарат астындағы негіздердегі (таза) кеңістікті, жерасты арналарды есептемегенде ғимараттың әр бөлігінің таза еден белгісінен басталады.

А.7 Тұрғын-үй ғимаратының ауданын барлық тұрғын және адам тұрмайтын бөлмелердің аудандарының, сонымен қатар тұрғын-үй ғимаратының ортақ мүлік болып табылатын алаңдарының жиынтығы ретінде анықтау керек.

Тұрғын-үй ғимаратының ауданын есептеу кезінде пайдаланылатын жабын террас алаңына теңестіріледі.

А.8 Пәтер жалпы ауданы барлық бөлмелердің аудандарының, сонымен қатар лоджиялар, балкондар, дәліздер, терассалар, салқын қоймалардың аудандарының жиынтығы ретінде анықталады, осы есептеулерде келесі төмендету коэффициенттері

пайдаланылады: балкондар және террасалар үшін - 0,3, лоджиялар үшін - 0,5, шынымен қапталған балкондар үшін - 0,8; дәліздер, шынымен қапталған лоджиялар және салқын қоймалар үшін – 0,4. Тұрғын бөлмелерге мыналар жатады: жатын бөлмелер, қонақжайлар, балалар бөлмелері, үй бөлмесі, кітапхана, асхана, ойын бөлмелері және т. б. Қосалқы пайдалану бөлмелеріне мыналар жатады: ас үй, ас үй-текшесі немесе ас үй-асханадағы ас үй аймағы, дәліздер, кіреберіс аймағы, холл, санитарлық-гигиеналық бөлмелер (жуынатын бөлме, душ, дәретхана, біріктірілген санитарлық бөлім, сауна), кір жуу бөлмелері, гардеробтар, жылу генераторына арналған жай және т. б.

Тұрғын бөлмеде пәтерішілік басқыштар орналасқан кезде басқыштар астындағы аудан еденнен шығып тұрған конструкциялаға дейінгі 1,6 м және одан жоғары биіктік деңгейіндегі аймақ бөлме ауданына және тиісінше тұрғын ауданға қосылады.

Ғимараттың жылыту жүйесіне кіретін және сәндік масқатта пайдаланылмайтын пешке және (немесе) алауошаққа тиесілі аудан пәтер бөлмесінің ауданына кірмейді.

Мансардтық қабатта орналасқан пәтер бөлмесінің ауданын анықтау кезінде келесі жолмен есептеу қолайлы; көкжиекке  $45^\circ$  дейінгі көлбеулік бұрышы кезінде – төбе биіктігі 1,6 м бастап 2,5 м дейін, көкжиекке  $45^\circ$  және одан асатын көлбеулік бұрышы кезінде – төбе биіктігі 1,9 м бастап 2,5 м дейін; бөлмелер ауданы 2,5 м төмен биіктік кезінде 0,7 төмендету коэффициентімен есептеледі. Бұл жағдайда 2,5 м төмен биіктік осы бөлме ауданының 50% аспауы керек.

Көкжиекке  $45^\circ$  және одан асатын көлбеулік бұрышы кезінде биіктігі 1,6 м төмен болатын (немесе көкжиекке  $30^\circ$  бастап  $45^\circ$  дейін көлбеулік бұрышы кезінде биіктігі 1,9 м) бөлме бөліктерінің аудандары ескерілмейді.

**Б қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Жолаушылар лифтілерінің ең төменгі қажетті санын және сипаттамаларын анықтау ережелері**

**Б.1-кестесі – Ғимараттардың қабаттылығына байланысты лифтілер саны**

Ғимарат қабаттылығы	Лифтілер саны	Жүк көтергіштігі, кг	Жылдамдығы, м/с	Ең үлкен қабат алаңы, м <sup>2</sup>
4-5 дейін	1	630 немесе 1000 400	1,0	600
9 дейін	1	630 немесе 1000 400	1,0	600
10-12	2	630 немесе 1000 400	1,0	600
13-17	2-3	630 немесе 1000 400	1,0	450
18-19	3	630 немесе 1000 400	1,6	450
20-25	3	630 немесе 1000 400 немесе 1000 400	1,6	350
20-25	4	630 немесе 1000 630 немесе 1000	1,6	450

**Ескертпелер:**

- 1 Ережелер III –IV класты тұрғын ғимараттарға арналған жолаушылар лифтілерінің ең төменгі қажетті санын және сипаттамаларын анықтау үшін келтірілген.
- 1 және II класты тұрғын ғимараттарды жобалау тапсырмасына сәйкес лифтілермен жабдықталады.
- 2 5 қабатқа дейінгі ғимараттарда лифтілерді пайдалану қажеттілігі жобалау тапсырмасымен анықталады.
- 3 Жүк көтергіштігі 630 кг немесе 1000 кг лифтілерде кабина өлшемдері кемінде 2,1 м × 1,1 м болуы керек.
- 4 Кесте мынадай есеппен құрылған: бір адамға пәтердің жалпы ауданы 18 м<sup>2</sup>, қабат биіктігі 2,8 м, лифтілердің қозғалыс интервалы 81 с - 100 с.
- 5 Пәтерлердің қабат аудандары, қабат биіктіктері және бір тұрғынға тиесілі пәтердің жалпы ауданы кестеде келтірілген мәндерден ауытқыған жағдайда, қабаттылығы 20 қабат және одан көп тұрғын үйлерде жолаушылар лифтілерінің саны, жүк көтергіштігі және жылдамдығы есептеулермен анықталады.
- 6 Жоғарғы қабаттарда көп деңгейлі пәтерлер орналасқан тұрғын ғимараттарда жолаушылар лифтілерін пәтер қабаттарының біреуінде қарастыруға жол беріледі. Бұл жағдайда лифтілер санын есептеуге арналған ғимарат қабаттылығы жоғарғы тоқтау қабаты бойынша анықталады.
- 7 Биіктігі 50 м асатын ғимараттарда жүк көтергіштігі 1000 кг болатын лифті өрт сөндіру бөлімшелерінің тасымалдануын қамтамасыз етуі керек және отқа төзімділік шегі кемінде 2 сағ. болатын шахтада орналасуы керек.

**В\* қосымшасы**  
(міндетті)

**Тұрғын үй ғимаратындағы қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар**

**В.1\*-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**

Мекеме атауы	Өлш. бірл.	Кіріктіріме-жапсарлас		Кіріктіріме		Ескертпе
		төменгі қабаттар		төменгі қабаттар		
		1 <sup>ші</sup>	2 <sup>ші</sup>	1 <sup>ші</sup>	2 <sup>ші</sup>	
1	2	3	4	5	6	7
<b>*Мектепке дейінгі мекемелер (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық)</b>						
Мектеп дейінгі білім беру мекемелерінің түрлері	Топтар	ҚР ЕЖ 3.02-110 талаптарына сәйкес				Автотұрақтар болған кезде, бөлмелер автотұрақтардан тех. қабатпен бөлінуі керек.
<b>*Жалпы білім беретін ұйымдар (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 01.03.2016 ж. №59-НҚ бұйрық)</b>						
Жалпы білім беру ұйымдары	Сыныптар	ҚР ЕЖ 3.02-111 сәйкес				Автотұрақтар болған кезде, бөлмелер автотұрақтардан техникалық қабатпен бөлінуі керек.
<b>Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері (қоғамдық ғимараттарды жобалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын ескере отырып)</b>						
Емхана, ауысымға келушілер: 50; 100, 200	Жалпы ауданы, м <sup>2</sup>	1000 дейін		1000 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы, қосымша және тұрмыстық бөлмелер, төтенше мед. көмек машиналарына арналған автотұрақ қарастырылмаған

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
						және рентген және сәулелендіру радиациясынсыз.
Отбасылық денсаулық орталығы бар шағын емхана, ауысымға келушілер 100 дейін		500 дейін (жол беріледі)		500 дейін		Сондай
Екі дәрігерге арналған сылап-сипау бөлмесі		180 дейін (жол берді)	-	180 дейін	-	Сондай
Стоматология емханасы, ауысымдағы келушілер ересектер үшін: 150		800 дейін	-	800 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда,
балалар үшін: 50		140 дейін	-	140 дейін	-	қосалқы бөлмелерде,
100; 200		290 дейін	-	290 дейін	-	аппаратураның рентген және сәулелендіру радиациясынсыз
Әйел адамдарға кеңес беру, ауысымға келушілер: 70;100		300 дейін		300 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде
Дәріхана: VIII, VII топ		255 дейін (рұқсат етіледі)		255 дейін		Жертөле қабатында,
VI, V топ		600 дейін		600 дейін		қосалқы бөлмелерде
IV, III, II, I топ		1500 дейін		1500 дейін		
Дәріхана дүңгіршегі		10 (жол беріледі)	-	10 дейін	-	Жерасты және қосымша қабаттарда рұқсат етіледі
Сауықтыру орталығы		600 дейін		600 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
Сүт асханасын тарату орталығы		100 дейін	-	100 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде
Халықты әлеуметтік қорғауды басқару бөлімшесі		600 дейін	-	600 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде
Мүгедектерді медициналық-әлеуметтік қалпына келтіру орталығы		1200 дейін		1200 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде
Әлеуметтік қызметтер мекемесі		100 дейін	-	100 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде, тұрғындарсыз
<b>Азық-түлік тауарларын сату кәсіпорны</b> (ҚР ЕЖ 3.02-122 талаптарына сәйкес және 23 сағатқа дейін жұмыс істеу режимі кезінде)						
Өмбебап сұрыпталымды дүкендер:	сомалық сауда алаңы, м <sup>2</sup>	1300 дейін		1000 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде, жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшауламасы қарастырылған
Өмбебап дүкен, Гастроном		1000 дейін		650 дейін		
Ем-дәмдік өнімдер						Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде, жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшауламасы қарастырылған
Кең сұрыпталымдағы мамандандырылған дүкендер:						
Нан, кондитерлік өнімдер		200 дейін	-	200 дейін		
Аспазхана дүкендері (тәулігіне жартылай фабрикаттардың және аспаздық өнімдердің 30 кг дейін)		150 дейін	-	-		
Ет (етті шабусыз)		200 дейін	-	200 дейін		

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
Көкөністер, жемістер		250 дейін	-	250 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде, жабынның күшейтілген дыбыс окшаулау және гидроокшауламасы қарастырылған
<b>Азық-түлік емес тауарларды сату кәсіпорны (ҚР ЕЖ 3.02-122 талаптарын ескере отырып)</b>						
Кең сұрыпталымдағы мамандандырылған дүкендер: «Жас жұбайларға арналған тауарлар», «Ер адамдарға арналған тауарлар», «Әйел адамдарға арналған тауарлар»,	жиынтық сауда алаңы, м <sup>2</sup>	1300 дейін		1000 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде, жабынның күшейтілген дыбыс
«Жастарға арналған тауарлар», «Спорт және туризм» және т. б.						окшаулау және гидроокшауламасы қарастырылған
«Галантерея-парфюмерия», «Радио-аудио-видео-фототауарлар», «Оргтехника»		400 дейін		-		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелерде, жабынның күшейтілген дыбыс окшаулау және гидроокшауламасы қарастырылған
«Сағаттар», «Зергерлік бұйымдар»				250 дейін		
Тар және шектелген сұрыпталымдағы мамандандырылған дүкендер: «Кітаптар», «Гүлдер», «Табиғат», «Тұқымдар», «Аңшылық»		250 дейін		150 дейін		
Интернет дүкені (қойма бөлмелері жоқ)		100 дейін		100 дейін		
<b>Қоғамдық тамақтану объектілері (қоғамдық ғимараттарды жобалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар және ҚР ЕЖ 3.02-121 талаптарын ескеріп)</b>						

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
Мейрамхана, бар	орын. жалпы	50 дейін 250 дейін			-	Жертөле және жерасты қабаттарда,
Кафе, асхана, дәмхана	ауданы, м <sup>2</sup>	50 дейін 250 дейін			-	қосалқы бөлмелерде, жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшауламасы қарастырылған, 23 сағатқа дейін әрекет ету режимі кезінде
<b>Қоғамдық тамақтану объектілері</b> (қоғамдық ғимараттарды жобалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар және ҚР ЕЖ 3.02-121 талаптарын ескере отырып)						
Киімді, бас киімдерді және тоқыма өнімдерін тігу және жөндеу бойынша ателье	жалпы ауданы, м <sup>2</sup>	500 дейін	500 дейін		-	Жертөле және жерасты қабаттарда. жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулама қарастырылған
Аяқ киім жөндейтін шеберханалар (жедел, ұсақ, орта)		100 дейін	-	100 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда. жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулама қарастырылған
Тұрмыстық машиналарды және құралдарды жөндейтін шеберханалар	жалпы ауданы, м <sup>2</sup>	100 дейін	-	100 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда. Аражабындардың дыбыс оқшаулауы және гидрооқшаулауы
Сағаттарды және зергерлік бұйымдарды жөндейтін шеберханалар		100 дейін	-	100 дейін	-	
Шаштараз		250 дейін	-	250 дейін	-	
Сән салоны (саунасыз)		500 дейін		500 дейін		
Өз-өзіне қызмет көрсететін кір жуатын орны (ауысымда 75 кг дейін)		150 дейін		150 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда. Жабынның дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулама
Фотосурет		150 дейін		150 дейін		
Кір жуатын, химиялық газарту орындарының қабылдау нүктелері		100 дейін		100 дейін		
Делдалдық қызметтер бюросы		200 дейін		200 дейін		
Жалға алу ательесі		300 дейін	-	300 д-н	-	

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
<b>Демалу мақсатындағы мекемелер (ҚР ЕЖ 3.02-120 талаптарын ескере отырып)</b>						
Қызығушылықтар бойынша клубтар (жастар, отбасы, балалар, жасөспірімдер, Интернет-клубтар және т. б.)	<u>Келуш.</u> м <sup>2</sup>	<u>200 бастап</u> 550 дейін		<u>200 бастап</u> 550 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, балаларға және жасөспірімдерге арналған бөлмелерсіз, 23сағ. дейін әрекет ету режимі кезінде. Дыбыс, гидроокшаулау
Сондай, әмбебап қонақжайы бар	м <sup>2</sup>	<u>250 бастап</u> 850 дейін		<u>250 бастап</u> 850 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, балаларға және жасөспірімдерге арналған бөлмелерсіз. Дыбыс, гидроокшаулау
Тұрғындардың жиналысы және ісмерлік сабақтарға арналған бөлмелер	м <sup>2</sup>	180 дейін		180 дейін		Сондай
Ересектердің және балалардың үйірмелік сабақтарына арналған бөлмелер		180 дейін		180 дейін		Жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау
Балаларға арналған ойын бөлмесі	м <sup>2</sup>	50 дейін	-	50 дейін	-	Жертөле және жер асты қабаттарда, балаларға және жасөспірімдерге арналған бөлмелерсіз , 23 сағатқа дейін әрекет ету режимі кезінде. Дыбыс, гидроокшаулау
Компьютерлік ойындар залы	м <sup>2</sup>	150 дейін		-		Жер асты қабатта, 23 сағатқа дейін әрекет ету режимі

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
						кезінде. Дыбыс окшаулау және гидроокшаулау
Көрме залы, көркемөнер галереясы	м <sup>2</sup>	30 дейін		-		Жертөле және жерасты қабаттарда. Дыбыс окшаулау және гидроокшаулау
Шығармашылық шеберханасы; сәулет өнері	м <sup>2</sup>	30 дейін		30 дейін		Жертөле, жерасты және жоғарғы қабаттарда. Дыбыс, гидроокшаулау
Мүсінші (гипспен жұмыс істеусіз)		80 дейін	-	-		Жертөле және жерасты қабаттарда. Дыбыс окшаулау және гидроокшаулау
Қалпына келтіру мекемесі		80 дейін		80 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда. Дыбыс окшаулау және гидроокшаулау
Халықтық кәсіп шеберханалары		80 дейін		80 дейін		
Мұражай	Пәтер	Кез келген қабатта				Дыбыс окшаулау және гидроокшаулау
Кітапхана, мың бірл. сақтау: - орталық 160,220		2000 дейін		2000 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда.
- филиал-50; 80; 120		1200 дейін		1200 дейін		Дыбыс окшаулау және гидроокшаулау
Залдар, оның ішінде ммүгедектігі бар адамдар үшін мамандандырлығын: - жалпы физикалық дайындық (ЖФД) - спорттық (ойын элементтері бар)	м <sup>2</sup>	500 дейін	-	500 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда. Құрылымдық шуларды басуға бағытталған жабынның күшейтілген дыбыс окшаулау және гидроокшаулау. Жобалау тапсырмасы бойынша анықталатын

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
						қосалқы және қосымша бөлмелердің аудандары ескерілмейді. Биіктігі 7 м
Аэробика, би билеу, ырғақты гимнастика залдары		200 дейін		200 дейін		Жертөле және жер асты қабаттарда. Құрылымдық шуларды басуға бағытталған жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулау. Жобалау тапсырмасы бойынша анықталатын қосалқы және қосымша бөлмелердің аудандары ескерілмейді. Биіктігі 5 м
Залдар: - емдік-дене шынықтыру кешені (ЕДК)		300 дейін		300 дейін	-	Жертөле және жер асты қабаттарда. Құрылымдық шуларды басуға бағытталған жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулау. Жобалау тапсырмасы бойынша анықталатын қосалқы және қосымша бөлмелердің аудандары ескерілмейді. Биіктігі 4 м.
- күрес	м <sup>2</sup>	200 дейін	-	200 дейін	-	Жертөле және жер асты қабаттарда. Құрылымдық шуларды басуға бағытталған жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулау. Жобалау тапсырмасы бойынша анықталатын қосалқы және қосымша бөлмелердің аудандары ескерілмейді. Биіктігі 4 м.

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
- күштік дайындық (бірлік қондырғы үшін кемінде 4,5 м <sup>2</sup> есебінен)		20 дейін	-	20 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда. Құрылымдық шуларды басуға бағытталған жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулау. Жобалау тапсырмасы бойынша анықталатын қосалқы және қосымша бөлмелердің аудандары ескерілмейді. Биіктігі 3-4 м.
- жалпы дамытатын жаттығу құрылғыларымен жүргізілетін сабақтар үшін (бірлік қондырғы үшін кемінде 4,5 м <sup>2</sup> есебінен)	м <sup>2</sup>	100 дейін	-	100 дейін	-	Жертөле және жерасты қабаттарда. Құрылымдық шуларды басуға бағытталған жабынның күшейтілген дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулау. Жобалау тапсырмасы бойынша анықталатын қосалқы және қосымша бөлмелердің аудандары ескерілмейді. Биіктігі 4 м.

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
1 - 2 бильярд үстелі		50 дейін	-	-		Жертөле және жер асты қабаттарда. Құрылымдық шуларды басуға
- шахмат және дойбы		50 дейін	-	50 дейін		бағытталған аражабынның күшейтілген дыбыс окшаулау және гидро окшаулау. Жобалау тапсырмасы бойынша анықталатын қосалқы және қосымша бөлмелердің аудандары ескерілмейді. Биіктігі 3 м.
<b>Мекемелер және ұйымдар (қоғамдық ғимараттарды жобалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын ескере отырып)</b>						
Басқармалар, кеңселер, өкілдіктер, жұмыс бастылық қызметінің мекемесі, салық инспекциясы, жобалау (техникалық және тәжірибелік базасы жоқ) және қоғамдық ұйымдар, жинақтаушы банктердің (қоймалық құндылықтары жоқ) және коммерциялық банктердің бөлімшелері және филиалдары, есептік-кассалық орталықтар, мемлекеттік сақтандыру және сақтандыру компанияларының басқармалары және инспекциялары	Қызм. саны	100 дейін (жобалау тапсырмасы бойынша)	100 дейін (жобалау тапсырмасы бойынша)			Жертөле және жерасты қабаттарда, келушілердің ағыны шектелген қосалқы бөлмелер, жұмыстың қорғау режимі ескеріледі

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
соттар	залдар саны	3 дейін	-	3 дейін	-	Қылмыстық істерді қарастыруға арналған залдардан басқа, келушілердің ағыны шектелген
Заңдық кеңес берулер, нотариалды және қорғаушы кеңселері	Қызм. саны	100 дейін		100 дейін		
Ғылыми-техникалық ақпараттық орталықтар, ғылыми-техникалық кітапханалар, баспалар, редакциялар, жарнамалық және ақпараттық агенттіктер, коммерциялық қызметтің басқа түрлеріне арналған кеңсе бөлмелері, бизнес - орталықтар, кәсіпкерлік қызметке оқытуға арналған бөлмелер	Қызм. саны	100 дейін (жобалау тапсырмасы бойынша)		100 дейін (жобалау тапсырмасы бойынша)		Жертөле, жер асты және жоғарғы қабаттарда, 5 қызметкер, келушілердің ағыны шектелген, типографиясыз
АХАЖ	м <sup>2</sup>	600 дейін		600 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелер
Байланыс бөлімшесі	м <sup>2</sup>	700 дейін		700 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда, қосалқы бөлмелер
Учаскелік полиция пункті (Толықтырылды ҚТҮКШК 29.10.2019 ж. №173-НҚ бұйрық).	Қызметкерлер саны	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығының талаптарына сәйкес				Бірінші қабатта (аумақтық ішкі істер бөлімінің келісімі бойынша). Дыбыс оқшаулау талаптарын сақтау
<b>Балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс білім алуы</b>						
Мектеп бағдарламасының пәндерін және арнайы пәндерді тереңдетіп оқыту бойынша курстар, топтар, студиялар	<u>Орындар саны,</u> м <sup>2</sup>	<u>20 дейін</u> 100 дейін		<u>20 дейін</u> 100 дейін		23 сағатқа дейін әрекет ету режимі кезінде. Музыкалық және би билеу бағытынан басқа. Дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулау

**В.1-кестесі - Қоғамдық мақсаттағы мекемелер және кәсіпорындар номенклатурасы**  
(жалғасы)

1	2	3	4	5	6	7
<b>Оқыту мекемелері мен курстары</b>						
Репетиторлық, шетелдік тіл курстары, компьютерлік курстар	<u>Орындар саны,</u> м <sup>2</sup>	<u>20 дейін</u> 100 дейін		<u>20 дейін</u> 100 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда. 23 сағатқа дейін әрекет ету тәртібі кезінде. Дыбыс оқшаулау және гидрооқшаулау
Біліктілікті арттыру, кәсіптік қайта дайындау және ЖОО-на түсуге дайындау курстары, топтары		<u>20 дейін</u> 100 дейін		<u>20 дейін</u> 100 дейін		Жертөле және жерасты қабаттарда

**Г\* қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Тұрғын үй ғимараттары үй-жайларындағы ауа қозғалысының ылғалдылығы мен жылдамдығының есептемелік параметрлері**

**\*Г.1-кестесі – Тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларында ауаның есептік параметрлері мен ауа алмасу жиілігі**  
(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 20.02.2018 ж. №37-НҚ және 01.08.2018 ж. №171-НҚ бұйрық)

№ р/с	Үй-жай	Жылдың салқын мезгіліндегі ауаның есептік температурасы, °С кем емес	Ауа алмасу жиілігі немесе үй-жайдан шығарылатын ауаның көлемі	
			Ауаның кіруі	Ауаның шығуы
1	Пәтерлердің немесе жатақханалардың тұрғын бөлмесі <i>(1-жол өзгертілді. – ҚТҮКШК 01.04.2019 ж. №46-НҚ бұйрық)</i>	20	-	Тұрғын үй- жайлардың 1 шаршы метріне (бұдан әрі - м <sup>2</sup> ) сағатына 3 текше метр (бұдан әрі - м <sup>3</sup> /сағ.)
2	Пәтер және жатақхананың асханасы, куб тәрізді электр плиталары бар	18	-	Кемінде 60 м <sup>3</sup> /сағ.
	газ плиталары бар <i>(2-жол өзгертілді. – ҚТҮКШК 01.04.2019 ж. №46-НҚ бұйрық)</i>			2-конфорлы плиталар кезінде 60 м <sup>3</sup> /сағ., 3-конфорлы плиталар кезінде 75 м <sup>3</sup> /сағ. кем емес 90 м <sup>3</sup> /сағ. 4-конфорлы плитада
3	Қуыс ас үй	18	Есеп бойынша механикалық сорғылы	
4	Пәтердегі киім мен аяқ киімге арналған кептіру шкафы	-	-	30 м <sup>3</sup> /сағ
5	Жуынатын бөлме	25	-	25
6	Жеке дәретхана	18	-	25
7	Дәретхана мен жуынатын бөлме біріктірілген үй-жай	25	-	50
8	Гардероб бөлмесі	18	есік төсемесінде желдеткіш торы бар	
9	Жатақханадағы киім кептіретін және үтіктейтін, жуынатын бөлме	18	-	1,5 есе

**\*Г.1-кестесі – Тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларында ауаның есептік параметрлері мен ауа алмасу жиілігі (жалғасы)**

№ р/с	Үй-жай	Жылдың салқын мезгіліндегі ауаның есептік температурасы, °С	Ауа алмасу жиілігі немесе үй-жайдан шығарылатын ауаның көлемі	
			Ауаның кіруі	Ауаның шығуы
10	Пәтерлі тұрғын үй ғимаратындағы немесе жатақханадағы баспалдақтың торлары, вестибюль, ортақ дәліз, алдыңғы бөлігі	18	-	-
11	Кір жуатын орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 4	7
12	Жатақханалардағы киім үтіктейтін және кептіретін орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 3	3
13	Жатақханалардағы жеке заттарды, спорттық құрал-жабдықтарды сақтайтын және шаруашылық, киім-кешек сақтайтын үй-жай	12	-	0,5
14	Лифтілердегі машина үй-жайы	5	-	Есеп бойынша, бірақ кемінде 0,5
15	Қоқыс жинағыш камера	5	-	1 (қоқыс салғыш дiңгегi арқылы)
16	Сауна	16	-	5 есе мөлшерде
17	Жаттығу залы	16	3 есе мөлшерде	3 есе мөлшерде
18	Бильярд бөлмесі	18	-	0,5 есе мөлшерде
19	Кітапхана, кабинет	20	-	0,5 есе мөлшерде
20	Гараждар мен автокөліктерге арналған тұрақ	5	-	Есеп бойынша
21	Бассейн: ересек адамдарға балаларға	25 31	Есеп бойынша механикалық ағынды-сорғылы	
<p>Ескертпелер                      1 Пәтерлердің және жатақханалардың бұрыштық үй-жайларында ауаның есептік температурасы көрсетілген кестеден 2°С жоғары қабылдануы тиіс.                      2 Жылы мезгілде лифтілердің машина үй-жайының ауа температурасы 40 °С аспауы тиіс.</p>				

**Г.2-кестесі – Ылғалдықтың есептік параметрлері және тұрғын-үй ғимараттарының бөлмелеріндегі ауа қозғалысының жылдамдықтары**

№ р/с	Жыл мезгілі	Үй-жайлар атауы	Салыстырмалы ылғалдылық %		Ауаның қозғалыс жылдамдығы, секундына метр	
			Қолайлы	Рұқсат етілген артық емес	Қолайлы артық емес	Рұқсат етілген артық емес
1	Суық	Тұрғын бөлме	45-30	60	0,15	0,2
		Дем алуға және оқу ғимараттарына арналған үй жайлар	45-30	60	0,15	0,2
		Пәтераралық дәліз	45-30	60	0,15	0,2
		Дәретхана			0,15	0,2
		Жуыну бөлмесі			0,15	0,2
2	Жылы	Тұрғын бөлме	60-30	65	0,2	0,3

**Г.3-кестесі – Қоршау конструкцияларының нормаланатын ауа өткізгіштігі**

Қоршау конструкциялары	Ауа өткізгіштігі $G_n$ , кг/(м <sup>2</sup> ·сағ), аспайды
1 Сыртқы қабырғалар, арақабырғалар және аражабындар	0,5
2 Сыртқы қабырғалар панельдері арасындағы жіктер	0,5
3 Пәтерлердің кіру есіктері	1,5
4 Ғимараттардың кіру есіктері	7,0
5 Ағаш қаптамадағы терезелер және балкон есіктері	6,0
6 Пластмасса немесе алюминий қаптамалардағы терезелер және балкон есіктері	5,0

Г.1 Элементтер бойынша талаптар.

Қоршау конструкцияларының жылу берілісіне келтірілген кедергінің ең төменгі рұқсат етілген мәндері ( $R_o^{mp}$ ) құрылыс аймағының жылыту кезеңінің градус-тәуліктеріне (ЖКГТ) байланысты қабылданады және Г.3-кестесі бойынша анықталады.

Г.2 Кешенді талаптар.

Ғимараттың меншікті жылудан қорғау сипаттамасы Г.4-кестесі бойынша анықталатын, ең жоғарғы рұқсат етілетін мәннен аспауы керек. Ғимараттың меншікті жылудан қорғау сипаттамасы,  $k_{об}$ , төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$k_{об} = \frac{1}{V_{от}} \sum_i \left( n_{ti} \frac{A_{ф,i}}{R_{о,i}} \right) \quad (Г.1)$$

мұнда  $R_{о,i}^{np}$  - ғимараттың жылулық қорғау қаптамасының  $i$ -ші фрагментінің жылу берілісіне келтірілген кедергі,  $m^2 \cdot ^\circ C / Wt$ ;

$A_{ф,i}$  – ғимараттың жылулық қорғау қаптамасының сәйкес фрагментінің ауданы,  $m^2$ ;

$V_{от}$  – ғимараттың жылытылатын көлемі,  $m^3$ .

Сипаттамалары (B1) формуласында пайдаланылатын фрагментінің жиынтығы ғимараттың жылытылатын бөлімінің қаптамасын толық тұйықтауы керек.

### Г.3 Санитарлық – гигиеналық талаптар.

Жылу өткізгіш қосылыстар аймағындағы, бұрыштардағы және терезе еңістеріндегі қоршау конструкцияларының ішкі беттерінің температурасы (вертикальды жарық өткізгіш конструкциялардан басқа) жылдың салқын кезеңіндегі сыртқы ауаның есептік температурасы кезіндегі ішкі ауа шығының нүктесінен төмен болмауы керек.

Вертикальды жарық өткізгіш конструкциялардың ішкі беттерінің температурасы плюс  $3^\circ C$  төмен болмауы керек.

### Г.4-кестесі – Қоршау конструкцияларының жылу беру тойтармасының нормаланатын мәндері

Ғимараттар және бөлмелер, $a$ және $b$ коэффициенттері	Жылыту кезеңінің градус-тәуліктері ЖКГТ, $^\circ C \cdot t_{аул} / жыл$	Қоршау конструкцияларының жылу берілісіне келетін кедергілердің нормаланған мәндері $R_o^{np}$ , $m^2 \cdot ^\circ C / Wt$			
		Қабырғалар	Өтпе жолдар үстіндегі аражабын-дар және арақабырғалар	Жылытылмайтын қоймалардың және жертөлелердің үстіндегі шатыр жабындары	Терезелер және балкон есіктері, витриналар және витраждар
1	2	3	4	5	6
Тұрғын үйлер, пәтер типті жатақханалар	2000	2,1	3,2	2,8	0,3
	4000	2,8	4,2	3,7	0,45
	6000	3,5	5,2	4,6	0,6
	8000	4,2	6,2	5,5	0,7
	10000	4,9	7,2	6,4	0,75
	12000	5,6	8,2	7,3	0,8
A	-	0,00035	0,0005	0,00045	-
B	-	1,4	2,2	1,9	-

#### Г.4-кестесі – Қоршау конструкцияларының жылу беру тойғармасының нормаланатын мәндері (жалғасы)

<p>Ескертпелер</p> <p>1 Кестедегі мәндерден ауытқитын, ЖКГТ шамасына арналған <math>R_{o}^{mp}</math> мәндерін келесі формула бойынша анықтау керек</p> $R_{o}^{TP} = a \cdot ЖКГТ + b$ <p>мұнда <math>ЖКГТ</math> — жылыту кезеңінің градус-тәуліктері, °С·тәул/жыл, нақты тармақ үшін; <math>a, b</math> — коэффициенттер, олардың мәндерін кесте мәліметтері бойынша қабылдау керек, 6 бағана ескерілмейді, мұнда 6000 °С·тәул/жыл интервалы үшін : <math>a = 0,000075, b = 0,15</math>; 6000-8000 °С· тәул/жыл интервалы үшін: <math>a = 0,00005, b = 0,3</math>; 8000 °С· тәул/жыл және одан асатын интервал үшін: <math>a = 0,000025; b = 0,5</math>.</p> <p>2 Балкон есіктерінің саңылаусыз бөлігінің жылу берілісіне келтірілген нормаланған кедергісі осы конструкциялардың жарық өткізгіш бөлігінің жылу берілісіне келтірілген нормаланған кедергісінен кем дегенде 1,5 есе жоғары болуы керек.</p> <p>3 10 бөлімге сәйкес ғимаратты жылытуға жылулық қуаттың меншік жұмсалыуына қойылатын талаптарды орындау кезінде осы кесте бойынша нормаланатын мәндермен салыстырғанда ғимараттың жеке қоршау конструкцияларының <math>R_{o}^{mp}</math> жылу беріліске кедергісін азайтуға рұқсат етіледі, бірақ ол ең төменгі шамадан төмен болмауы керек: қабырғалар үшін <math>R_{o,min}^{mp} = R_{o}^{mp} \cdot 0,63</math>, терезе және басқа саңылаулардың толтырулары үшін, 6,7 бағаналарда көрсетілген мәннен 5 %-ға төмен жылу берілісіне келтірілген кедергісі бар терезелерді және балкон есіктерін пайдалану, қалған қоршау конструкциялары үшін <math>R_{o,min}^{mp} = R_{o}^{mp} \cdot 0,80</math>.</p>
---

#### Г.5-кестесі – Ғимараттың жылу қорғау қаптамасының жылу берілісінің үлестік коэффициентінің ең жоғарғы жол берілетін мәндері

Ғимараттың жылытылатын көлемі, $V_{om}, м^3$	Мән $k_{об}^{mp}, Вт/(м^3 \cdot °С)$ , ЖКГТ мәндері кезінде, °С тәул/жыл				
	1000	3000	6000	9000	12000
300	0,995	0,736	0,53	0,414	0,339
750	0,733	0,543	0,39	0,305	0,25
1920	0,536	0,397	0,285	0,223	0,183
4800	0,403	0,298	0,215	0,168	0,138
12000	0,315	0,233	0,168	0,131	0,107
30000	0,269	0,191	0,138	0,108	0,088
75000	0,269	0,165	0,119	0,093	0,078
185000	0,269	0,155	0,11	0,09	0,078

## Г.5-кестесі – Ғимараттың жылу қорғау қаптамасының жылу берілісінің үлестік коэффициентінің ең жоғарғы жол берілетін мәндері (жалғасы)

Ескертпелер

1 Ғимарат көлемінің және ЖКГТ аралық шамалары үшін, сонымен қатар ғимараттың 185000 м<sup>3</sup> асатын жылытылатын көлемнің шамалары үшін  $k_{об}^{mp}$  мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k_{об}^{mp} = \begin{cases} \frac{4,93 \cdot V_{om}^{-\frac{1}{3}}}{0,00013 \cdot ЖКГТ + 0,61} & V_{om} \leq 2700 \\ \frac{1,2 \cdot \left( 0,1 + 10,3 \cdot V_{om}^{-\frac{1}{2}} \right)}{0,00013 \cdot ЖКГТ + 0,61} & V_{om} > 2700 \end{cases}$$

2 (I) бойынша есептелген  $k_{об}^{mp}$  шамасымен (II) формуласы бойынша есептелген шамалардан төмен мән алынса: мындай мәнді қабылдау керек:

$$k_{об}^{mp} = \frac{8,5}{\sqrt{ЖКГТ}}$$

Қоршау конструкцияларының ішкі бетінің температурасы жылутехникалық біркелкі емес барлық аймақтардың температуралық жолдарын есептеу нәтижелері бойынша немесе климаттық камерадағы аккредитивті зертхана сынақтарының нәтижелері бойынша тексеріледі.

Жылдың салқын кезеңінде сыртқы ауаның есептік температурасын қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қабылдау керек:

- қоршау конструкциялары үшін (жарық өткізгіш конструкциялардан басқа) - 0,92 қамсыздандырумен ең салқын бес күннің орташа температурасы;
- жарық өткізгіш конструкциялар үшін - 0,92 қамсыздандырумен ең салқын тәуліктің орташа температурасы.

Шық нүктесін анықтауға арналған ішкі ауаның салыстырмалы ылғалдығын келесі мәндер бойынша қабылдау керек:

- тұрғын-үй ғимараттарының бөлмелері үшін - 55 %,
- асүйлер үшін - 60 %,
- жуынатын бөлмелері үшін - 65 %,
- коммуникациялары бар жылы жертөлелер және қоймалар үшін - 75 %;
- тұрғын-үй ғимараттарының жылы шатырлары үшін - 55 %.

### Г.4 Энергетикалық талаптар

Тұрғын-үй ғимаратының энергетикалық тиімділігі жобалық құжаттаманы дайындау кезеңінде жылулық энергетикалық тиімділік көрсеткішімен сипатталады, ол жылыту кезеңіндегі ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылулық қуаттың меншікті шығынына (пәтер еденінің жылытылатын ауданының 1 м<sup>2</sup> үшін),  $q_{от}$ ,

$\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^2\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})$  немесе  $[\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^3\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})]$  теңестіріледі. Бұл көрсеткіш  $q_{от}$ ,  $\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^2\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})$  немесе  $[\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^3\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})]$  нормаланған мәнінен төмен немесе оған тең болуы керек және ғимараттың қоршау құрастырылымдарының жылулық қорғау қасиеттерін, көлемдік-жоспарлау шешімдерін, ғимарат бағдарын және пайдаланылатын жылыту жүйесінің түрін, тиімділігін және реттеу әдісін таңдау арқылы, сонымен қатар келесі шартты қанағаттандыратын басқа қуат үнемдейтін шешімдерді пайдалану арқылы анықталады:

$$q_{от}^{mp} \geq q_{от} \text{ ,} \quad (\text{Г.2})$$

мұнда  $q_{от}^{mp}$  - жылыту кезеңіндегі ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылулық қуаттың меншікті шығыны,  $\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^2\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})$  немесе  $[\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^3\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})]$ , тұрғын-үй ғимараттары үшін Г.6-кестесі бойынша анықталады.

**Г.6-кестесі – Жылыту кезеңіндегі ғимараттардың жылулық энергетикалық тиімділігінің нормаланған (базалық) меншікті көрсеткіші  $q_{от}^{mp}$ ,  $\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^2\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})$  немесе  $[\text{Вт}\cdot\text{сағ}/(\text{м}^3\cdot^{\circ}\text{С}\cdot\text{тәул})]$**

Ғимарат түрі	Ғимарат қабаттылығы				
	4, 5	6, 7	8, 9	10, 11	12–25
Тұрғын үйлер, пәтер типті жатақханалар	23	22	21	20	19

**БЕЛГІ УШІН**

---

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан/Жербаева З. А.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан/Жарыбаева З. А.

---

**ӘОЖ 728**

**МСЖ 93.040.10**

**Түйінді сөздер:** пәтерлер, бөлмелер, алаңдар, телімдер, аумақтар, вестибюль, үй-жайлар, өрт қауіпсіздігі, тұрмыстық қызмет көрсету, сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, санитарлық-техникалық қондырғылар, шкафтар, электрмен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру желілері, автотұрақ аймағы, әлсіз жүйелер

---

## СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	V
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ .....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ .....	2
4 ПРИЕМЛЕМЫЕ РЕШЕНИЯ.....	4
4.1 Общие положения .....	4
4.2 Пожарная безопасность.....	9
4.3 Планирование участка.....	15
4.4 Объемно-планировочные решения .....	16
4.4.1 Структура основных типов многоквартирных жилых зданий .....	16
4.4.2 Входная группа помещений .....	18
4.4.3 Коммуникационные пространства .....	20
4.4.4 Пространство в квартире .....	24
4.4.5 Помещения вспомогательного использования зданий и квартир .....	28
